



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

Қоғам және Дәуір

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



2/2007

СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

Астана



2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Нұрлан СЕЙДІН

Шығаруға жауапты:
Ү.Нысанбек

Дизайн және беттеу
Г.Хаткулиева, А.Садвакасов

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-Б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (327) 264-34-04
Факс (327) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz.
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007


Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

Алматы қаласы Медеу ауданының
ҚБ ДОИВА баспаханасы
050010, Алматы қаласы,
Уәлиханов көшесі, 115.

Таралымы 500 дана.



ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н.НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Нұрлан Сейдін

Өркенді өзгерістер — жарқын болашақ кепілі 3

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Зухра Бектепова

Орталық Азия аймағындағы ұлттық қауіпсіздіктің
құрылуы 5

ІШКІ САЯСАТ

Гүлшат Нұрымбетова, Бақытгүл Балғазина

Тәуелсіз Қазақстандағы саясат тілі 10

Бақтияр Алдашов

Қазақстанның саяси партиялары парламентаризм
дәуірінің табалдырығында 13

Гүлнар Жақыпова

ҰЕҰ және олардың осы заманғы демократиялық
қоғамдағы орны..... 15

ЭКОНОМИКА

Гүлмира Әзіретбергенова

Оңтүстік Қазақстан облысындағы мақта өндірісіндегі
маркетинг басқару жүйесін жетілдіру 18

ҚОҒАМ. ТАРИХ. МӘДЕНИЕТ

Сәбит Шілдебай

Сәкен Сейфуллин басқарған үшінші қазақ үкіметі21

Сейілбек Мұсатаев

Қазақы халық дәстүріндегі азаматтық қоғамның
көріністері25

Светлана Смағұлова

XX ғасырдың 20-30 жж. Қазақстанда латынға көшу
мәселесі төңірегіндегі айтыс-тартыс және оны жүзеге
асырудағы іс-шаралар28

Нұрболат Жантелиев

Аралық сабақтастық, дәуірлік үстемдіктің негізі
(немесе алғашқы көшпелі Еуразиялық мемлекеті –
Түркі қағанаты жөнінде).....33

М.С. Машанның рухына36

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- | | |
|---------------------|---|
| Болат СҰЛТАНОВ | – редакциялық кеңестің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент |
| Нұрлан СЕЙДИН | – жауапты редактор, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты |
| Нұржамал АЛДАБЕК | – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор |
| Мәулен ӘШІМБАЕВ | – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты |
| Камал БУРХАНОВ | – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі Ш.Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры, саяси ғылымдарының докторы, профессор |
| Ержан ЖАТҚАНБАЕВ | – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономика және бизнес факультетінің деканы, экономика ғылымдарының докторы, профессор |
| Санат КӨШКІМБАЕВ | – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты, доцент |
| Қуанышбек ҚАРАЖАН | – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих факультеті Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор |
| Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ | – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі Философия және саясаттану институтының директоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор |
| Сайпулла САПАНОВ | – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық қатынастар кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты |
| Марат ТӘЖИН | – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі, социология ғылымдарының докторы, профессор |
| Болат ТЛЕПОВ | – Алматы қаласы әкімі аппараты Ішкі саясат департаменті директорының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты |

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- | | |
|---------------------|--|
| Булат СУЛТАНОВ | – председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, кандидат исторических наук, доцент |
| Нурлан СЕЙДИН | – ответственный редактор, ведущий научный сотрудник КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук |
| Нуржамал АЛДАБЕК | – декан факультета востоковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор |
| Маулен АШИМБАЕВ | – заместитель Руководителя Администрации Президента РК, кандидат политических наук |
| Камал БУРХАНОВ | – директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова МОН РК, доктор политических наук, профессор |
| Ержан ЖАТҚАНБАЕВ | – декан факультета экономики и бизнеса Казахского национального университета имени аль-Фараби, доктор экономических наук, профессор |
| Санат КУШКУМБАЕВ | – первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат политических наук, доцент |
| Қуанышбек ҚАРАЖАН | – заведующий кафедрой новой и новейшей истории Казахстана исторического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор |
| Абдумалик НЫСАНБАЕВ | – директор Института философии и политологии МОН РК, академик НАН РК, доктор философских наук, профессор |
| Сайпулла САПАНОВ | – доцент кафедры международных отношений Казахского национального университета имени аль-Фараби, кандидат политических наук |
| Марат ТАЖИН | – министр иностранных дел РК, доктор социологических наук, профессор |
| Болат ТЛЕПОВ | – заместитель директора Департамента внутренней политики аппарата акима города Алматы, кандидат политических наук |

Өркенді өзгерістер — жарқын болашақ кепілі

Нұрлан СЕЙДІН,

ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты

Алдағы он жылда әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру жөніндегі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ауқымды да өршіл стратегиясын қазақстандықтар зор жігермен қарсы алып қана қойған жоқ, ол сонымен бірге келешекке сенімді түрде ілгерілеуімізге жаңа, жоғары серпін беретін әрқайсымыздың жеке өмірлік мақсатымызға айналды. Елдің ойдағыдай дамуы, экономиканың жаңаруы, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы, міне, осы он өзгерістердің Мемлекет басшысының нақ қазіргі уақытта осыншама ұлан-ғайыр міндетті ұсынуына ықпал жасағаны сөзсіз. Біз әлемдегі ең дамыған елу елдің қатарында боламыз, біздің болашағымыз тамаша, деген ұғымдар бүгінгі күннің өзінде қоғамдық санаға сіңіп, берік орнығып отыр. Бұл, сөз жоқ, мемлекеттің де, бүкіл қоғамның да, әрбір қазақстандықтың да орасан зор күш-жігерін талап етеді.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет аталғалы бері біраз іс тындырды. Еліміз тұрақты даму үстінде, экономикамыз қарыштап дамуда. Барша қазақстандықтар ерекше оқиғаларға толы айрықша кезеңде өмір сүруде. Бұл еліміздің жаңғыруы мен демократиялық өзгерістер уақыты. Ел экономикасының алға басып, әлеуметтік өзекті мәселелерді батыл шешу кезеңі. Бұл бейбітшілік пен қауіпсіздікті жақтайтын Қазақстанның халықаралық беделінің нығая түскен дәуірі. Мемлекетіміздің толыққанды демократияға қадам басып, экономикалық және саяси дамудың жаңа кезеңіне көтерілген сындарлы сәті.

Сондықтан енді елді одан әрі дамытуды бүкіл қоғам түсініп, оған жаппай қатысып отырған жағдайда Президент Нұрсұлтан Назарбаев биылғы жылғы 28 ақпандағы өзінің Жолдауында елдің алдына он басты міндет қойып, ішкі және сыртқы саясаттың отыз маңызды бағытын айқындады әрі көзделген мақсатқа қол жеткізудің стратегиялық және тактикалық шараларын ұсынды. Осы отыз бағыт, тұтастай алғанда, елдің дамуына ықпал жасайды және әр облыс, әр сала көз жететін келешекте ойдағыдай алға басып қамтамасыз етуге мүмкіндік алады.

Жолдауды жан-жақты талқылау көрсеткеніндей, Президент белгілеп берген тоғыстар жүйесі елдің тиімді дамуына кепілдік беретін қуатты күш болып отыр. Әлемнің бәсекеге қабілетті елу елінің қатарына қосылу — жай ғана мақсат емес, әрбір қазақстандық бәсекеге қабілетті болуы керек, деп Президент тегін айтпайды. Әрбір азаматтың, әсіресе, жастардың жасампаздық үдерістерге ұмтылуы — біздің табысымыздың негізі.

Президенттің демократиялық өзгерістерді одан әрі дамыту және саяси жүйені жаңарту жөніндегі жаңа бастамалары соған лайықты, әлемнің дамыған елдерінің қауымдастығына қосылуға ұмтылып отырған біздің еліміздің осы заманғы саяси бет-бейнесін қалыптастырады. Парламенттің, саяси партиялардың рөлін көтеру, жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі дамыту қоғамның мемлекетті басқаруға көбірек қатысуын қамтамасыз етеді, азаматтарды қоғамдық-саяси белсенділікке ынталандырады.

Қазақстан Республикасының Парламенті Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі Занды қабылдаған 2007 жылғы 18 мамыр біздің еліміздің тарихына кең ауқымды демократияға қадам басу күні болып енді.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Ата Заңымызға енгізілген айтулы өзгерістер елімізде президенттік

басқару формасының орнына жаңа, яғни президенттік-парламенттік деп атауға болатын жүйенің негізін қалап берді. Осылайша, жас мемлекетіміздің тарихында Қазақстанның мемлекеттік құрылысының өзіндік жаңа биігі деуге болатын кезең басталды. Бұл — еліміздің жүйелі және сындарлы дамуының заңды нәтижесі.

Республикамыздың негізгі заңына қабылданған өзгерістер мен толықтырулардың жекелеген сипатына қарамастан, түбегейлі жаңа Конституцияның дүниеге келгенін толық сеніммен айтуға болады. Оған сәйкес, жалпыға бірдей мойындалған демократиялық қағидаттар Қазақстан халқы үшін ең жоғары құндылықтар деп бекітілді. Сондықтан бұл оқиға дәуірлік сипат алып, шын мәнінде тарихи мәнге ие болды.

Конституцияға өзгерістер енгізудің бастамашысы Президент өзі болғанын атап айтқан жөн, ол Мемлекеттік комиссияны және кейін Жұмыс тобын тікелей басқарды. Елбасы өз еркімен, ешқандай да бір сыртқы немесе ішкі ықпалдың қысымынсыз, билік өкілеттігін Парламент пайдасына бөлісу туралы түбірлі шешім қабылдады. Бұл шешімге ол еліміздің болашағы үшін бел буғаны ақиқат. Олай дейтіміз, аталған реформа Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуіне бағытталғанын толық сеніммен айта аламыз. Жүзеге асқан өзгерістердің ауқымы қоғамның барлық деңгейінде терең талдауды және ұғынуды қажет етеді. Алайда, қазірдің өзінде бұл өзгерістердің Қазақстанның одан әрі эволюциялық дамуына ғана емес, Еуразияның елеулі бөлігіндегі ахуалға қолайлы әсері аңғарыла бастады.

Еліміздің Конституциясы — орнықты даму мәселелерін табысты шешудің жарқын үлгісі. Ол сондай-ақ біздің Президентіміздің аса ауқымды, стратегиялық ойлау қабілетінің айқын дәлелі. Конституциялық реформалардың авторы бола отырып, Нұрсұлтан Назарбаев есімі әлемдік тарих жылнамасына енген әйгілі мемлекеттік қайраткер мәртебесін тағы да қуаттап шықты.

Елбасының ерік-жігері, маңдай тері мен ерен еңбегінің жарқын жемісіндей қазіргі Қазақстан өркеніетті елдер қоғамдастығында лайықты орын алды, батыл реформалар жүргізуге бейім өңірлік көшбасшы атанды. Енді бұған Қазақстан тек қана экономикалық салада алға басушы емес, саяси реформалар бойынша да көшбасшы екенін қосуға әбден болады.

Қазақстан бұрынғы тоталитарлық қыспақтың ызғарлы салдарынан сенімді түрде азат болып, бүгінгі жаһанданудың жаңа нақтылықтарына лайықты бейімделе білген ықпалды ел ретінде дүние жүзіне танылды. Әлем дамуға тән «Қазақстан жолы» туралы айта бастады. Оның негізінде еліміздің ұзақ мерзімді мүдделерін нақты ескерген салмақты прагматизм бар.

Елбасы мәлімдегендей, конституциялық реформа Қазақстанның эволюциялық дамуының кезекті белесті кезеңіне бастайды. Аяғынан тік тұрып, жаһандық және өңірлік дағдарыстар салдарын сеніммен еңсеріп, халықтың өмір сүру деңгейін айтарлықтай көтерген Қазақстан орнықты демократия жолына түсті. Бұл жолдан енді ол таймайды. Оның кепілі — еліміздің Конституциясы.

Депутаттардың үлкен тобының бастамасымен мемлекетіміздің негізін қалаушы және жалпы жұрт мойындаған ұлттық көшбасшы Нұрсұлтан Әбішұлына ел Парламенті айрықша құқық беріп, Конституцияда бекітілген екі мерзімнен тыс пре-

зиденттік сайлауға түсуге мүмкіндік жасады. Бұл бастаманы осындай пәрмені бар біздің Парламент көтергені мәлім. Айта кетерлігі, Мемлекет басшысы ұсынған жобада бұл жайында сөз болған жоқ. Парламент депутаттары Конституцияның осы бабы бойынша қабылдаған шешім сайлаушылардың басым бөлігінің пікірін білдіргеніне сенімдімін. Бұл халқының қамы, ұлтының ұлы мұраттары, мемлекеттің жалпы игілігі жолында жан аянбай тер төккен Тұңғыш Президентке құрмет білдірген Парламенттің дұрыс және әділ шешімі деп айтуға болады. Ал келешекте Президент өкілеттігін 7-ден 5 жылға қысқартуды Елбасының өзі ұсынғаны баршаға белгілі.

Конституцияда көптен бері қызу талқылаулардың тақырыбына айналған жергілікті өзін-өзі басқару тақырыбы нақты бекітілді. Еліміздің тарихында алғаш рет Президент облыс әкімдерін мәслихаттардың келісімі бойынша тағайындайтын болады. Бұған қоса, жергілікті өкілетті органдардың аймақтық басшыларды қарапайым көпшілік дауыспен орнынан алуға бастама көтеруге қақысы бар.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамытуға қол жеткізудің айрықша маңызы бар. Жергілікті өзін-өзі басқару – тұрғындардың өздері тікелей немесе олар құрған органдар арқылы жергілікті маңыздағы мәселелерді дербес шешуі деген сөз. Соңғы жылдары осы мәселе төңірегінде көп пікірталастар болды, Парламент жергілікті өзін-өзі басқару туралы заң жобаларының алуан нұсқаларын қарастырды. Соның нәтижесінде енді мәслихаттар жергілікті міндеттерді шешу үшін тұрғындар сайлайтын өкілетті органдар ретінде еліміздегі жергілікті өзін-өзі басқарудың негізі болады, ал ауыл әкімдері мемлекеттік істерді атқарумен бірге, жергілікті өзін-өзі басқару міндеттерін жариялы түрде шешеді де, құқықтық жұмыстармен айналыспайды. Ауылдық округтердің әкімдерімен кездескенімде, адамдармен жұмыс істеп жүрген бастапқы буынға осындай көзқарас үшін олар ризашылықтарын білдірді. Жергілікті өзін-өзі басқарудың тағы бір жаңа құрылымын, соған қоса аппаратты да жасақтаудың, шенеуніктерді көбейтудің ешқандай қажеті жоқ, деді ауыл әкімдері.

Мәжілісті жасақтаудың жаңа қағидаты — Қазақстанның демократиялық дамуындағы үлкен прогресс. Өңіміе шынайы парламентаризм жөнінде болып отыр. Өйткені, жеңіске жеткен партиялар елдің заңнамалық органында халықтың басым бөлігінің мүдделерін білдіруге және тиімді қорғауға мүмкіндік алады.

Сайлауға тек қана партия атынан түсу — елдегі саяси күштердің танымалдық деңгейі мен ықпалы, халық арасындағы беделін нақты сараптауға мүмкіндік береді. Демек, саяси партиялар өз қызметтерін жандандыруға, ашық та әділ саяси күреске түсуге, түйіндей айтқанда, демократиялық талаптарға сай әрекет етуге ұмтылатын болады. Халықтың сеніміне ие болғысы келетін саяси күштер күнделікті өмірде сайлаушыларды алаңдатып жүрген өзекті мәселелердің мәнін жеткілікті түсінуге, атап айтқанда ұлттық, әлеуметтік жағдай, мемлекеттік тіл, мәдениет, руханият саласына жеткілікті назар аударып, зиялы қауымның, қоғамның көрнекті өкілдерін қатарына тарта алмаса, табысқа жетуі қиын болуы әбден ықтимал.

Үкімет депутаттар алдында жеңіп шыққан партиялар бекіткен бағдарламалардың жүзеге асырылуы үшін есеп беретін болады.

Әрине, бұл саяси реформаның алтын дінгегі, басты арқауы — Парламенттегі түбірлі өзгерістерге, Сенаттың рөлі мен мәртебесін айтарлықтай күшейткенін ерекше атап өткен жөн. Бұдан былай жоғарғы палата Мәжіліс болмаған кезде бүкіл Парламент өкілеттігіне ие болады. Дүниежүзілік тәжірибеге сүйенсек, қос палаталы парламент жүйесі әлемнің орнықты даму жолына түскен, өркениетті елдерінде берік қалыптасқан. Өйткені, әдетте жоғарғы палата ымыраға бастаушы, тұрақтандырушы рөлін атқарады. Еліміздің парламентаризмі тарихында да мұндай дәстүр берік қалыптасты және жаңа өзгерістерге сәйкес Сенатта партиялық фракциялардың болмайтыны — жоғарғы палатаның жалшылтық, елдік, мемлекеттік мүдделер үшін еркін қызмет жасауын қамтамасыз етеді. Мұның өзі елдің ішкі тұрақтылығын сақтау, әлеуметтік, ұлттық, ғылыми және рухани өрлеуді жүзеге асыруды көздейтін Елбасының жүргізіп отырған парасатты, сарабал саясатына толық сай келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы және қоғамның басқа да елеулі құрамынан өкілдік етуші 8 сенатор сайланатын болады. Сенатқа заң шығарушылықтың тиімді үдерісін және елдегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге айрықша жауапкершілік жүктелді.

Тұжырымдай келгенде, еліміздегі саяси жүйе түбірлі өзгерістерге ұшырады. Ол жоғарыдан төмен қарай елдің бүкіл ауқымында биліктің ауыл, аудан, облыс деңгейіндегі өкілетті тармағының, Парламенттің беделін нығайтуға бағытталған. Мемлекетіміздің ұзақ мерзімге орнықты дамуын қамтамасыз ететін теңгермелі билік құрылымы жасалды.

«Время ставит новые задачи»

Нурлан Сейдин – ведущий научный сотрудник КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев в своем Послании народу «Новый Казахстан в новом мире» обозначил магистральные приоритеты развития республики на среднесрочный период.

По сути, Послание Главы государства является «идеологией» процветания Казахстана, которая образует собой систему стимулов, направленную, в первую очередь, на формирование условий для опережающего роста по всем параметрам развития. Тем самым, концепция международной конкурентоспособности Казахстана нацелена на придание дополнительного импульса для стремительного прорыва нашей страны в мировое высокотехнологичное пространство.

Таким образом, вхождение республики в число наиболее конкурентоспособных государств мира способствует реализации стратегических целей и задач, в частности, обеспечению общественной стабильности, духовного развития и экономического процветания, а также проведению системной модернизации Казахстана.

“Time sets new goals”

Nurlan Seydin – senior research fellow of KazISS under the President of RK, Candidate in History

President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev in his Address to people “New Kazakhstan in the new world” underlined main priorities of development of the Republic in a medium term period.

In essence, the Address of the Head of state is an “ideology” of prosperity of Kazakhstan, which forms a system of stimuli, directed primarily at formation of conditions for advanced growth in terms of all aspects of development. Thus, the concept of international competitiveness of Kazakhstan is aimed at providing additional impulse for headlong breakthrough of our country into a high tech world.

Therefore joining by the Republic the most competitive countries of the world contributes to implementation of strategic aims and objectives, in particular, provision of public stability, spiritual development and environmental prosperity as well as conduct of systemic modernization of Kazakhstan.

Орталық Азия аймағындағы ұлттық қауіпсіздіктің құрылуы

Зухра БЕКТЕПОВА

Абай атындағы ҚазҰПУ, әлеуметтану және саясаттану кафедрасының ізденушісі

Әлемнің саяси картасында пайда болған жаңа мемлекеттер және олардың сапалы жаңа негізінде ынтымақтастықта бірлесуі олардың тәуелсіздігін қорғаныспен қамтамасыз ету жағдайы қанағаттандырмады. Аймақтық және ғаламдық қауіпсіздіктің геосаясаттық жүйесі ретінде қарастырылатын Кеңес одағының және Варшавалық келісім-шарттың ыдырауынан кейін, кеңес өкіметінен кейінгі кеңістікте қарсыласудың жергілікті өзектері пайда бола бастады, олар ұлтаралық қақтығыстардың асқынуынан бастап бүкілмасштабты азаматтық соғыстар шешімдерімен аяқталып жатты.

Шекаралардың тұрақсыздылығы төменгідей құбылыстардың нәтижелерден туды: ұлттық қайта өркендеу, Кеңес Одағы мұрасы төңірегіндегі ұрыс-керіс, жаңа әсер ету саласын орнату әрекеттері, шынында осының барлығы территорияны қиындықтың үлкен қайнар көзіне айналдырды.

ТМД территориясында ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құрастыру қажеттілігі туындады, бұл жүйе Бірлестік мүшелері арасындағы озбырлықсыз тәртібін орнатып қана қоймай, мемлекеттілігі толық құрылмаған егемендіктерге қарсы агрессивті қарсылықтарын алдын алу үшін превентивті шарасы бола алады.

Қазақстан Республикасы 15 мамырда 1992 ж. Ташкентте ТМД-ның (1,6.263) жеті мемлекеттің басшылары қарастырган және 20 сәуірінде 1994 ж. бекітілгеннен кейін өз күшіне келесі бесжылдық көлемде енген ұжымдық қауіпсіздік шартын құру (ҰҚШ) бастаушылардың бірі болып табылды. Алғашқыда геосаясаттық сахнаға, жаңа сапалы тұрғыда құрылған әскери-саясаттық мемлекеттік қоғамы шықты.

1991 жылдың желтоқсан айының өзінде-ақ ТМД мемлекеттерінің бірлескен Қарулы Күштері мен шекаралық әскерлері туралы шарттарға Минск қаласында қол қойылды.

Қайта құрылған одақтың әскери мінездемесі бекітіліп қана қоймай ТМД-ның бірқатар елдерінде ұлттық қауіпсіздік мәселесіндегі белгілі бір үміттердің пайда болуына себепкер болды. 1993 жылдың қыркүйегінде ҰҚШ мүшелегіне Азербайжан сұраным берді, осы шартқа желтоқсан айында Грузия мемлекеті қосылды.

Өткен 12 жыл көлемін таразыға тарта бағаланды, Шарттың жасалуын, ал сол тұстағы ынтымақтастық қажетті және уақытпен дәлелденген кеңес өкіметінен кейінгі кеңістіктегі әскери-саясаттық интеграция моделі болып табылатынын сенімділікпен айтуға болады.

Шарттың кейінгі дамуындағы маңыздылығы Мәскеу ҰҚШ сессиясы болып өтті. Оның мазмұны қысқа әрі сыйымды

саяси өтінішінде құрылған, әрине ҰҚШ төңірегінде әскери-саясаттық интеграция беделінің және халықаралық қатынас жүйесіндегі ролінің өсуіне жеткендігін қоса қарастырылды. Онда былай делінген, - сессия ҰҚШ-ның халықаралық аудандық ұйымда қайта құруының жөнділігі туралы шешімін қабылдады.

2003 жылдың сәуір айында Душанбеда ұжымдық қауіпсіздік туралы Шартты Ұйымдастыру деп аталатын (ҰҚШҰ) жаңа әскери-саясаттық құрылымының ұймдық хаттауы өтті. ҰҚШ-ның аудандық қауіпсіздік және тұрақтылықты қолдаудағы жиналған тәжірибесі тікелей Шартпен оның жаңа статусын қабылдауға халықаралық аудандық ұйым ретінде БҰҰ Жарғысымен байланысты.

Негізгі акцентті ҰҚШ-тың бірінші нұсқасындағыдай конструктивті қалпын ерекше жағдайларда алған әскери-техникалық ынтымақтасқа қойылды.

Осылайша, төменде келтірілгендей қажетті сәт шешілді: ҰҚШ мүшелерінің Қарулы Күштердің күшеюіне кетірген шығындары жеңілдетілген бағамен ресейлік қарулардың әкелінуіне байланысты айтарлықтай төмендеді. Бұл жағдай Қарулы Күштердің модернизациялау оданда тиімді бағдарламасына көшуге және жетерліктей мықты әскери күш ҰҚШҰны құруға кірісуге мүмкіншілік береді. Іс жүзінде ҰҚШҰ төңірегінде қалған барлық елдер ресейлік шатырастында қалып қоя берді. Мұндай альянстың құрылуына түрткі болған Ирактағы жағдайлардың себептері екені ақиқат. Ағылшын саксондық кеңістіктен тыс жатқан әлем халықаралық қатынастағы бұрын соңды болмаған ережелер күшінің кеткенін сезді. Ал жаңа ережелер күшінің маңызда «дұрыс айтқанның шындығы емес құқығы көптің шындығы дұрыс» принципіне құрылған. Жаңа ұйымның болашағы жарық. Соған кірген елдердің ең бастысы бар – ол, бір біріне деген қызығушылығы. Бұған 2004ж. шілде айында Шартты ұйымдастыруының қатысушы мемлекет басшыларымен Астанада өткен ұжымдық қауіпсіздігі кеңесінің кезекті отырысы дәлел болды. Бұл отырыста елдердің компетентті органдарымен өткізілген мемлекетаралық оперативті-профилактикалық операциясының «Канал-2003» жоғары тиімділігі қарастырылған болатын.

Жаңа әскери саясаттық бірлестікке деген қызығушылық бүгінде жайдан жай өсіп келе жатқан құбылыс емес. Глобальды қауіп қатер жағдайларында әскери-техникалық ынтымақтастыққа үлкен мән берді. Осы жақтар әскери-саясаттың, әскери техникалық ара қатынасты кеңеюіне әскери кафедраларын оқыту мәселелеріне ерекше көңіл аударды.

Ынтымақтастың жаңа перспективалы бағыты БҰҰ мандаты бойынша орындалатын ұжымды бейбітшілік қызметінің механизмінің құрылуы туралы қабылданған шешімі болды.

ҰҚШҰ-ның тиімділігінің жоғарлауына басқа халықаралық бірлістіктермен соның ішінде НАТО мен конструктивті ынтымақтастығы әсер етеді.

2004 жылдағы кездесудің қорытындысы мен қабылдау ҰҚШҰ нақты мазмұнға толып, экономикалық интеграцияға қарағанда әлдеқайда тез дамуда.

Органдар мен ұжым жұмысының тәртібін регламенттейтін құжаттардың қабылдануы, ҰҚШҰ-ның беделді халықаралық ұйым ретінде құрылуы жайында айтуға мүмкіндік береді.

ҰҚШҰ қызметінің өзегі оның саяси құрамы болып табылады.

Мемлекеттер-қатысушылар саяси еркіндіктің мәнерін білдіретін Президенттер халықаралық терроризмге қарсы тұруына, ұжымды жігерлерінің бірлесуіне байланысты ішкі саясаттық қарым қатынастың орнатуында, интеграцияның тереңделуі мен оның сферасының (саясатының) кеңеюінде және Шарттың әр даму кезеңіндегі стратегиялық бағытын анықтайды СКБ сессияларында ой пікірлерінің жан жақты әрі терең алмасуы өтуде, ҰҚШҰ қызметінің принципті мәселелері бойынша шешімдер қабылдануда. Жоғарыда көрсетілгендей 2000-2001 ж.ж. өзінде ақ ҰҚШҰ мемлекеттерінің Ауғандық жағдайға деген көз қарасы анық көрсетілген болатын, мұнда халық аралық белсенді ынтымақтастығына қарсы принципті позиция құрылған болатын.

Бұл Шарт мемлекеттерінің 2001ж. 11 қыркүйегінде болған, Ауғанстандағы талиб тәртібі мәселесі бойынша халықаралық антитеррористік операциясына және онда ТМД-ның бірнеше мемлекеттерінің қатысу түрінің жалпы қарым қатынасын анықтаған-ды. Нәтижесінде Орта азиялық мемлекеттеріне, ҰҚШҰ-лық жауапкершілігі аймағындағы оңтүстік шекараларға қарсы салмақты талиб қауіпін жеңілдетте алды.

Ұжым болашағын айтатын болсақ, оның алдына қойған сауалдарын шешу қарқыны мемлекеттер-мүшелері арасындағы қатынасты толықтырумен және жалпы беделмен, олардың экономикалық мүмкіншіліктері, аудандық және халықаралық жағдайлармен қарым қатынаста болуы өте маңызды. ҰҚШҰ-ның халықаралық ауданды ұжым ретінде алғашқы есебінің бірі нақты механизмін бейбітшілік саласында ТМД, БҰҰ немесе ОБСЕ эгидасымен бейбітшідікті қолдау операциясына қатысу үшін жасалуы мүмкін.

Ынтымақтастық мемлекеттерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірі шекараны қорғау болып табылады. Ол ішкісаясаттық, экономикалық әскери, құқықтық, ұжымдық, техникалық, оперативтік және басқа шаралар арқылы жүзеге асырылады.

1995ж. 26 мамырында ел-басшыларының Кеңесі ТМД-ның мемлекеттер-қатысушылар және Ынтымақтастыққа кірмейтін елдердің қорғаныс Концепциясы туралы шешім қабылдады. Концепция – ТМД елдері мен бірге өндірген, қорғанысқа жігер кординациясын және шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша шекара әскерлерінің қарым қатынасының жиындысын құрайды.

Концепция шекаралардағы саясат негізінен, ынтымақтастықтың қауіпсіздігін қамтамасыздандырудың негізгі бағыттарын және оның жай күйінің орындалу мәселелерін қамтиды.

Шекаралық саясаттың негізгі мақсаттары: шекараларды тұрақтылық, қауіпсіздік және ойрандалмауын қамтамасыз ету;

Ынтымақтас елдерінің бірегей экономикалық және кеден кеңістігі үшін қажетті жағдай жасау халықаралық және ішкі наркобизнеске қарсы тиімді күресіме қамтамасыздандыру; Елдер арасындағы шекаралық соқтығыстардың территориялық қайшылықтардың бейбітшілік тұрғыда шешілуіне жәрдем беру.

Мемлекеттік заңдарға сәйкес Ынтымақтастық мемлекеттері шекаралық саясатты іс-жүзеге асыруындағы өзара амалдың негізін ұлғайту секілді бірқатар мәселелерді жарыққа шығару арқылы Концепцияның жағдайын БҰҰ-ның интеграциялық дамуын қосқанда бірте бірте іс жүзеге асырылуын қадағалайды.

1996 ж. 12 сәуірінде ТМД елдері ынтымақтастық елдер-қатысушыларының сыртқы шекара қауіпсіздігі мәселесі бойынша мәліметтер алмасу туралы Шарт жасасты.

Сонымен, жақтар шекаралар қауіпсіздігі мәселесі бойынша ақысыз мәліметтер алмасуға шешім қабылдады, ТМД шекаралық әскерлер арасындағы өзара мәліметтер алмасу түрлерінің тізбесі берілген Шартпен қосымша жүреді.

90ж.ж. соңында ТМД-ның бірқатар елдері олар үшін бұрын соңды болмаған жаңа проблемалармен кездесті, бұл мәселелер азды көпті объективті жағдайларға байланысты орынды бағаланудан тыс қалды. Ең алдымен Орталық азия аймақтарының елдері жапа шегуде: 1999ж. Ташкентте болған алғашқы жарылыс, сосын Баткендегі оқиғалар аймақтағы кеңес өкіметінен кейінгі Республикалардың осалдығын байқатты.

1999-2000 жж. жағдайлардың факторлары – алдымен ішкі әсіресе әлеуметтік экономикалық тұрақсыздықтар мен қиындықтар болып табылатынын ескеру қажет. Мұндай факторлар қазіргі таңда жойылған жоқ, керсінше өршуде: әлеуметтік қиындықтар, жұмыссыздық, өмір сүру беделінің күрт төмендеуі және Орталық азия ел тұрғындарының көпшілігі бүгінгі өз жағдайына наразылығы.

Сонымен қатар саясаттық жүйелердің эволюциясымен, билейтін тәртіптер арасындағы ауыр қарым қатынасының аймақтың бір қатар елдерінің оппозициялары мен шешілмеген ішкісаясаттық мәселелер қараңғыда қалып қоя берді.

ТМД төңірегіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі алғашқы әрекеттерінің бірі 1993 ж. Орталық азия одағын білімдендіру болып табылды. Орталық азияда интеграциялық қарым қатынастың даму факторы 1994 ж. 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы Президенттері қол қойған Тұтас экономикалық кеңістікті құру туралы Шарт болып табылады.

Сол жылдың 16 қаңтарында бұл Шартқа Қырғыз Республикасы қосылды, ал 1994ж. 30 сәуірінде Чолпон-Ата қаласында (Қырғызстан) аталған елдердің басшылары үш жақты Тұтас экономикалық кеңістігін құру туралы бөлек Шартқа қол қойды.

Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан халықаралық құқықтың дербес субъектер ретінде өмір сүре бастаған күннен бастап халықаралық қауіпсіздігін күшейту бойынша әлемдік қоғамдық жігеріне кірісті. Олар сонымен қатар европалық (Европадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы – ЕҚЫҰ, Солтүстік атлантикалық ынтымақтастық Кеңесі САБҚ, реконструкция және даму, Европалық банкі) және азиялық экономикалық ынтымақтастық ұйымы – ЭАҰ, Ислам Конференция Ұйымы, Азиаттық даму банкі, халықаралық ұйымдар мен банктердің мүшелері болып табылады.

2002ж. қараша айында Алматыда Орталық азия Республикалар Президенттерінің – Қазақстан, Қырғызстан,

Тәжікстан және Өзбекстан кездесуі өтті. Онда Орталық Азия Ынтымақтастығы Ұйымының Құрылуы туралы Шартқа қол қойылды.

Жаңа интеграциялық құрылым бұрын болған және оған қойған үмітті ақтай алмаған төрт ел аймақтық бірлестіктің ізі басары болып табылады.

2004 ж. мамыр айында, Астанада өткен кезекті саммиттің ерекшелігі, «ҚАС» Ұйымының құрылуы туралы Шартқа Ресейдің қосылуы болды. Соңғы кезде Ресей аймақтық елдермен өз ынтымақтастығын күшейтуде, сондықтан Ресейдің ҚАС-қа қатынасы таң қалдырмайтын іс, себебі ол Ресейдің мүддесіне толығымен жауап береді. Қазіргі таңда аудан экономикасы мен қауіпсіздігін жаңа беделге көтеру мәселесі болып тұр. Тұтас ақпарат кеңістігін қалыптастыруынан бастауды ойластырады. Бұл мақсаттың орындалуына кездесуде қол қойылған теледидармен радио бағдарламаларының өзара өрістеуі туралы Шарт себепші болып табылады.

Маңызды құжат болып Бірге жасаған сұраным хат болып табылады, ол қарым қатынастың жалпы проблемаларын оған қоса экономикалық интеграцияның тереңделуі мен халықаралық терроризммен, нарко қауіп қатерге қарсы күрестерді қамтиды. Бұрын сонды қабылданған су энергетикалық, азықты және транспорттық консорциумдардың құруының жетілдіру концепциясының нәтижелері қарастырылады. Бірқатар объективті әрі субъективті жағдайларға байланысты Тұтас экономикалық кеңестігінің құрылуы туралы Шарт төңірегінде орындалмай қалған Орта-азиялық жалпы нарығын кезеңдік құрылу мәселесі қайта қарастырылды.

Ал енді бұл мақсаттың орындалуы шынайы әрі өте қажет. Келесі кездесуде кеденді – транспортының, сондай ақ ерікті сауда аймағын кезеңделіп қалыптастырады. Жалпы нарықтың қалыптасуы – соңғы жылдары үлкен масштабты кейпіне ие болған бүкіләлемдік тенденция болып табылады, кез келген аудандық құрамында шынайы интеграциясыз ешқандай ұлттық экономика бәсекелестік қабілетін бүкіләлем нарығында көрсете алмайды.

Сондықтан 2004 ж. саммит қарым қатынастағы жайдарлыққа және транспорттық деген жаңа күйі ретінде анықталды. Интеграциялық процесстер қатысушылар құрамы мен позицияларының түйісуі бір бірін толықтырып және ынталандырып отырады. Экономикалық қарым қатынастарын ынталандыру арқылы елдер арасында, олардың ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің әлеуметтік экономикалық құрылымы шешілуде (анықталуда).

ЕҚЫҰ-ның географиялық тұрғыда емес бытыраған КСРО мұрагерлері ретінде мүшелері болып саналатын Орта Азия елдері сол ЕҚЫҰ қызметінде белсенді қатысуда және олардың негізгі қауіпсіздік пен ынтымақтастықты күшейту Орта Азиялық аймақтарға таралады.

Қазақстанның, Қырғызстан мен Өзбекстанның ЕҚЫҰ мен ынтымақтастығы, олардың қауіпсіздігінің егемендігі мен тұтастығының экономикалық және әлеуметтік прогресстің, хұқықтың, демократиялық және саясаттық институттар мен процесстердің дамуының, адам және ұлттық азшылықтардың хұқықтарының сақталуын күшейтуге өз үлесін қосуда.

Көкейтесті мәселе мұнда ЕҚЫҰ мемлекеттер-қатысушылар арасындағы қарым қатынастың күшеюі болып табылады, әсіресе Хельсинкиде қабылданған Ақырғы актісінде көрсетілген белгілі болған он принцип негізінде болатын Кеңістік өкіметінен кейінгі мемлекеттер арасындағы қарым қатынастар. ЕҚЫҰ-ның Кеңес өкіметінен кейінгі

кеңістікте нормалар мен принциптерінің енгізілуі Орталық Азиямен көршілес жатқан Азия елдеріне айтарлықтай позитивті әсер етеді.

НАТО-ның Орта-азиялық елдерімен қарым қатынасы дамып, қауіпсіздікпен қамтамасыздандыру бірегей бағдарламалары іске асуда.

1994 ж. көлемінде «Бейбітшілік жолындағы Ынтымақтастық» Рамалық Бағдарлама құжатына Орталық Азия елдерінің барлығы қол қойды, яғни: Түркменстан – 10 мамыр, Қазақстан – 27 мамыр, Қырғызстан – 1 маусым, және Өзбекстан – 13 шілдеде ал Тәжікстан аталмыш оқиғалардан кейін 2001 ж. қосылды.

Аймақ елдерінің НАТО мен серіктесуіне талпынысының қалыптаса бастауы, олардың үкіметтері әскери, саясаттық, экономикалық, техникалық ынтымақтастық және ұлттық әскерінің даму саласындағы альянспен ынтымақтасу жолында, олардың болашағының ашылуына күмән келтірмейді. Мұндай серіктестік сол мемлекеттерде демократиялық принциптерге, әлем стандартына тән және БҰҰ эгидасымен бейбітшілік операцияларына қатысуына мүмкіндік беретін қарулы күштердің құрылуына өз үлесін қосады. Одан басқа, бұл бағдарламаға қатысу нарықтық реформалары мен құқықты демократиялық елдердің құрылуына үміт арттырады.

Осы бағдарлама төңірегінде өткен көпшілік кездесулеріге аймақтық мемлекеттерінің әскери және азаматтық өкілдері «Бейбітшілік жолындағы Ынтымақтастық» бағдарламасын жариялағаннан кейінгі өткен соңғы жылдар ішінде қатысты. Өткізген кездесулері семинарлар мен конференцияларға қатысу, қауіпсіздік және демократиялық қоғамдағы қарулы күштерді құрылу принциптер мәселесіне арналған сауалдар бойынша, сондай ақ НАТО сан түрлі үйретулері, мұнда алдыңғы қатар елдерінің тәжірибесі бойынша бейбітшілік іс әрекеттердің мақсаттары қарастырылған болатын. Бұдан басқа Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан әскери қызметшілеріне НАТО елдер-қатысушылардың сан түрлі, әскери-оқыту мекемелерінің есіктері ашылды. Аймақ елдерінің ынтымақтастық кульминациялық кезінің бірі 1995 ж. шілдесінде Луизиана (АҚШ) штатында өткен халықаралық оқытулар болды, онда АҚШ пен Канаданың әскери бөлімдерімен қатар Орта-азия елдерінің әскери бөлімшелері қатысты. Орта-азиялық ынтымақтастықтың ұлттық қарулы күштерінің аяқтануына әзірге тек үш НАТО мемлекеттер-қатысушылары болып табылады, олар: АҚШ, ФРГ және Турция шынайы көмек көрсетуде. Бұл мемлекеттер аймақтық елдерімен дипломатиялық қарым қатынас орнатылған күнінен бастап ақ, екі жақты әскери серіктестіктің бірнеше варианттары мен түрлерін ұсынды, нәтижесінде шет тілін оқытуда және қазіргі заман қарулы күштерін құруындағы принциптердің үйренуіне өз үлестерін қосты.

Қазақстан өзінің барлық көрші жатқан елдерімен бірге барлық Орта-азиялық кеңістіктегі тұрақтылық, демократиялық еркіндік және адам құқығы үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Міне, осыған байланысты Тәжікстандағы құбылмалар үшін абыржулар пайда болды. Тәжікстанда болған қақтығыстың потенциалды даму қауіпін дәлелдеудің еш қажеті жоқ. Қазақстан БҰҰ осы тұрғыда қолдай отырып, тәжік проблемаларын саяси реттеуі бойынша өз үлесін қосты, бұған дәлел 1995 ж. 22 мамыр мен 1 маусым аралығында БҰҰ эгидасымен өткен ұлттық достасу тәжікаралық келіссөздерінің раунды.

Халықаралық эксперттердің ой пікірінше Алматыдағы тәжікаралық келіссөздер нақты келісушілік бойынша ғана маңызды емес, сонымен қатар, оның одан ары қарай жалғасуының импульсі болды [3, 6.99].

Алматылық 1996 ж. 28 қарашасында қабылданған декларациясында аймақтың бес елінің басшылары кездесуінің нәтижесінде Өзбекстан бастаған Орталық Азияда ядросыздық аймағын құру ықласын бірауыздан қолдады.

Әлемдік ынтымақтастық қарусыздандыру саласындағы келісушіліктерді орындау кезінде жер бетіндегі бейбітшілікті қамтамасыз ететін қақтығыстарды алдын алатын халықаралық күштерге сүйенуін көбірек қажет етеді. БҰҰның бейбітшілік операциялары жауласқан жақтарға қарсы әрекет ететін көпжақты құралы ретінде интернационализация ырғағы түрінің негізіне айналуға.

Міне осы тұрғыда 1995 ж. сәуір айында Шымкентте өткен кездесуінде Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан Президенттері «Центразбад» деп аталған БҰҰ эгидасымен өтетін бейбітшілік операциясына қатысу үшін бірлескен әскери ұйымын ұсынуға дайын екендігі туралы айтып өтті.

Бұл ықлас алғашында Президентіміз Н.Ә. Назарбаев БҰҰ Бас хатшысының орынбасары М.Гулдинге баяндады, нәтижесінде БҰҰ Бас хатшысы Б.Бутрос Галидің қолдауын тапты. 1995 ж. желтоқсан айында Жамбыл кездесуінде БҰҰ Бас хатшысы Б.Бутрос Галиге арналған Үндеуін 3 мемлекеттің басшылары қабылдады. Онда БҰҰ бейбітшілік жігерінің күшею қажеттігі тұрғыда Тәжікстан және Ауғанстандағы жағдайлардың реттелуінде БҰҰ эгидасымен бейбітшілік батальонын құруға шешім қабылдағанын ұйғарды. Осы батальонның басты мақсаты қауіпсіздік пен тұрақтылықты тек Орта Азия аймақтарында емес жер шарының кез келеген нүктесінде нығайту болып табылады. Сондай ақ президенттер өзінің бірінші қадамы ретінде БҰҰ күш қорының жүйесіне қосылып және БҰҰ мамандарымен кеңеске кірісуіне дайын екенін білдірді. Қазіргі таңда Орта Азия елдері өз қауіпсіздігіне қарсы экстримизмнің, терроризмнің, наркобизнестің және қарудың заңсыз айналымының қауіп қатерін бастан кешуде.

Жағдайдың өршуі 1999-2000 жж. Өзбекстан және Қырғызстан территориясына діни экстремистік топтардың басып кіруі мен байланыстырады. Экстремистер ұсақ топтарымен Орта-азия елдері территориясына сіңіп, қарулар мен оқ дәрі қоймаларын дайындады, бағыттарды анықтап, жақтаушыларын тартып, белсенді әрекеттерге дайындалды.

Орта Азияда қауіпсіздік әсершіл жүйесін құру барысында Қытай позициясын ескермеу мүмкін емес.

ҚХР үшін экстремизм мен терроризм проблемалары аса өткір қырымен тұр. Осыған орай Қытай қазіргі таңда Ресеймен Орта азия елдерімен ынтымақтасуында экстремистік және террористік топтарының әрекеттерін тыюда өз қызығушылығын көрсетті. Ынтымақтатстық Динамикасы өз бейнесін Шанхай (ҚХР) қаласында өткен кездесуде тапты, оған шекаралас елдер (Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей мен Тәжікстан) басшылары қатысты.

1996 ж. 26 сәуірінде онда әскери саладағы шекара ауданындағы сенімділік мәселелері талқыланды және осыған орай ынтымақтастың негізі болатын кезекті Шартына қол қойылды. Сол Шарт шекара аймағындағы қарулы күштердің өзара қысқарылуы туралы үлкен әскери-саясаттық маңыздылығы бар құжат болып табылады. Шекараның екі жақты 100 километрлік аймағында шарт бойынша құрлық әскерлері, ӘӘК (Әскери Әуе Күштері) фронттық авиациясы және Әуе қорғаныс күштері (ӘҚК) авиациясы жатады. Бұл Шарт қарулы күштердің стратегиялық компоненттерін

яғни, стратегиялық арнауы бар ракеталық әскерлер, әскери-теңіз флоты, қиян авиациясын және ӘҚК-ның ракеталық бөлімдерін қамтымайды.

Шекаралық әскери (жасақтар) қысқарылмайды, олар үшін қарулы және әскери техниканың көлемі мен жеке құрамының, сандық дәрежесін шектеулі әрі оптимальді дәрежелер бекітіледі.

«Шанхай бестігінің» мақсаты жаһандық қауіпсіздікті нығайту.

Бұл елдердің территориясы Евразияның 1/5 бөлігін алып жатыр, ал адам саны бүкіл адамзаттың 1/5 бөлігін құрайды. Сондықтан болу керек, осы елдердің жетекшілері ақуалды проблемаларын қарастыруға жиірек жиналып тұрады.

Алматыда (1998 ж.) жиылған бес елдер-қатысушылардың жетекшілері көрсетілген шарттарды талқылап, бүкіл әлемге саясаттық еркіндікті, аудандық қауіпсіздігін және экономикалық серіктестігінің ауыр проблемаларын өркениетті тұрғыда шешу мақсатымен мүмкіншілігін көрсетті.

Кездесудің қатысушылары аталмыш шарттардың кең әрі позитивті екі жақты және көпжақты ынтымақтастыққа, аудан және бүкіл әлем қауіпсіздігіне деген әсерін қанағаттанарлықпен айтып өтті.

Осы бес елдер тұрақтылық, транспаренттік және шекараның үлкен жазықтығы бойынша (7 мың км.-дан асады) өтетін болжамды әскери әрекетінің бірегей механизм кепілдігінің құру үлгісін көрсете білді. Шанхайдағы сенімділікті күшейту туралы Шартқа қол қойғаннан кейін тап осындай әскери саладағы сенімділік Шарты 1996ж. қарашада КНР төрағасы Цзян Цзэминя өзінің Делидегі сапарында Қытай-үнді шекаралары сызығының жағалауы туралы Шарт жасасауы кездейсоқтық емес.

«Шанхай бестігінің» сан түрлі аймақтағы қызметі Шанхайлық ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) құрылуына себеп болды.

Бұл өзгеріс 2001 ж. 15 маусымда тағыда бір қатысушы - Өзбекстанмен толықтырылып Шанхайда орын алды.

Егер тек ұйымдастыру кезеңдерін алып қарасақ ШЫҰ (сонымен қатар «Шанхай бестігі») жасау барысында Президенттерінің қатысуымен бірқатар ресми құжаттарға қол қойылғанын атап өтуге болады.

Сірә соның ішінде ең маңыздысы 2002 ж. 7 маусыммен байланысты, ол ШЫҰ негізгі жарғылық құжатын Хартиялық Санк-Петербургте қол қоюы, сонымен осы әскери-саясатты құрылудың ұйымдық хаттауы іс жүзінде аяқталды.

2004 ж. маусым айында Ташкентте өткен саммит ШЫҰ-ның институционалды аяқталуын тамамдады. Онда ресми түрде тағы бір ұйым бөлімшесі – Аудандық антитеррористік құрылым (ААТК) ашылды, оның штаб-квартирасы Өзбекстанда орнықтырылды. Бұл кездесудің ерекшелігі шақырылған қонақ ретінде Ауғанстан өтпелі үкіметінің Президенті Хамид Карзай болды.

Карзай салмақты әлеуметтік беделге ие болған ШЫҰ ұйымымен өзінің нақты үмітін байланыстырады. Себебі оның тірегі бағдарламалы арыздар мен декларациялар емес, екі және көпжақты аймақтық нақты экономикалық проектер болып табылады. Инвестицияны бағыттандыру, жұмыс орнын құру, экономиканың жалпы өркендеуі міне осы мақсаттар бүгінгі таңда өзекті болып есептеледі. Ташкенттік саммитте қол қойылған құжаттар: ШЫҰ мемлекетте-мүшелері басшыларының кеңестік декларация, мыналар; наркотикалық дәрілердің, психотропты заттар мен олардың прекурсорларына қарсы күресінің ынтымақтастығы туралы Шарт; 15 маусым - ШЫҰ күнін бекіту туралы.

Осылайша мемлекет басшылары бейбітшіліктің маңызды факторы болатын Шанхайлық ынтымақтастық ұйымы төңірегіндегі қарым-қатынасының нығаюының ең бірінші маңыздылығын, әлемнің көп полярлы болашақ конструкциясы, соның таяныш элементтерінің бірі екенін тағы да баяндады.

Яғни, Орта Азияда интеграциялық процесстердің қалыптасуы аймақтық мемлекетінің ұлттық, өмірлік мүдделеріне жауап береді. Олардың өзара тиімді және экономикалық ынтымақтастығы осы елдердің жан жақты дамуының үдеме факторы болуы мүмкін, яғни экономикалық саясаттық, әлеуметтік және экологиялық мақсаттарының комплексті шешілуі үлкен мүмкіншіліктер ашуда.

Осы процестің тұрақтылығын қамтамасыздандыру жолында субаймақтық дәрежеде және ТМД да толығымен, ұжымды қауіпсіздіктің механизмінің қызмет етуін қамтамасыз ету қажет.

Тек жабыла, жігерімізді біріктіре отырып, өзара серіктестік тиімді механизмдерін құрып, бар қиындықтардан өте аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ұжымды қауіпсіздігі туралы. Шарт // Халықтар құқығы жайында құжаттар жинағы. Алматы, 1998.-Т.1.-С. 260-263.
2. ТМД елдер қатысушылардың сыртқы шекара қорғанысы мәселелері бойынша мәліметтер алмасу туралы Шарт // Халықаралық шарттар бюлетені, Сәуір; 1996. -№7. -С.3.
3. К.К.Токаев Тәуелсіздік астында Қазақстанның сыртқы саясаты туралы очерктер.-Алматы: Білім, 1997.-736бет.
4. БҰҰ эгидасымен ұжымды бейбітшілік батальонын құру және қалыптастыру тура Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы араларындағы Шарт. // Халықаралық құқығы бойынша құжаттар жинағы. Алматы. 1998.-Т.1. -С.310-312.
5. Шекра аймағындағы әскери саладағы сенімділіктің күшеюі туралы Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және КНР арасындағы Шарт.// Халықаралық құқығы бойынша құжаттар жинағы. Алматы. 1998.-Т.1. -С.269-276.

«Формирование национальной безопасности в регионе Центральной Азии»

Зухра Бектепова – соискатель кафедры социологии и политологии КазНПУ им. Абая

В статье рассматриваются актуальные проблемы национальной безопасности в регионе Центральной Азии. В ближайшие годы формирование национальной безопасности в регионе Центральной Азии будет складываться под влиянием ряда факторов. Основными, среди которых станут: геополитическая ситуация в мире, сотрудничество в области энергетики между крупными странами-экспортерами и импортерами и взаимодействие по вопросам региональной безопасности, а также отношения в торгово-экономической сфере.

В целом, в ближайшие годы Центрально-азиатские республики окажутся перед своеобразным выбором необходимости развития более тесных отношений с Пекином или Москвой. Но при этом, поскольку для всех стран этого региона представляется крайне не выгодным определяться между двумя крупными членами ШОС, то соответственно и Китай и Россия получают равные возможности наращивать свое военно-политическое влияние на все остальные страны ШОС. Таким образом, развитие ситуации в области безопасности в Центральной Азии будет зависеть не столько от политики самих стран, расположенных в регионе, сколько будет складываться в результате дипломатических отношений Пекина и Москвы.

“Formation of national security in the region of Central Asia”

Zukhra Bekteпова – candidate at the department of sociology and political science at KazNPU named after Abay.

The pressing issues of national security in the region of Central Asia are being examined in the article. In the coming years, formation of national security in the region of Central Asia will be unraveling under the influence of a number of factors. The main among which will be the following: geopolitical situation in the world, cooperation in the sphere of energy between states-exports and importers and interaction in terms of issues of regional security, as well as relations in trade-economic sphere.

On the whole, in the coming years the Central Asian republics will be faced with a unique choice of necessity of development of closer relations with Beijing or Moscow. Yet at the same time given that it is highly unfavorable for all states of the region to choose between the two large members of the SCO, and consequently China and Russia will be obtaining equal opportunities to build on their military-political influence on the rest of the SCO member-states. Thus, development of situation in the sphere of security in Central Asia will depend not so much on politics of the countries themselves that are located in the region, but more as a result of diplomatic relations of Beijing and Moscow.

Тәуелсіз Қазақстандағы саясат тілі

Гүлшат НҰРЫМБЕТОВА,

саяси ғылымдарының докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры;

Бақытгүл БАЛҒАЗИНА,

Абай атындағы ҚазҰПУ доценті

Кез-келген қоғамда саясат тілінің өзіндік ерекшеліктері бар. Сөз, тіл қоғамның саяси мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Адамдардың саяси өмірге қатысуы сөзсіз жүзеге асуы мүмкін емес. Себебі, сөз ойды қалыптастырып, оны жеткізу құралы, ал саяси салада - саяси мүдделерді білдіру құралы болып табылады. Ойлау мен тіл тамырлас. Ойды ойдағыдай жеткізу үшін оралымды да икемді тіл қажет. Ол туралы шығыстың екінші ұстазы атанған ғұлама ойшыл Әл-Фараби философиялық трактатында қайырымды қаланың әкімінде тамаша 12 қасиет болу керек, соның бірі – «өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан-анық айтып бере алатын ділмар болуы шарт»/1/ деп көрсеткен.

Билік бен сөз қарым-қатынасы қай кезеңде болмасын күрделі де өзекті мәселелердің бірі. Қоғамдағы сөйлеу түрі саяси режимнен тәуелді, тіптен сол арқылы тікелей анықталады деуімізге де болады. Алысқа бармай-ақ, кешегі өткенімізді еске алып көрелік. Себебі, кеңес дәуірінде өз пікірін білдіруге тек билік басындағылардың ғана құқы болды.

Кеңестік диктатура барлық азаматтар үшін міндетті авторитарлық ойлар көмегімен беріліп отырылды. «Биліктік» сөздер мәндік дамуы жоқ, анық та қанық болып келді. Оны ой елегінен өткізу, талқылау мүмкін емес еді. Бұл ойлар алдын-ала белгілі, бәріне танымал қалыпты /стандарт/ формаларға айналды. Мұндай сөздер ұрандарға, халықты рухтандырып күреске шақыру сөздеріне тола болды.

Тоталитарлық режим әркезде шынды - жасанды жаумен күресіп келді. Мінеки, осыған сай жанталаса сөйлеу /агональная речь/, яғни «өздерінікін» мақтау, «өзгелерді» қаралау арқылы адамдардың санасын улауға бағытталды.

Негізінде, кеңестік билік сөйлейтін сөзді түрлендіруге еш мүмкіндік бермеді. Ресми және ашық қарым-қатынас кезінде жазылған сөз мәтінін сақтау қатаң талап етілді, яғни сөйлеудің бір-ақ тәсілі қолданылды. Ол - жазып алып сөйлеу. Ал азаматтарға сөз арқылы ықпал ету, олармен еркін сөйлесу қауіпті құрал болып есептелді.

Мінеки, осылардың барлығы адамдардың бет-бейнесінен айрылуына, олардың еркін немесе басқаша ойлауына мүмкіндік бермеді. Іс-жүзінде Кеңес Одағында қайта құру дәуіріне дейін тек біржақты /монолог/ сөйлеу, яғни жоғарыдан ғана сөйлеу дәуірі үстемдік етті. Тоталитарлық тәртіп сөзді өз мақсатына тиімді пайдалана отырып, елдің саяси өміріне азаматтардың бірінің қалмай қатысуына қол жеткізді. Кезінде В.И. Ленин социализм тұсында «...барлық азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысуы тікелей, заң (конституция) жүзінде қамтамасыз етілуіне жету» қажеттілігін көрсеткен еді /2/. Халықтың саяси қатысуы, КСРО Конституциясымен кепілдендірілген сөз еркіндігі сияқты, мемлекетпен қатаң

бақыланып отырылды. Мұны адамдардың саяси белсенділігін төмендетіп, халықтың саясаттан, биліктен жатсынуына әкеліп соқтырған факторлардың бірі деп айтуымызға болады.

Тоталитарлық жүйеде адамдар белсенді акторға емес, тек жоғарыдан қабылданған шешімдерді орындауға міндетті тетіктерге айналатындығын көреміз. Яғни, адамдардың саясатқа қатысуы толығымен мемлекет бақылауында болды. Бұл өз кезегінде адамның саясаттан жатсынуына алып келді. Қоғамдық өмірдің саяси саласындағы жатсыну жағдайында қоғамның жіктелуі жүзеге асты. Билік функцияларының бір жақта (полюсте) шоғырлануы саяси қарым-қатынас сан-алуандылығынан «билік-қоғам» қатынасына әкеліп соқтырды. Бұл қатынас монолог принципі бойынша құрылды: билік қоғамдағы саяси мінез-құлық стереотипін анықтап отырды. Мұндай жағдайда саяси қызмет мақсаты қоғамды тиімді басқаруға емес, билік құруға бағытталды (билік билікке қарсы принципі).

Тоталитаризм қоғамда идеология үстемдігін орнату арқылы жеке тұлға мен билік қарым-қатынас саласын шексіз кеңейте отырып, жеке тұлғаны іштей саясаттан алыстатты, оны саяси таңдау еркінен айрылған тек функцияны орындаушы адамға айналдырды. Саясаттан жатсыну салдарынан адамдар саясатты қажет емес дүние ретінде қабылдады. Ал қатысу тікелей мемлекеттік күштеудің нәтижесі, сондықтан үкімет қандай-да бір саяси енжарлық көріністерімен келіспейді.

Адамның санасын алдап-арбап, идеологиялық аңыздар көмегімен жеке тұлғаның психикасына қатты әсер ете алған жүйе салдарларынан біздің қоғам да ада емес. Соның бірі қазақстандық қоғамдағы саяси селқостықтың басым болуында деп білеміз.

Біздің ойымызша, саяси қатысу мәселесін зерттеу барысында қазақ қоғамына кеңестік дәуір мұрасымен қатар, патшалық Ресей үкіметінің жүргізген саясатының да салдарлары болғанын айтуымыз қажет.

1868 ж. «Дала облыстарын басқару жөніндегі уақытша ережелер» бойынша қазақ қоғамындағы сословиялық жіктеулер жойылды, яғни сұлтан, би, батыр және тағы басқа әлеуметтік категориялар ауыл тұрғындарына теңгерілді/3/. Уақытша Ереже бойынша болыстық және ауылдық әкімгершіліктердегі қызметкерлерді сайлау, салықты ауыл және жеке отбасыларына бөлу және басқа қоғамдық істерді атқару түгелдей бұрынғы ақсүйек, ықпалды топтарға емес, ауылдастар сайлаған елу-басылары мен онбасылардың құзырына берілді. Жаңа уездік басқару буыны түгелімен орыс билігінің құзырына өтіп, қазақтарға басқару жүйесіндегі ең төменгі буын - болыстық және ауылдық билік ғана қалдырылды. Сөйтіп, бұқара халықты ру басы, билердің билеуі сияқты қазақ қоғамының басқару ісінде базалық негіз болған принциптер бұзылды.

Енді жергілікті халықты басқару ісіне тек рұқсат етілген шеңберде қатыса алды. Сондықтан да болар, қазақ қоғамында саяси қатысу патша үкіметінің озбырлық саясатына қарсы ұлт-азаттық сипаттағы «қарсылық» формасында дамыды. Ал қарсылық қозғалысының өзі бейбіт, (Қарқаралы петициясы), және бейбіт емес, (Махамбет Өтемісұлы басқарған көтеріліс, 1916 ж.), жолдармен жүзеге асырылды. Танымал тарихшы М. Қойгелдиев сөзімен айтар болсақ «биліктің алдап-арбауына, сылап-сипауына көнбейтін тұлғалар» өз ұлтының азаттығы мен тәуелсіздігі жолында өшпес із қалдырды.

Сонымен, саяси режим азаматтардың саяси қатысуына тікелей ықпал етеді. Тоталитарлық саяси режим жағдайында саяси қатысу бақыланған, бағытталған жолмен жүзеге асырылады. Тоталитарлық саяси режим жағдайында индивид тек биліктің айтқанын орындаушы ғана емес, билік іс-әрекетін белсенді қолдаушы. Тоталитарлық жүйедегі азаматтардың саяси-қоғамдық өмірге қатысуы олардың еркі мен тілектеріне емес, зорлау, күштеу және жұмылдырушы әдістерге негізделеді. Саяси қатысу құрылымдарының қатарында жетекші рөл атқаратын саяси партия орны ерекше орын алады. Мінеки, осындай жағдайда саясат тілі де идеологиядан ерекше тәуелді болды.

Ал бүгінгі жағдай қалай қалыптасып отыр?

XXI ғасыр адамзат алдына шешілуі қиын да күрделі әлеуметтік кикілжіңдер, этникалық дау-жанжалдар сияқты мәселелерді күн тәртібіне қойып отыр. Осы адамдар арасындағы өзара түсінбеушілікті, дау-жанжалдарды тиімді шешу қажеттілігі ең маңызды да өзекті мәселеге айналууда. Қазіргі қоғамда адамдарды мүдделері, саяси сенімдері және т.б. белгілері бойынша біріктіре алатын құрал қажеттілігі туындап отыр. Мінеки, осы міндеттерді, біздің ойымызша, орындай алатын құралдардың бірі - сөз құдіреті, сөзді шебер пайдаланып сөйлей алу болып табылады. Ойлау мен сөйлеу ғылымын, яғни сөз қуатын көне гректер даналық деп атаған. «Тау мен тасты су бұзар, адам мен елді сөз бұзар» - деп бекер айтылмаған болар.

Сөз бен сөйлеу тек араздастырып қана қоймайды, сонымен бірге оның бітімгершілікте қасиеті бар. Мысалыға, «Жақсы лебіз - жарым ырыс»; «Жаным десе, жан семіреді».

Адамның сөз құдіреті мен мәніне деген сенімі көне заманнан келе жатыр. Қазақ халқының мақал-мәтелдері бұған тамаша дәлел болып табылады. Тілдің құдіретті күшін терең түсіне білген халықымыз оны табиғат күштерімен былай салыстырған екен: «Тіл тас жарады, жас тармас, бас жарады», «Қылыш жарасы бітсе де, тіл жарасы бітпейді», «Аңдамай сөйлеген пұырмай өледі». Ал ақын Абай сөздің қуатын, құдіретін былай аңғартады: «... Өлді деуге сыя ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған.»

Сөз бен сөйлеу тек араздастырып қана қоймайды, сонымен бірге оның бітімгершілікте қасиеті бар. Мысалы, «Жақсы лебіз - жарым ырыс», «Жаным десе, жан семіреді».

Сөз құдіреті біздің дәуірімізде де өз күшін жоғалтқан жоқ. Әсіресе, адамның қоғамдық өмірінде, бірінші кезекте - саясатта - сөздің рөлі өте маңызды. Сөз - саясаткерлердің бұқара халыққа ықпал ететін маңызды құралдарының бірі. Мысалыға, сайлау науқанында сөз мәнінен, сөйлей білу, өз ойын дәлелдей алуы мен оған сендіруінен кандидаттың саяси беделі мен оның болашағы тәуелді. Яғни сөз көмегімен саясаткерлер сайлаушыларды іс-әрекеттерге итермелейді.

Азаматтардың саясатқа тартылу деңгейі нақты жағдайдан, қоғамдағы хал-ахуалдан, саяси жүйе мен адамның өзімен де байланысты екендігі белгілі. Бірақ, саяси белсенділік туа бітті берілетін немесе қолдан жасалатын қасиет емес, оны қалыптастыратын белгілі бір алғы шарттар мен факторлар-

дан тұрады. Біздің ойымызша, Қазақстан халқының саяси белсенділігін арттыруға көмектесетін, адамдардың жүрегі мен санасына ықпал ететін факторлардың бірі - сөз құдіреті, өткір сөз.

Кезінде Бөлтірік ділмар былай толғапты: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзден жеңіл нәрсе жоқ. Сөзден ауыр нәрсе де жоқ. Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт. Не сөйлейтінін біл. Кімге сөйлейтінін біл. Қай жерде сөйлейтінін біл. Қалай сөйлейтінін біл» деген екен /4/.

Бұл мәселе өзектілігі тәуелсіз Қазақстандағы саяси үрдістерді талдау, демократия мен прогресс жолында жаңа жол іздеу қажеттілігімен де тығыз байланысты.

Саяси ғылымда әлеуметтік таралу саласы мен ауқымына байланысты саяси қатысу белсенді-белсенді емес деп жіктеледі. Мемлекеттік және партиялық ұйымдарға жетекшілік, өкілетті биліктік ұйымдардағы кандидат қызметі, сайлау қарсаңындағы науқанды ұйымдастыру және т.б. сияқты қоғам саяси өміріне белсенді қатысу азаматтардан адамдарға тиімді сөз арқылы ықпал ету шеберлігін игеруді талап етеді. Кез-келген адам жаппайлық немесе жергілікті сипаттағы мәселелерді шешуде өз мүдделерін қорғау мақсатында саяси құралдарға жүгінеді.

Дегенмен, адамдардың саяси өмірге қатысуы сөзсіз жүзеге асуы мүмкін емес. Себебі, сөз ойды қалыптастырып, оны жеткізу құралы, ал саяси салада - саяси мүдделерді білдіру құралы. Ойлау мен тіл тамырлас. Ойды ойдағыдай жеткізу үшін оралымды да икемді тіл қажет.

Біздің қоғамымызда XX ғ. 90-жылдарында басталған саяси өзгерістер, қоғамдық қатынастардың жаңғыру тенденциясы сөзге деген қатынасты, оған деген көзқарасты өзгертіп, оны жан-жақты пайдалануға бағыттап отыр. Қазақстан Республикасының конституциясы еліміздің азаматтарына сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік береді /5/.

Енді ұзақ уақыттан кейін кез-келген адамға өзінің сөйлейтін сөзінің формасы мен мазмұнын тандауға толық мүмкіндік туындап отыр. Осы жағдайларға байланысты, сонымен қатар байланыстың басқа да жаңа түрлерінің пайда болуымен, адамдар өз пікірін, саяси позициясын ашық білдіре алады.

Дегенмен, біздің ойымызша, сөз сөйлеудегі тіл ресурстарын тиімді, әрі шебер қолданбайынша азаматтардың саяси белсенділігінің жоғарылауы туралы айту да мүмкін емес. Себебі, адамдардың саяси өмірге қатысуының өзі қандай-да бір аудиторияға сөз, сөйлеу арқылы тиімді ықпал етуді білдіреді десек қателеспейміз. Сондықтан да бүгінде біздің қоғамымызға мемлекеттік билік ұйымдарының саяси шешімдерінің сипаты мен мазмұнына ықпал ете алатын «шығармашылық сипаттағы» адамдар қажет. Шешендік өнер мен қарым-қатынас психологиясын игерген, ең бастысы өздерінің сөздік мінез-құлқына (өз сөзіне жауап беретін) саналы түрде жауапты адамдар қажет-ақ. Шешендік өнер - өте қауіпті құрал, өкінішке орай кейде оны теріс те пайдаланады. Бізге басқа адамдардан үркіту, талап ету, сендіру сияқты әр түрлі жолдармен өз дегенімізге қол жеткізуге болатындығы белгілі. Әрине, этикалық тұрғыдан алғанда, оның ең соңғысы ғана заңды. Сондықтан да бүгінгі сөз антикалық дәуірдегі идеалға сай, яғни ол мәнді, әрі өнегелі болуы қажет.

Сөз еркіндігі кез-келген демократиялық қоғам негізі болып табылатындығы белгілі. Әрі еркін ойлайтын, шығармашылық адамның дамуының алғы шарты. Қоғамның саяси өмірі демократиялық, ашық болған сайын, адамдардың биліктік қатынастарға қатысу саласы да кеңейе түседі. Ал бұл өз кезегінде олардың саяси көзқарастарын еркін білдіріп,

таратуына мүмкіндік береді. Мінеки, осы себептерге байланысты кез-келген саяси белсенді адам пікір таластырып, сайысқа қатысып, өз көзқарасын әдепті түрде дәлелдеп шыға алуы керек. Басқаша айтқанда әртүрлі жағдайларда сөзді пайдалана отырып сөйлей алу қажет. Біздің замандастарымыздың пікір таластыру дағдылары мен мәдениетінің болмауы, шешендік өнерді игермеуі әлеуметтік қатынастарды шиеленістіруге, тіптен қақтығыстарға әкеліп соқтыруда. Осы жағдайларға байланысты демократиялық қоғамда сөздің рөлі мен мәнін бағалау қажеттілігі туындап отыр, себебі ол адамдар арасындағы байланысты күшейтуге, біздің еліміздегі халық пен мемлекеттік билік арасындағы диалогты орнатуға көмектеседі. Біздің ойымызша, сөздік қарым-қатынасты жетілдіру қоғамды қалыптастыру мен жетілдірудің маңызды құралы. Өрбір азаматтың қоғам алдындағы міндеті мен парызы - сөз мәртебесін шынайы жаңғыртуға мүмкіндік жасау деп білеміз. Азаматтық қоғамның қалыптасуы тек экономикалық және техникалық жетістіктерден ғана емес, сонымен бірге халықтың саяси белсенділігін көтеруде қоғамның сөзді пайдалана білуімен қатар оның мәнін түсінуінде жатыр.

Осы тұрғыдан алғанда мемлекеттік тіл саясатының маңызы зор. Біздің елімізде қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие бола тұрып, саясат тіліне айналмай отыр. Керісінше, саясатта ресми тіл - орыс тілі үстемдігі сақталуда. Біздің ойымызша, қазақ тілінің саяси байланыс құралы, сыртқы саясат тіліне айналуы мемлекеттік деңгейде қолданылуынан тәуелді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. Алма-Ата, 1973. С. 318
2. Ленин В.И. Социал-демократиялық партия программасының жобасы және оны түсіндіру. Шығ.тол. жин., 2-т., 117-б..
3. Қазақстан тарихы. - Алматы, 1995.
4. Негимов С. Шешендік өнер. - Алматы. 1997. 27-28-бб.
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы. 1998. 11-б.

«Язык политики в независимом Казахстане»

Гульшат Нурымбетова – профессор КазНПУ им. Абая, доктор политических наук;
Бахытгуль Балгазина – доцент КазНПУ им. Абая

Данная статья посвящена вопросам развития политического языка в суверенном Казахстане. В любом обществе язык политики имеет свои особенности. В данное время язык политики терпит кардинальные изменения. Это связано с техническим развитием СМИ. Политическая информация зависит не только от уровня технического развития, оно и связано с политической идеологией и методом распространения информации. В настоящее время наблюдается что, информирование политической массы развивается в двух направлениях. В статье дается подробный анализ развития языка политики в современном Казахстане.

«The language of politics in an independent Kazakhstan»

Gulshat Nurymbetova – professor of KazNPU named after Abay, PhD in political science;
Bakhytgul Balgazina – senior lecturer of KazNPU named after Abay

The given article is dedicated to issues of development of political language in sovereign Kazakhstan. In any society the language of politics has its own distinctive features. Presently the language of politics is undergoing radical changes. This is related to technical development of mass media. Political information depends on the level of technical development and it is related to political ideology and methods of proliferation of information. Present it is observed that supply of information for masses is developing in two ways. The article provided a thorough analysis of development of language of politics in the modern Kazakhstan.

Қазақстанның саяси партиялары парламентаризм дәуірінің табалдырығында

Бақтияр АЛДАШОВ,

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Тараз институты «Қаржы» кафедрасының профессоры, социология ғылымының докторы

Қазақстанның жаңа саяси жүйесінің құрылу үрдісі өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңында қоғамдық өзін-өзі басқару комитеттері мен дербес бейресми топтар туындаған кезде басталған болатын. Олар 1991 жылы маусымда қоғамдық бірлестіктер туралы қабылданған Заңнан кейін бірден басталған легитимизацияда, яғни, тұңғыш ұлттық саяси партияларды құруда негізгі және маңызды фактор атқарды. Қоғамдық бірлестіктер «ортақ мүдде негізінде топтасқан азаматтардың ерікті құрылымы» ретінде таныла бастады. Қоғамдық бірлестіктердің құрамына саяси партиялар, жаппай қозғалыс, кәсіптік одақтар, әйелдердің мүдделердің ардагерлер ұйымы, жастар және әйелдер ұйымы, ғылыми-техникалық, мәдени-спорттық және еріктілер қоғамы, шығармашылық одақтары, қорлар, ассоциациялар және азаматтардың басқа да бірлестіктері енді. «Алаш», Қазақстанның социал демократиялық партиясы (ҚСДП), Қазақстанның социалистік партиясы, Қазақстанның Халықтық Конгресс партиясы, Қазақстанның республикалық партиясы, Қазақстанның Коммунистік партиясы, «Лад» орыс славян қозғалысы және «Азат» Қазақстанның азаматтық қозғалысы сияқты саяси партиялармен қатар қоғамдық ағарту қоғамның филиалы «Мемориал», «Алматылық Хельсинск» тобы, «Единство», «Әділет» тарихи ағарту қоғамы, зейнеткерлердің «Поколение» қозғалысы және басқа да бірлестіктен мен ұйымдар пайда болды.

Соның нәтижесінде Республика Жоғарғы кеңесінің 1994 жылғы наурыздағы сайлауы көппартиялық негізде өткізілді. 1995 жылғы сайлауда мәжіліске 30 саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар өздерінің кандидатын ұсынды. Партиялардың өкілдіктері негізінде Парламентте бірнеше партиялық фракциялар шоғырланды: Қазақстан Халықтық Бірлігі одағы, Қазақстан Халықтық Конгресі партиясы (ҚХК), Социалистік партия және кәсіподақтар федерациясы, сондай – ақ кәсіби белгісі бойынша шоғырланған 14 депутаттық топ болды.

Еліміздің саяси жүйесінің қалыптасуында Қазақстан Республикасы Конституциясына 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда мемлекеттік басқару жүйесіне Парламентке екі палаталық жүйені енгізу маңызды кез болды. Мәжіліс депутаттары құпия дауыс беру де жалпы, тең және тікелей сайлау құқығымен сайлана бастады. Парламентті сайлау тәртібі туралы 28. 09. 1995 № 2464 (2) «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңында айқындалған болатын.

Соңғы жылдары Республиканың саяси өмірі көбінесе саяси көзқарастараландығымен сипаттала бастады, партиялар мен қозғалыстар қатары азайды: PR-акцияларының әлсіздігі, көсемдерінің жеке шамшылдығы, кадрлар орналастырудағы әдеуметтік-тайпалық ұстаным, аппарат қызметінің үйлесімсіздігі, жеткіліксіз қаржыландыру, бағдарламаның декларативтігі, партияларды астыртын тар корпоративтік мүдделерге пайдалану. Саяси үрдістерге экономика және әлеуметтік салалардағы енгізілген кризистік үрдістер, демократиялық реформаларға өскен халықтың алаңдаушылығы өз үлесін қосты.

Қазақстан Парламентінің 1998 жылдың 7 қазанында ҚР Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізуі және Республиканың сайлау жүйесіне сайлауды «партиялық тізімі» бойынша енгізу еліміздегі саяси күштерді топтастыру айтарлықтай жандана түсті. 1998-1999 жылдары Қазақстан Азаматтық партиясы (ҚАП), «Отан» республикалық халықтық-демократиялық партиясы,

«Қазақстан әйелдер ұйымы саяси альянсы» партиясы және басқалары құрылды. Алайда, 1999 жылдың қорытындысында тек 4 саяси партия жана (Отан, Коммунистік, Аграрлық және Азаматтық партия) 7 пайыздық кедергіні жеңіп, партиялық тізім бойынша: «Отан» - 4 орын, коммунистік, Аграрлық және Азаматтық партиялар екі орыннан Мәжіліске өтті.

ҚР «Саяси партиялар туралы» Заңының 2002 жылы күшіне енуі саяси жүйені құру мен заңдылықты дамытудың жаңа кезеңі болды. Жаңа Заң бойынша саяси партиялар Қазақстан Республикасы азаматтарын ерікті біріктіруші, азаматтар мен әртүрлі әлеуметтік топтардың еркін білдіруші, олардың мүдделерін мемлекеттік биліктің өкілетті және атқарушы, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жеткізуші және олардың құрылуына қатысушы ретінде танылды. (1 бап. Саяси партиялар туралы заң).

Заң Қазақстандағы саяси партиялар қызметі еріктілік, теңдік, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялығы негізделуіне кең жол ашуда. Саяси партиялар заңға белгіленген шектеулерден өзге өздерінің ішкі құрылымдарын, қызметінің мақсаты, бет-бейнесі мен әдістерін анықтауда еркіндігі бар. (1 тармақ 5 бап «Саяси партиялар туралы» Заң.)

Сонымен бірге, жаңа Заң саяси партиялардың саны шұғыл азаюына ықпал етті, олардың бірқатары әділет министрлігінде қайта тексеруден өте алмады, Қазақстанның бірқатар қоғамдық қозғалыстары мен бірлестіктері ресми мәртебеден айырылды.

Бүгінгі таңда қазақстанда қоғамдық көппартиялық жүйе бірыңғай емес. Бірқатар саяси элиталар, кризистік дәстүрлі идеологияның айтарлықтай өнімі ретінде, партияны белгілі бір таптық мүдделер тұрғысынан қарады (Қазақстанның Коммунистік партиясы), Қазақстанның демократиялық партиясы «Ақ жол», үшінші – әлеуметтік әділеттілік үшін күрес құралы сияқты (Қазақстанның азаматтық партиясы, «Руханият» партиясы), төртіншілер үшін партия – қоғамға өзінің патриотизмін көрсету мүмкіндіктері болды. (Қазақстанның демократиялық партиясы «Халық рухы»). Партиялардың саяси күреске қатысу сипаты әрқилы. Әйтсе де, осылай және басқаша, Қазақстандағы партиялар қоғамда болып жатқан әлеуметтік – ақиқат үрдістерді бейнелейді. Әрбір саяси партия жүйесінің бағалылығы, қоғамдық жұмысты көру ерекшелігі және Республиканы өркендетудегі белгілі бір идеология көрінісі іспеттес, мұның өзі олардың саяси бағдарламаларында да көрініс табады.

Алайда, ұлттық саяси партиялардың азғана құрылу тарихы олардың аттары мен бағдарламаларының мазмұны нақты ақиқат жағдайды және олардың көшбасшыларының ұмтылыстарын әуақытта білдіре алмайтындығын көрсетті. Осы тұста қазіргі замандағы Қазақстандағы қоғамдық эволюция бағытының Европалық қоғамдағы даму үрдістерінен көбнесе принциптік тұрғыдан ерекшеленетінін, тәуелсіз жас мемлекеттерге үлгі ретінде ұсынылатынын байқамауы мүмкін емес. Республикадағы реформалық үдеріс қоғамда қалыптасу жүріп жатқанын, онда өте терең әлеуметтік әрқилы орын алып, «байлар» мен «кедейлердің» табыстарының алшақтығы артып, жекеменшіктік шексіздіктің жалнасып жатқанын сендіре түседі.

Бір жағынан соңғы жылдары 90 жылдардағы көптеген келеңсіздіктер еңсерілді. Республика экономикасы серпінді даму жолына түсті, екінші жағынан қоғамдық даму проблемесінің бір бөлігі жасырын, біршама қадағалаудағы сипат алды, бұл саяси партиялардың не бағдарламалық құжатында, не қызметтерінде бірдей көрініс таппады.

Соңғы уақытқа дейін негізгі саяси қарсыластардың қарама-қайшылығы екі әлеуметтік топтың тек саяси жеке экономикалық мүдделерін ғана көрсетті. Олар: қатары аз қаржылық-әкімшілік элита мен кедейшілік шегінде өмір сүріп жатқан, жұмыс істеп жатқан билікке өкпелі, коммунистік және ұлттық патриоттық электораттық негізін құрайтын азаматтар. Сондықтан да қазіргі жағдайда тұстас көзқарастар жүйесін жетілдірудегі міндетті орындау жандана түсуде. Мұның өзі дамып келе жатқан Қазақстандық қоғамдағы гуманды және демократиялық қайта құрылудың саяси негізі болып табылары сөзсіз. Осындай тұстас жүйе коммуникация плюрализмі базасында құрылуы тиіс, осылайша ол қазіргі заманғы мемлекет пен қоғам жағдайының бірдей түсіністігі мен бағасына қол жеткізе алады. Әйтсе де мұндай коммуникация плюрализмі әзірге байқалмайды. Партия және оның жетекшілері барлық жауапкершілікті мемлекетке артып, азаматтардың әлеуметтік мүмкіндіктері және олардың өмірлік тұрмыс жағдайларын көтеру жөнінде жауапкершілікті сезінбеуде. Осыған орай, объективті, тиімді және өзара байланысты, саяси коммуникациялық байланыс келешекте жоғары әлеуметтік берекесіздікке, шиеленіске және күтпеген оқиғаға әкеліп соғуы мүмкін.

ҚР Президенті келешектегі қақтығыстарды болдырмау және көп ұлтты мемлекетімізде саяси тұрақтылықты сақтау үшін Конституцияға өзгерістер енгізуге бастама жасады. (1). Конституциялық реформаның нәтижесінде президенттік өкілеттіктің мерзімі 7 жылдан 5 жылға түсірілді, бұл мәселе 2012 жылдан бастап, яғни үшінші рет сайланған қазіргі Президент Н. Назарбаевтың өкілеттігі аяқталған кезде күшіне енеді. Мәжіліс депутаттары партиялық тізім бойынша сайланады. Осылайша, келешекте еліміздің саяси жүйесін елеулі трансформация күтуде: президенттік Қазақстан бірте-бірте президенттік-парламенттік республикаға айналады. Осыған орай қоғам алдында саяси партиялардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жауапкершіліктері өседі.

Осындай басқарудың аралас формасы, президенттік-парламенттік республика бұрын Орта Азия Республикаларына тән емес болатын. Бүгінде Франция, Финляндия, Португалия, Ирландия, Исландия, Армения, Литва және Словакия президенттік-парламенттік республикалар болып табылады. Осы тұста мына мәселені де ескере кету керек, басқарудың аралас түріне мынандай республикалар-президент және парламент өздерінің билік өкілеттігі шегінде үкіметті жинақтау құқығына өзара бәсекелесуі мүмкін, ал қазақстанның қазіргі саяси жағдайында мұны көз алдына елестетудің өзі күрделі. Республика негізгі заңына енгізілген түзету бірден күшіне еніп кетеді деген сөз емес. Парламенттің таяудағы сайлауы тек 2009 жылы ғана өткізіледі. Сондықтан да парламентаризм кезеңі табалдырығында тұрған еліміздің саяси партияларына өз қызметтерін саралауына, жаңа күрес стратегиясын талдап, күштерін шоғырландыруына, ойлануларына әлі де уақыт бар.

Елімізде нағыз билік 2009 жылдан кейін парламенттік сайлау нәтижесі бойынша құрылған партия немесе коалицияға тиісті болады. Еліміздің Заңдылық органдарында ең ықпалды партиялардың бірі – ҚР Президенті басқаратын «Нұр Отан» партиясы болады, парламентте оның үлесіне 77 орынның 46-сы тиеді. Саяси реформаларды жүргізуде «Нұр Отан» партиясы ресми партия ретінде үлкен роль атқарады. Әйтсе де мына мәселені ескермеуге болмайды, қазіргі заманғы сайлау науқандарында саяси технология және қаржылық-ұйымдастырушылық ресурстар үстемдікке ие болады, ал, саяси партиялардың мақсаты бір-бірінен ерекшеленбейді: олар-қазақстандықтардың алауқатын көтеру, кең ауқымды әлеуметтік саясат жүргізу, әділетті гүлденген қоғам және басқалар. Сондықтан да болжам салыстырмалы, қандай партияның қауқарсыз болатындығын уақыт көрсетеді.

Бүгінде анық бір нәрсе бар: парламенттік сайлау Қазақстанның саяси өмірінде жаңа беттерді ашады, ал, президенттік басқару формасы тарихқа айналуы мүмкін. Әйтсе де осы жерде мынандай сұрақ туындайды: еліміз осындай өзгерістерге әзір ме, халықтың саяси санасы, президенттік-парламенттік республика болып құрылуы үшін партия және саяси элиталардың өздерінің саяси мәдениеті пісіп-жетілді ме?

Саяси реформа әртүрлі әлеуметтік топтарды жақын-дастырудың жұмыс істейтін механизмін талдап жасауды белгілеп берді, партиялар, қозғалыстар, кәсіподақтар, кәсіпкерлер одағы кімнің мүддесін көздейтіні, олардың мақсаты мен міндеті бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетінін ескерді. Қоғамға оңтайлы да қолайлы әдіспен қазіргі және келешектегі ел алдындағы өткір проблемаларды шешу үшін саяси басқару жүйесіндегі трансформацияға қарамастан құнды диалог қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (Қазақстан Республикасы Парламенті Ведомосты, 1996 ж, №4, 217 бап; 1998 ж, № 206, 245 бап. (Қазақстан Республикасының заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар 21.05.2007 № 254-3 // «Казахстанская правда» 2007 жылғы 22 мамыр № 76).
2. 28.09.1995 № 2464 «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» Конституциялық заңы. // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1665 ж. , № 17-18, 114 бап; Қазақстан Республикасы Парламенті Жаршысы, 1997 ж, № 12, 192 бап; 1999 ж, № 10, 640 бап ; № 15, 593 бап; 2004 ж., №7, 45 бап, 2005 ж., № 7-8, 17 бап (Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына енгізілген өзгерістер 22. 12. 2006 № 208-3 II «Казахстанская правда» 30. 12. 2006 ж).
3. Қазақстан Республикасы заңы 15. 07. 2002 . №344-2 «Саяси партиялар туралы» // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж. , № 16, 153 бап; 2005 ж. , № 5, 5 бап; № 132, 53 бап.

«Политические партии Казахстана в преддверии эпохи парламентаризма»

Бактиар Алдашов – доктор социологических наук, профессор кафедры «Финансы» Таразского института МКТУ им. Х.А Ясауи

Особенности современного политического процесса в Казахстане определяются многими специфическими факторами, характером деятельности самих участников данного процесса и теми связями, которые возникают между ними. Политический процесс отражает динамику развития политической жизни общества и представляет собой форму функционирования политической системы. Сегодня Казахстанское общество стоит на пороге нового качественного преобразования государственного управления и политических институтов, определяющих динамику и содержание политического процесса.

“Political parties of Kazakhstan at a threshold of an era of parliamentarism”

Baktiар Aldashov – PhD in Sociology, professor of finance department of Taraz institute of MКТU named after H.A. Yasawi

The distinctive features of the modern political process in Kazakhstan are defined by many specific factors and by nature of activities of participants of the given process themselves and by those ties which arise between them. The political processes reflect a dynamic of development of political life of society and represent a special form of functioning of political system. Today the Kazakhstani society is standing at a threshold of a new qualitative transformation of state administration and political institutes that define the dynamic and content of political process.

ҮЕҰ және олардың осы заманғы демократиялық қоғамдағы орны

Гүлнар ЖАҚЫПОВА,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың социология кафедрасының
ізденушісі

Сонғы жылдары еліміздің әлеуметтік-саяси өмірінде қоғамдық қатынастар саласындағы түбірлі өзгерістер, тұрғындардың азаматтық белсенділіктерінің өсуі басым сипат алды. Азаматтық қоғам институттарын үдемелі және дәйекті түрде қалыптастыру, азамат пен мемлекеттің арасындағы серіктестік қатынастың орнығуы реформаларды алға бастырудың көзге айқын шалынатын индикаторына айналды.

Кез келген демократиялық қоғамның мемлекеттік және жекеменшік сектормен өзара қатынаста болатын дамыған «үшінші» сектормен сипатталатындығы белгілі, мұның өзі көпшіліктің әлеуметтік маңызы бар шешімдерді қабылдау мен оларды бірге жүзеге асыру процесіне қатысу механизмінің пайда болуын негіздейді.

Азаматтық қоғам қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі үкіметтік емес ұйымдардың іс-қызметі болып табылады.

Егер жағдайды абстрактілі-ықтималдық модельдіқта бағалайтын болсақ «үшінші сектор» елдегі қоғамдық-саяси процестерді одан әрі демократияландыруға оң ықпал етеді. Ерікті негізде іс-әрекет жасап және бастама көтере отырып көптеген ҮЕҰ қазірдің өзінде әлеуметтік саланың өткір мәселелерін шешуге айтарлықтай үлес қосуда.

Мәселен, мұны көп балалы және жалғызбасты аналардың, жетім балалардың, қиын жасөспірімдердің, экологиялық апаттар құрбандарының проблемаларымен айналысатын үкіметтік емес ұйымдарға қатысты айтуға болады. Түрлі әлеуметтік топтар мүдделерінің көптірлілігін көрсететін үкіметтік емес ұйымдардың тармақталған жүйесін қалыптастырып, нығайту еліміздегі азаматтық қоғамды орнықтырудың маңызды индикаторы болып табылатындығы күмәнсіз.

Талдау бүгінгі күні Қазақстанда қоғамдық бірлестіктерден, қорлардан, мемлекеттік емес коммерциялық мекемелерден және әлеуметтік мәселелермен айналысатын басқа да ұйымдардан тұратын жеткілікті дәрежеде дифференциалданған үкіметтік емес сектордың қалыптасқанын көрсетеді.

Сонғы жылдары еліміздің әлеуметтік саяси өмірінде түбегейлі өзгерістер болуда, халықтың азаматтық белсенділігінің өсуі байқалады. Бұл мағынада үкіметтік емес ұйымдардың тармақталған жүйесін құру және нығайту Қазақстандағы азаматтық қоғамды қалыптастырудың маңызды индикаторы болып табылады. Нақ үкіметтік емес ұйымдар қоғамдық қатынастардың өзіндік бір реттегіші болып табылады, мемлекет пен азаматтардың арасын жалғастырушы ролін атқарады, өзіне қоғамдағы әлеуметтік жаңғырулардың көптеген функцияларын алады.

Ең алдымен, Қазақстанда «үшінші сектордың» қалыптасуының қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасуына орайлас келгендігін атап айту қажет. Мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара қатынасын талдау

шартты түрде үш кезеңді бөліп алуға және оларға қысқаша сипаттама беруге мүмкіндік береді:

1. кезең - «стихиялық», көптеген ҮЕҰ-ның стихиялы түрде құрылу процесімен, мемлекеттің үкіметтік емес секторға көңіл аудармауымен ерекшеленеді;

2. кезең - «талдау», мемлекеттің «үшінші секторға» қатысты тек жалпы позициялары ғана айқындалған, үшінші сектормен өзара қатынас жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясат толық мөлшерде жасалынбаған;

3. кезең - «ынтымақтастық». Бұл үкіметтік емес ұйымдармен өзара қатынас жөніндегі мемлекеттік механизмді жасау мәселесін қоюмен сипатталатын сапалық жаңа кезең. Мұндай жағдайда үкіметтік емес сектордың мемлекетпен тең құқықты серіктестік принципіне нақты ынтымақтасуы үлкен маңызға ие болады.

Демократиялық қоғамда ҮЕҰ көптеген функцияларды орындайды, олардың арасындағы негізгілері мыналар болып табылады:

- тұлғаны саяси әлеуметтендіруге қатысу;
- көпшіліктің жергілікті проблемаларды шешуге қатысуын қамтамасыз ету;
- саяси шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатысу;
- үкіметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысу механизмі;
- қоғамдық қызметке қатысу тәжірибесі өзге саяси қызметке (мемлекеттік, партиялық) дайындық іспетті;
- кәсіптік кадрларды дайындау.

Әдебиетте ҮЕҰ-ның көптеген анықтамалары бар: non-governmental organizations, НКО, НКПО, НГО.

Талдау мақсаттары үшін үкіметтік емес ұйымдардың бес негізгі сипаттамасын: коммерциялық емес, мемлекеттік емес, саяси партия емес, діни бірлестік емес, олардың қоғамдық пайдалы қызметін бөліп алуға болады.

Бұл жерде ондай сипаттамалардың өзінде қарама-қайшылықтар бар екендігін, сөздің белгілі бір мағынада «өзін жоққа шығаратындығын» ескерту қажет. Сондықтан ҮЕҰ-ның қоғамдағы орнын анықтаған кезде байыпты қатынас аса маңызды.

Бұл сипаттамалардың әрқайсысын бөлек алып қарауға болады:

- коммерциялық емес: қаржыландыру шарты - гранттар, субсидиялар, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс формасы + ұйымды дамыту мақсатында коммерциялық қызметпен айналысу мүмкіндігі;
- мемлекеттік емес: дегенмен ҮЕҰ мен мемлекеттің өзара қатынасы қажет - заңдылық база;
- саяси емес: сайлауға, үгітке қатысу + саяси партиялармен бірдей қатынаста болу;
- діни емес: айырым критеріі, мақсаттардың ортақтығы болуы мүмкін;

- қоғамдық пайдалы қызмет: мемлекеттегі әлеуметтік саясатты жаңаша түсіну.

ҰЕҰ-ның осынау функциялары мен сипаттамаларынан шығара отырып мемлекет бүгінгі күні «үшінші секторға» қатысты саясатын қалыптастырады. Бұл жерде бүгінде қоғамдық секторды бірінші кезекте сапалы, салмақты, ең алдымен, ұйымдық-практикалық жағынан қолдау проблемасы туындайды.

Әлеуметтік маңызды міндеттерді жүзеге асыруда үкіметтік емес сектордың мемлекетпен тең құқықты серіктестік принципіне нақты ынтымақтасуы үлкен маңызға ие болады.

Елбасының 2000 жылғы 24 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауында «Үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар бүгінгі күннің өзінде Қазақстандағы құқыққорғау қызметінде де және қоғамды әлеуметтік тұрақтандыруда да үлкен рөл ойнайды. Әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыруға, жекелей алғанда, грант жүйесі арқылы, байыпты мемлекеттік қолдау қажет. Бұл орайда да ауқымды жұмыстарды бастайтын уақыт жетті» делінеді. Президенттің 2002 жылғы Жолдауында да «азаматтық қоғам институттарының одан әрі дамуына қолдау жасау» міндеті қойылғандығын атап өту қажет.

Бүгінде мемлекетті «үшінші секторға» «бет бұрды» деп сеніммен айтуға болады, бұған ол үкіметтік емес ұйымдардың демократиялық процестердегі рөлін сезіну арқылы келді. Бұған Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдау Концепциясының қабылдануы мысал бола алады. Концепцияда еліміздегі қоғамдық сектордың қазіргі кездегі жағдайына талдау жасалынған, үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың мақсаттары мен басымдықтары, оны жүзеге асырудың деңгейі, принциптері мен механизмдері айқындалған.

Үкіметтік ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың негізгі мақсаты ретінде Концепцияда Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік саясатты жүргізуде қатынастардың жаңа үлгісін қалыптастыру, әлеуметтік бағытталған үкіметтік емес ұйымдарға олармен белсенді ынтымақтасу жолымен тиімді қолдау көрсету, оларды әлеуметтік маңызды проблемаларды шешуге тарту, акпараттық, консультативтік, әдістемелік, ұйымдық-техникалық қолдау, сонымен қатар оларға мемлекеттік тапсырыс арқылы көмек көрсету жайлары айқындалған.

Аталған Концепцияда «үкіметтік емес» түсінігі сақталынады, өйткені Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында, оны орындау үшін де осы Концепцияның жобасы жасалынып отыр емес пе, нақты «үкіметтік емес ұйымдарды» мемлекеттік қолдау жайында айтылады.

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау формаларына қатысты былай деп атап көрсетілген: «...заңдылық үкіметтік емес ұйымдарды қолдаудың мемлекеттік саясатын тікелей қарастырмайды, бір-бірінің істеріне араласпау принциптерін және өз қызметін тараптардың келісімдері негізінде атқаруды бекітеді». Өз кезегінде Қазақстан Республикасының «Үкіметтік емес ұйымдар туралы» Заңының 9 бабының 1 тармағында: «Мемлекет Қазақстан Республикасының заңдылығында белгіленген тәртіппен үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне соңғылары мемлекеттік органдарға өтініш жасаған жағдайда акпараттық, консультативтік, әдістемелік, ұйымдастыру-техникалық көмек көрсетеді» деп тұжырымдалады.

Сол сияқты 2001 жылғы 16 қаңтардағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңның 40-бабы коммерциялық ұйымдар өз қызметінің мақсаттарына сәйкес мемлекеттік органдармен олармен келісім жасап, олар үшін белгілі бір жұмыстар орындау жолымен ынтымақтаса алады деп белгілейді. Бұл ережелерден коммерциялық емес ұйымдар атқарған жұмыстың тегін істелінбейтіндігі түсінікті болып шығады, оны мемлекет төлейді. Сөз коммерциялық емес ұйымдардың қызметін тікелей қаржыландыру туралы болып отырған жоқ. Мемлекет коммерциялық емес (үкіметтік емес) ұйым тарапынан белгілі бір жұмыстың атқарылғандығы ту-

ралы келісім шарт жасап немесе келісімге қол қоя отырып конкурстық іріктеу жолымен белгілі бір әлеуметтік проблеманы шешеді.

Әлеуметтік тапсырыс формасындағы мемлекеттік қолдау биліктің республикалық, өңірлік және жергілікті органдарының әлеуметтік және қоғамдық-пайдалы бағдарламаларды нақты орындау және атқарылған жұмыс үшін тиісті төлем алу мүмкіндігін беру арқылы жүзеге асырылады. Концепцияның 3 тарауында «Әлеуметтік тапсырыстың тақырыбы нақты әлеуметтік-маңызды проблемаларды шешуге бағытталынған мақсатты әлеуметтік шараларды (акцияларды, бағдарламаларды) жасау және (немесе) жүзеге асыру, сонымен қатар республикалық және жергілікті мақсатты бағдарламалар шараларына конкурстық негізде қатысу болып табылады» деп анық айтылған.

Қойылып отырған мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер айқындалып отыр:

1. мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара қатынасы мен ынтымақтасуы жүйесін жетілдіру;
2. азаматтық бастамашылдықтың өсуі үшін жағдай жасау;
3. мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы әлеуметтік бағытталынған үкіметтік емес ұйымдардың бағдарламаларын қаржыландыру;
4. мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің өзара қатынасы жөнінде Кеңестер құру;
5. бірлескен шаралар өткізу (конференциялар, «дөңгелек үстелдер», семинарлар, әлеуметтік маңызды проблемалар бойынша тренингтер, қайырымдылық, мәдени-көпшілік акциялары және басқалар);
6. Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдарының қызметін акпараттық қамтамасыз ету;
7. үкіметтік емес ұйымдарды тіркеу шарттарын жұмсарту.

Бұл жерде үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдауды қалыптастыру және жүзеге асыру мәселелеріне деген қатынас мынадай принциптерге негізделуі тиіс:

- заңнамалық - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдылық нормаларын сақтау;
- серіктестік - үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік органдардың әлеуметтік проблемаларды шешуге, әлеуметтік саясаттың басымдықтарын айқындауға бірлесе қатысуы;
- ашықтық - тараптардың ашықтығы және мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты беруде барлық мүдделі үкіметтік емес ұйымдар үшін акпараттың жалпы қолжетімділігі;
- тең құқықтылық - барлық үкіметтік емес ұйымдардың теңдерге қатысудағы тең құқығын қамтамасыз ету;
- келісімділік - қойылған мақсатқа қол жеткізу және жалпы қызметті ұйымдастыру әдістері бойынша келісілген шешімдер қабылдау;
- жауапкершілік - тараптардың әлеуметтік тапсырысты орындауда бекітілген мемлекеттік келісімшартты қатаң сақтауы.

Концепцияда үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау әртүрлі формаларда: акпараттық, консультативтік, әдістемелік, ұйымдастыру-техникалық, сонымен қатар мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы қолдау көрсету түрінде жүзеге асырылуы мүмкін екендігі айқындалған.

Қазіргі кезде Концепция базасында үкіметтік емес ұйымдарды 2006-2008 жылдарға мемлекеттік қолдау Бағдарламасы жасалынған. Бағдарлама еліміздің мемлекеттік органдары мен үкіметтік емес ұйымдарының арасында серіктестік қатынастардың тиімді жүйесін құруға бағытталынған.

Бағдарламаның мақсаты - азаматтық қоғамның бір бөлігі ретінде Қазақстанда үкіметтік емес ұйымдардың тұрақты дамуы үшін жағдай жасау және олардың мемлекеттік билік органдары тарапынан қолдау және өзара қатынас негізінде қоғамның әлеуметтік маңызды проблемаларын шешудегі рөлін күшейту.

Бағдарламада кешенді шешімі үкіметтік емес ұйымдардың сапа жағынан өсуін ынталандыратын мынадай міндеттер айқын көрсетілген:

- мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара қатынасы мен ынтымақтастығы жүйесін жетілдіру;
- әлеуметтік мәселелерді шешумен айналысатын еліміздің үкіметтік емес ұйымдарына ақпараттық, консультативтік, әдістемелік, ұйымдастыру-техникалық қолдау көрсету;
- үкіметтік емес ұйымдардың қызметін қамтамасыз ететін құқықтық базаны жетілдіру;
- мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жүйесін қалыптастыру;
- мемлекеттік қызметкерлердің үкіметтік емес ұйымдармен ынтымақтасу және өзара қатынасы мәселелері бойынша дайындықтарын және мамандану дәрежелерін көтеру жүйесін жасау;
- үкіметтік емес ұйымдар қызметінің мониторингі;
- халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту.

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін белгіленген шараларды кезеңімен орындауды көздейтін Шаралар жоспары жасалынған. Жоспар мемлекеттік органдардың Бағдарламаны орындау жөніндегі қызметін үйлестіруге және бақылауға мүмкіндік береді.

Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың республикалық Бағдарламасын қабылдау дәл осындай аумақтық бағдарламаларды жасауға және жүзеге асыруға ықпал етті, мұның өзі ҰЕҰ-ның өңірлердегі жұмысын жандандыра түсті.

Бағдарламаны дайындауға меморгандар, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдар өкілдерінің қатысқандығын атап өту қажет.

Мемлекеттің қоғамдық сектордың қызметін заңнамалық қамтамасыз ету жөнінде елеулі шаралар қабылдауының арқасында бүгінде ҰЕҰ қызметін реттеу бөлігінде заңнамалық база жетілдірілді.

Осы жерде жаңадан қабылданған «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» Заңды атап өту қажет. Аталған

Заңда үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдаудың басымдықтары, принциптері, механизмдері, тараптардың міндеттері, оны жүзеге асырудың деңгейі көрсетілген. Заң үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен әлеуметтік маңызды проблемаларды шешуге қатысуы үшін құқықтық негізді қамтамасыз етеді.

Заң ҰЕҰ мен мемлекеттің өзара қатынастарының құқықтық негізін жасайды, олардың қатынастарын өркендетті және сөздің шын мәнінде серіктес ете түседі. Бүгінде мемлекет қандай да бір проблеманы шешуде де әкімшілік ресурсқа мейлінше аз сүйенуі керек. Қолдау, соның ішінде қаржылай қолдау көрсете отырып «үшінші сектормен» өзара сенімді қатынас орнату маңызды. Заң көптеген мемлекеттік органдарға, соның ішінде орталық, өңірліктерге де, серіктестік қатынас орнату үшін мүмкіндіктер ашып отыр.

ҰЕҰ үшін Заң әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру кезінде бұрыннан барларына қосымша қаржыландыру көздерін жасайды.

Қоғам үшін жалпы алғанда заң азаматтық қоғам орнатудағы жаңа кезеңді паш етті. Ол ҰЕҰ санының олардың жұмысындағы жаңа сапаға ауысуына ықпал ететін болады.

Сонымен, мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың өзара қатынасының негізгі мақсаты Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік саясатты жүргізудегі қатынастардың жаңа үлгісін жасау, әлеуметтік бағытталынған үкіметтік емес ұйымдарға олармен белсенді ынтымақтасу, оларды әлеуметтік маңызды проблемаларды шешуге тарту арқылы тиімді көмек, қолдау көрсету болып табылады.

Мемлекеттік және коммерциялық емес секторлардың ынтымақтасуы шеңберінде қазіргі сәтте бірлесе жүзеге асырылған бастамалардың, әлеуметтік маңызды жобаларды орындаудың, бірлесе жемісті жұмыс істеудің мысалдары белгілі. Сонда да болса, ынтымақтастықты дамыту кезеңі жаңа басталды деп сипатталады және бұл салада біздің ортақ мақсатымыз - Қазақстан Республикасында еркін, тиімді және қауіпсіз қоғам орнатуға қол жеткізу шеңберінде көп жұмыстар атқару қажет болады.

«НПО и их место в современном демократическом обществе»

Гульнара Жакупова – соискатель кафедры социологии КазНУ им. аль-Фараби

Одним из наиболее значимых достижений в продвижении демократических реформ в Казахстане, направленных на сохранение внутривнутриполитической стабильности и консолидацию общества, является процесс становления казахстанских неправительственных организаций. Неправительственные организации являются своеобразным регулятором общественных отношений. Функционируя в роли посредника между государством и гражданами, НПО пропускают сквозь себя интересы социальных слоев и нацеливают государство на решение острых социальных проблем. Безусловно, неправительственные организации уже сегодня вносят заметный вклад в решение различных проблем социальной сферы.

В настоящей работе рассмотрены этапы становления и развития НПО в Казахстане с конца 1980-х годов по сегодняшний день с определением их функций и характеристики. Вместе с тем, определены основные направления государственной поддержки НПО в рамках существующего законодательства Республики Казахстан.

“NGOs and their place in the modern democratic society”

Gulnara Zhakupova – candidate at the department of sociology of KazNU named after Al-Farabi

One of the most important achievements in advancement of democratic reforms in Kazakhstan aimed at preservation of internal political stability and consolidation of society is the process of establishment of Kazakhstan non-governmental organizations. Non-governmental organizations represent a unique regulator of public relations. While functioning as a middleman between a state and society, NGOs allow the interests of social layers through them and aim the state to focus on resolution of acute social problems. Undoubtedly, non-governmental organizations already today are greatly contributing to resolution of problems of social sphere.

The article examines the stage of establishment and development of NGOs in Kazakhstan from the end of 1980s up to the present day, defining their functions and features. At the same time the main aspects of state support for NGOs in the framework of existing legislature of the Republic of Kazakhstan are defined.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы мақта өндірісіндегі маркетинг басқару жүйесін жетілдіру

Гүлмира ӨЗІРЕТБЕРГЕНОВА,

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінің
ізденушісі

Өндірістің ағымдағы тактикасы мен стратегиясын нарыққа бейімдеуге жол ашуы, маркетинг концепциясының негізі болып саналады.

Өндіріс бір нәтижеге жету үшін өнім өндіруде, өндірістің барлық күшін, ресурстарын пайдалану арқылы өндіріс маркетингі ұйымдастырылуы қажет.

1985 жылы (АМА) Американдық маркетинг ассоциациясының маркетингке берген анықтамасы төмендегідей: Маркетинг – бұл жоспарларды жүргізу және ойларды жүзеге асыру, бағалау, идеяларды ортаға салу және оларды іске асыру, тауарларды және қызметтерді алмастыру, әртүрлі тұлғалардың немесе бір ұйымның мақсаттарын қанағаттандыру болып табылады [1].

Маркетинг – бір өндірісті нарықтың шарттарын есептей және әсер ете отырып пайда табу арқылы басқару жүйесі. Бірақ батыс экономистері маркетингке бір жақты түсініктеме беру, оның мүмкіндіктерін шектеумен пара-пар деп есептейді.

Француздық маркетинг мамандары А.Оливье, А.Дайан және Р.Урсе көзқарасына сүйенсек, маркетинг тұтынушының сұранысына жауап беру ғана емес, ең бастысы бизнес үшін тұтынушыны жаулап алу мүмкіндігі деп қарастырады [2].

Нарықтық экономикада экономиканың барлық саласында маркетинг қарым-қатынастар негізінде іске асырылады. Ауылшаруашылығында өндірісті басқару және оны ұйымдастыру барысында, өндірістің барлық саласын қамту арқылы басқаруда, нарықтың конъюктурасын өзгерту шарттарында, өндірістің өнімін сатуда, қызметтерден пайда табу негізінде жүзеге асады.

Ауылшаруашылығындағы соның ішінде мақтаны өсіруге инвестиция салуға адамдар онша құмбыл емес. Себебі барлық агроөндірістің жемісі ретінде мақтаның пайдасы тікелей ауа-райына тәуелді.

Қазіргі таңда қоғамда сұраныстардың өсу қарқынында, маркетинг шектеулі ресурстарды рационалды түрде сұраныспен ұсынысты тепе-теңдік қалыпта пайдалануға бейімдейді.

Мақта өсіруде де барлық агроөндірістің бастапқы негізгі өндіріс көзі жер болып табылады. Тарихтан білетініміздей барлық уақытта жер үшін таластар болған және барлық жер дауларын мемлекет тарапынан реттеуге тырысқан. Қазақстан егемендік алғаннан кейін, жерді құқықтық нор-

мативтік актілер арқылы жекеменшіктерге беру басталды. Осының негізінде жерге иелік етудің әр түрлі формалары пайда болды. Бұлар мемлекет, жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, шаруа қожалықтары, т.б., жекеменшіктің түрлері қалыптаса бастады.

Дүниежүзінде урбанизация жедел қарқындап дамып келеді. Сондықтанда бүкіл дүние жүзінде жерді, ауылшаруашылық өнімдерін өсіру барысында, жердің құнарлылығын сақтау және құнарлылықты одан ары жетілдіруді қамтамасыз ету үшін ғылыми тұрғыдан жұмыстар жүргізілуі тиіс. Жер ресурстарын үнемдеп пайдаланып, жердің өнімділігін арттыру қажет.

Мақта саласындағы маркетингтік жүйені қалыптастыру үшін, нарықтық экономикада бір сала ретінде ырыққа көндіру және басқару болып саналады.

Өндеуші кәсіпорындарды шикізатпен қамтамасыз ету - өндірістің жұмысын жандандырудың бірден-бір көзі болып табылады. Қазақстан бойынша мақта дақылын Оңтүстік Қазақстан облысы өсіреді, сонымен қатар Қызылорда облысының Жанақорған ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданымен шектестен кейбір шаруа қожалықтары соңғы 2-3 жылда мақта егуде. Оңтүстік Қазақстан облысында мақта өсіруге барлық климаттық жағдайы қалыптасқан.

Оңтүстік Қазақстан облысы – Қазақстанның ең шеткері оңтүстік облысы болып табылады. Оған өткір континенттік климат тән, бұл облыстың мұхиттардан алыс орналасуына байланысты. Бұл өңірдің қысы жұмсақ, жазы өте ұзақ болуымен ерекшеленеді. Аясыз мерзім ұзақтығы 140 күннен 210 күнге дейін жетеді. Орташа тәулік температурасы 23 градустан жоғары ыстық кезеңнің ұзақтығы 4 айдан көпке созылмайды.

Оңтүстік Қазақстан облысының ауыл шаруашылығындағы жалпы өнімді салыстыра келгенде, өсімдік шаруашылығында ең үлкен үлестің пайызы мақтаға келеді. Бұл өңірдегі халық мақта өсіруге дағдыландықтан, ауыл шаруашылығымен шұғылданатын ауылдардың барлығы мақта өсірумен айналасады. 2000 жылдан бастап Қазақстан Республикасы мақталық егістік аймақтарды ұлғайту жүргізілді. ОҚО-ның статистикалық орталығының мәліметіне сүйенсек 2002 жылы азғантай қысқарту жүргізілді. Ал 2003 жылы мақта өсіретін егістік алқабы 199,9 мың гектарға қайтадан ұлғайды. Қазіргі уақытта әр жылы мақта алқаптарының жер көлемдерінің ұлғайғанын көре аламыз.

Басқару жүйесін өндірісте жақсы жолға қою үшін, міндетті түрде оңтайлы ұйымдастырудың негізгі талаптары мен қағидаларын ұстану керек. Мақта саласындағы маркетинг жүйесін жетілдіру мақсатында мына төмендегі жобаларды іске асыру қажет.

Оңтүстік Қазақстан облысының өңірдің маркетингін жетілдіру қажет. Жетілдіру үшін өңірдің беделін қалыптастырып және ілгерілету қажет. Оңтүстік өңіріндегі жергілікті халықтың ауылушылық өнімі мақта болғандықтан үкімет тарапынан және атқарушы жергілікті әкімшіліктердің маңызды міндеттерінің бірі өндірісті ұйымдастырудың әлемдік тәжірибесін пайдалануға ұмтылу қажет. Осыған байланысты олар өңірдің маркетингі бойынша мынандай бағыттарды қамтитын жеке іс-қимыл жоспарын әзірлеу қажет:

- өңірдің брендін қалыптастыру және ілгерілету-инвестициялық маркетинг;
- өңірдің ақпараттық саясаты;
- өңірдің брендін қалыптастыру және ілгерілету.

Өңірдің стратегиялық ресурстарын айқындаумен маркетинг зерттеулер жүргізуді қалыптастыру қажет және осы зерттеулер нәтижесінде мақта саласының даму стратегиясын жергілікті өңірдің ерекшеліктерін, нарықтың өзгерістерін ескере отырып, қалыптастыруды қамтиды.

Агроөндірістік кешенді басқару жүйесін жетілдіру дегеніміз агроөнеркәсіптік өндіріс ошақтарының келешегіндегі басып бағыттарын, сыртқы макроортаның өзгерістерін есепке ала отырып, нарықтық қатынастардың даму барысын, әлемдік аренаға кіру барысына көңіл бөлінуі қажет.

Қазақстан өзінің дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша елу елдің қатарына кіру үшін өзінің стратегиясын белгіледі. Қазақстанның келешектегі даму белесіндегі басты басымдылық экономика екені айқындалды.

Қазақстан бүгінгі таңда әлеуметтік - экономикалық жаңару мен саяси демократияландырудың жаңа кезеңіне қадам басқалы тұр, өзіміздің әлемдік рейтинг кестесінің жоғарғы бөлігіне іліккен елдер тобының ішінен орын алуымыздың мақсаты, негізгі бағыты: “біріншіден өркенді де өршіл дамып келе жатқан қоғамның іргетасы тек ғана осы заманғы, бәсекеге қабілетті және бір шикізат секторының шеңберімен шектеліп қалмайтын ашық нарық экономикасы бола алады” - деді Н.Назарбаев [3].

Оңтүстік Қазақстан облысындағы мақта кластерін дамытудың басты ерекшелігі бұл өсірілген мақтаның тек шикізат көзі ретінде экспортқа шығарылуын азайтып, осы өңірде өңделіп тауар болуын, мата мен дайын тоқыма киім болуын қамтамасыз ету. Қазақстандағы мақта саласын әлемдік деңгейдегі бәсекелестікке қабілетті етуге бағытталады.

1. Мақта саласының маркетингтің сараптамасын жасау, сараптама негізінде мақта дақылын өсіретін шаруалардың жағдайын білу, тұтынушының сұранысына маркетингтік зерттеулер жүргізу, мақтаның сапасын арттыру болып саналады;

2. Қазақстандағы мақта өнімдерінің бәсекелестікке қабілетті ету үшін оны зерттейтін және сорттарын жетілдіре білу үшін, қазақстандық ғылыми - зерттеулер орталықтарын ашу қажет. Қазақстанның мақтасының сорттары, мақта өсіретін аймақтардың климаттық жағдайларына бейімдеу үшін ғылыми жұмыстары жүргізілуі және бұл зерттеулер үкімет тарапынан қаржыландырылуы тиіс;

3. Қазақстанның агроөндірістік кешендеріне шетелдік инвесторларды тарту қажет, тек мұнай, құрылыс саласы емес, ауылшаруашылығына инвестиция салуға міндеттеу

керек. Бұл пікірді жүзеге асыру тек үкіметтің қолынан ғана келеді;

4. Жергілікті мақта өсіруші фермерлердің бір-біріне тығыз байланысын нығайту, мақтаның баға саясатын бірге жүргізу. Қазіргі таңдағы жағдайда, фермерлер арасында бірлік жоқтықтан мақтаны сату барысында, бағалауда әр түрлі қиындықтарды азайту;

5. Қазақстандағы оның ішінде оңтүстік өңірінің суармалы жерлерінің құнарлылығын арттыру. Бұл үшін ауыспалы егісті қолға алу;

6. Жері өте аз 2-3 гектардан аспайтын шаруаларды бір шаруа қожалығына біріктіру. Жергілікті әкімшілікпен, шаруалардың өз қалауларымен жүзеге асуы тиіс;

7. Мақта өсірушілерге үкімет және жергілікті әкімшілік тарапынан қаржылай көмек көрсету, жеңілдетілген жанар-жағар майды алуды делдал фирмалар арқылы емес, тікелей май өңдеуші заводпен тікелей келісім-шартқа отыру;

8. Маркетолог маман өңірдің барлық ресурстарын (адам факторы, шаруа қожалықтары, шаруалардың техникалары, тасымалдау, мақта сортының сапасы, т.б.) факторларды зерттей отырып, шығыны ең аз жерлерге мақта жіп иіру, тоқыма өндірістерден ашуға ғылыми тұрғыдан сараптамалар жүргізу.

Маркетинг негізінде бір тауардың өнімін ұйымдастыру үшін нарықтағы бұл тауар тұтынушының сұранысын бар ма, жоқпа, тауардың сатылу мүмкіндіктерін зерттеу қажет.

Ішкі (жұмыс күші, олқылық тұстары, мүмкіндіктер және тәуекел етулер) және сыртқы (саясат, экономика, әлеуметтік жағдайлар, технологиялар) факторларды анализ ретінде сарапталу қажет.

Агроөндірістік кешендегі кәсіпорындарды күрделі экономикалық жүйе ретінде қарастыра аламыз. Олардың құрылымдық бөлімдері өздеріне тән қызметтерді атқара отырып, өнімді соңғы тұтынушыға жеткізудің ортақ технологиялық үрдісіне қатысады.

Ауылшаруашылық кешендегі агромаркетинг қызметі - бұл маркетинг қағидаларын мен әдістері негізінде әрекет ететін бір бөлімше. Оның құзырына кіретін қызметтер экономикалық жоспарлау, техника - өндірістік, зерттеушілік, өткізу мен валюта-қаржылық сипатындағы кешенді жұмыстарды шоғырландырып, оның қызметкерлерінің теоретикалық және практикалық дайындығының жоғарғы деңгейін талап етеді [4].

Маркетингтік басқарудың жетілдіруді ғылым тұрғыдан саралау үшін міндетті түрде мақта дақылының тұқымы себілгеннен бастап дайын өнім болуына дейінгі аралықтағы жұмыстардың оңтайлы ұйымдастырылуы нарықтық шарттар негізінде жүзеге асырылуға тиіс:

- Мақта тұқымының бағасы, оның қолайлы мезгілде себілуі;
- Ауа - райын болжау арқылы оған қанша күннен кейін су берілуін анықтау;
- Мақта дақылын культивация жасау;
- Мақтаның ашылуы үшін қосымша химиялық өңдеулерді қарастыру;
- Мақта дақылының жетілу барысына лабораториялық зерттеу жүргізу;
- Пісіп жетілген мақтаны жинауды ұйымдастыру;
- Мақтаны өткізуді, сатуды жүйелі түрде ұйымдастыру;
- Мақтаны шикізаттан дайын өнім текстиль-жіп өніміне айналдыру;
- Осы аралықтарды барлық шығындарды есептеу;
- Шығындардың азаюын қадағалау арқылы мақтаның өнімділігін арттыру.

Қазіргі таңда американдық маркетинг зерттеулер J.E.Austin фирмасымен бірге Қазақстандағы маркетингтік – сараптамалық зерттеу орталығы ОҚО-дағы мақта-текстиль кластерінің дамыту стратегиясын дайындады. Осы аналитикалық зерттеулерді негізге ала отырып, кластердің негізгі бағыты мақта дақылының тек шикізат ретінде экспортқа шығарылуы емес, дайын өнім шығаратын тоқыма өндірісін ашу және оны ары қарай жетілдіруге негізделген.

Қазақстан үкіметі тарапынан «Оңтүстік» атты ОҚО-да еркін экономикалық аймақ құру арқылы 2007 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап отандық мақта кластерін дамытуды жүзеге асыруда. Экономистердің зерттеулеріне сүйенетін болсақ бұл кластердің дамуы барысында отандық тауарлардық бәсекеге қабілетті етіп дайындағаннан кейін, әлемдік нарықта отандық тауардың алатын орны отандық тауар ретінде Қазақстанда, соның ішінде Оңтүстік Қазақстан облысындағы мақта-тоқыма өнеркәсібін дамыту барысында, киім тігу саласын-

да әлемдік бренддерді шығыны аз болуына байланысты өзіміздің саламызға тарта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Эванс Дж. Р., Берман Б. Маркетинг. - М.: Экономика, 1990.- 335 б.
2. Академия рынка: маркетинг. / Пер. с француз. А. Дайан, Ф. Беккерель, Р. Ланкар и др. - М.: Экономика, 1993.-258 с.
3. "Егемен Қазақстан" газеті. N 52 (24305) 2 наурыз, 2006 ж. Н. Назарбаев. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы.
4. Илиясов Д. Қ. Маркетинг: теориясы мен практикасы: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. - 34 б.

«Совершенствование системы маркетингового управления хлопковой промышленности в Южно-Казахстанской области»

Гульмира Азретбергенова – соискатель МКТУ им. Х.А. Ясауи

Хлопковый кластер в Южно-Казахстанской области имеет очевидный потенциал для успешной конкуренции на региональном и международном рынках. Проведенный анализ показал, что потенциал кластера, в первую очередь, определяется такими факторами как доступ к сырью, производимому в ЮКО, Узбекистане, Таджикистане и Туркменистане. На достижение высоких внешнеэкономических результатов нацелен весь хозяйственный механизм. С расчетом прежде всего на внешний рынок развивается производство, совершенствуются технологии, увеличивается ассортимент товаров. Ежегодно в Южном Казахстане выращивается 420-450 тыс. тонн хлопка-сырца. Из него получается 110-150 тыс. тонн хлопководока.

“Improvement of the system of marketing management of cotton production in the South Kazakhstan region”

Gulmira Azretbergenova, candidate of MKTU named after H.A. Yasawi

The cotton cluster in the South Kazakhstan region has an obvious potential for successful competition at a regional and international levels. The conducted analysis shows that a potential cluster first of all is defined by factors such as an access to raw materials, produced in South Kazakhstan region, Uzbekistan, Tajikistan and Turkmenistan. A whole complex of economic mechanism is aimed at reaching high foreign economic results. With the aim of reaching external market production is thriving as well as technologies are being developed and a range of produce is being widened. 420-450 thousand tons of raw cotton is grown annually in South Kazakhstan region. Out of that 110-150 tons of cotton fiber is being produced.

Сәкен Сейфуллин басқарған үшінші қазақ үкіметі

Сәбит ШІЛДЕБАЙ,

Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Үкімет жұмысының тиімділігі мен оның штаттық кестесінің ықшамдылығы және халыққа жақын болуы мәселесі бүгінгі тәуелсіз Қазақстан үкіметінің алдында тұрған өзекті мәселенің бірі. Бүгінгі үкімет мүшелерінің көпшілігі соңғы он-он бес жыл бойына мемлекеттік биліктің әртүрлі органдарында қызмет атқарып келе жатқан белгілі адамдар. Олардың басым көпшілігі орындаушылар ғана болып, өзі басқарған мемлекеттік билік органы тарихында ерекше із қалдырғаны некен-саяқ. Үкімет мүшелерінің шеңбер бойымен айналдырыла ауыстырылуы мен олардың қызметі барысында бәлендей өзгерістің бола қоймайтыны бүгінгі таңда ешкімді де таң қалдырмайтын үйреншікті құбылысқа айналған. Үніле зер салсақ, бұл құбылыстың сонау ХХ ғасырдың 20-30-жылдарынан бастау алатынын көруге болады. Біз осы орайда В.А.Радус-Зенькович басқарған бірінші қазақ үкіметі мен М.Мырзағалиев басқарған екінші қазақ үкіметінің тарихына, жеке құрамына алдыңғы еңбектерімізде [1] талдау жасаған болатынбыз. Ал осы еңбегімізде С.Сейфуллин басқарған үшінші Халық Комиссарлар Кеңесінің жеке құрамы мен ондағы өзгерістер тарихын талдауға тырыстық.

1922 жылдың 6-13 қазаны аралығында Орынбор қаласында Қазақ АКСР-індегі мемлекеттік биліктің жоғарғы органы болып табылатын Қазақ АКСР Кеңестерінің үшінші сиезі болып өтті [2]. Сиезге 377 делегат шешуші дауыспен қатысты. Оның 303-і коммунистік партия мүшесі болса, 13-і РКП(б) мүшелігіне кандидат еді. Сиез делегаттарының ұлттық құрамы төмендегідей болды: орыстар - 189, қазақтар - 150, өзге ұлттар - 33. Сиездің күн тәртібінде қаралған 12 мәселенің бірі - Қазатком мен Қазхалкомның істеген жұмысы және ҚАКСР-дың жалпы жағдайы туралы баяндама болды [3]. Сиез Қазатком мен Қазхалкомның жұмысы жалпы дұрыс деп бағалады және Қазаткомның жаңа құрамын сайлады. Қазаткомға 75 адам мүше және 30 адам мүшелікке кандидат болып сайланды [4].

1922 жылдың 13 қазанында жаңа сайланған Қазаткомның бірінші сессиясы жұмыс істеді. Күн тәртібінде Қазақ ОАК төрағасын, Президиумы мүшелерін, Қазақ ХКК төрағасын, Еңбек және қорғаныс комитеті (бұдан ары - ЕжҚК) төрағасы мен халық комиссарларын сайлау, бекіту туралы және прокурорлық қарау туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы мәселелер қаралды [5]. Сессияны ашқан С.Меңдешев жаңа Қазаткомның Президиумына мүше етіп С.Меңдешевті, Ж.Сәдуақасовты, С.Сейфуллинді, А.Вайнштейнді, С.Пилиявскийді, Г.А.Коростелевті, Ә.Әйтиевті, С.П.Териховты, П.Б.Журевскийді, Ә.Жангельдинді және А.Асылбековты (Құжатта бұл адамдардың тек қана фамилиясы жазылған. Есімдерін біз анықтадық. - С.Ш.) сайлауды ұсынды. Ұсыныс бірауыздан қабылданып, Президиум мүшелігіне кандидат болып Ф.К.Маслов, М.С.Саматов, Ә.М.Әлібеков және М.Атаниязов сайланды [6]. III сайланған Қазаткомның I сессиясында ОАК төрағасы болып С.Меңдешев және ОАК хатшысы болып Жанайдар Сәдуақасов бірауыздан сайлан-

ды [7] (1924 жылы 4-10 қаңтарда болған Кеңестердің 4-ші Бүкілқазақстандық сиезінен соң, 11 қаңтарда болған 4-ші сайланған Қазаткомның 1-сессиясында осы адамдар қайта сайланды) [8]. Ал ХКК төрағасы болып С.Сейфуллин, ЕжҚК төрағасы болып А.Вайнштейн сайланды. Сонымен қатар, барлық халкоматтардың халкомдары сайланып, РКФСР халкоматтарының өкілетті қызметкерлері бекітілді. Сессия ОАК Президиумына Қазаткомның кезекті сессиясына хабарлай отырып халық комиссарларының құрамын өзгерту құқығын берді [7].

Сәкен Сейфуллин үкіметті 1922 жылдың 13 қазанынан 1924 жылдың 29 қыркүйегіне дейін басқарды (1924 жылы 11 қаңтарда болған 4-ші сайланған Қазаткомның 1-сессиясында қайта сайланды). Үкімет Орынбор қаласындағы Советский және Водяной көшелерінің қиылысындағы № 10/16 үйде орналасты [9]. Осы аралықтағы үкімет құрамы, халкоматтарды басқарған халкомдар және олардың орынбасарлары мен Коллегиясы төмендегідей болды:

ХКК төрағасы: Сәкен Сейфуллин (Қазақ; 1894 жылы Ақмола облысы, Ақмола уезі, Нілді болысында туған; 1918 жылдан РКП(б) мүшесі; 1916 жылы Омбы мұғалімдер семинариясын бітірген; 1-4, 9-шы сайланған ҚазОАК мүшесі).

ХКК төрағасының орынбасарлары:

Вайнштейн Арон Исакович (Еврей; 1877 жылы Вильнода дүниеге келген; 1920 жылдан РКП(б) мүшесі; 1897 жылдың Вильно еврей мұғалімдер институтын бітірген; 1-4-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) - 1922 жылдың наурызы - 1923 жылдың қыркүйегі;

Вельман Владимир Иванович (Эстон; 1887 жылы туған; 1904 жылдан РКП(б) мүшесі; 4-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) - 1923 жылдың қыркүйегі - 1924 жылдың тамызы.

ХКК төрағасының орынбасары - Еңбек және қорғаныс кеңесінің төрағасы (ЕжҚК): Вайнштейн Арон Исакович - 1922 жылы наурызы - 1923 жылдың қыркүйегі. ЕжҚК-не әскери, өндірісбюро, Жол қатынастары, Егін шаруашылығы, Азық-түлік, Жұмысшы-шаруа инспекциясы халкомдары, Статистикалық басқарма бастығы және Өлкелік кәсіподақ бюросының өкілі мүше болды. Мекен-жайы: Советский және Водяной көшелерінің қиылысындағы № 10/16 үй.

ХКК төрағасының орынбасары - Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының (Мемжоском) төрағалары:

Дунаев Георгий Михайлович (Орыс; 1889 жылы Уфа қаласында туған; 1920 жылдан РКП(б) мүшесі; Орынбор гимназиясын, Петербург университеті заң факультетінің 2 курсы бітірген; 3-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) - 1922 жылдың қыркүйегі - 1922 жылдың желтоқсаны;

Миндлин Захар Львович (Еврей; 1882 жылы Витебск қаласында туған; 1920 жылдан РКП(б) мүшесі; 1912 жылы Петербург заң институтын бітірген, профессор;) - 1922 жылдың желтоқсаны - 1924 жылдың қаңтары;

Щербаков Семен Митрофанович (Орыс; 1890 жылы туған; 1918 жылдан РКП(б) мүшесі; Білімі - жоғары, сәулетші; 6-шы сайланған ҚазОАК мүшелігіне кандидат) - 1924 жылдың маусымы - 1924 жылдың тамызы (уақытша атқарған).

Мемжоскомның Төралқасының мүшелері: Сириус, А.Ф.Кокушкин, Бек және М.С.Саматов. Мекен-жайы: Советский және Водяной көшелерінің қиылысындағы № 10/16 үй.

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы төрағасының бірінші орынбасары:

Сәдуақасов Смағұл Сәдуақасұлы (Қазақ; 1900 жылы Ақмола губерниясы, Черлак уезі, Қорған болысында туған; 1920 жылдан РКП(б) мүшесі; 1920 жылы Омбы ауылшаруашылық училищесін бітірген; 1-2, 5-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1923 жылдың ақпаны – 1924 жылдың қыркүйегі.

1) Ішкі істер халкоматының халкомы:

Әйтиев Әбдірахман (Қазақ; 1886 жылы Орал облысы, Теректі болысында туған; 1918 жылдан РКП(б) мүшесі; Қараоба бір класты қазақ-орыс мектебін бітірген; 1-3-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1921 жылдың қазаны – 1924 жылдың қаңтары;

Орымбаев Мұқаш Орымбайұлы (Қазақ; 1900 жылы Семей облысы, Семей уезі, Бұғылы болысында туған; 1920 жылдан РКП(б) мүшесі; 1918 жылы Зайсан жоғары бастауыш мектебін бітірген; 3-ші сайланған ҚазОАК мүшелігіне кандидат, 4-9-шы сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1924 жылдың 11 қаңтары – 1924 жылдың қарашасы.

Ішкі істер халкоматының орынбасарлары:

Лобанов Яков Герасимович (Орыс; 1893 жылы Тула губерниясында туған; 1918 жылдан РКП(б) мүшесі, 3-4-ші сайланған ҚазОАК мүшелігіне кандидат) – 1922 жылдың шілдесі – 1924 жылдың ақпаны;

Каширин Иван Дмитриевич (Орыс; 1890 жылы Челябинск губерниясы, Троицк округінде туған; 1918 жылдан РКП(б) мүшесі; Білімі – бастауыш; 4-6-шы сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1924 жылдың ақпаны – 1924 жылдың қазаны.

Ішкі істер халкоматының Коллегиясы: Ә.Әйтиев, Я.Г.Лобанов, Төленов, И.Д.Каширин, Д.Х.Хангереев [11]. Мекен-жайы: Троицкий және Неплюев көшелерінің қиылысы, № 38/23 үй.

2) Әділет халкоматының халкомы:

Атаниязов Мырзағұл (Қазақ; 1899 жылы Ақтөбе облысы, Ключевск ауданында туған; 1919 жылдан РКП(б) мүшесі; 1918 жылы Ақтөбе мұғалімдер семинариясын бітірген; 2-6, 9-шы сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1922 жылдың 13 қазаны – 1923 жылдың 15 мамыры;

Нұрмаков Нығмет Нұрмақұлы (Қазақ; 1896 жылы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Ку болысында туған; 1920 жылдан РКП(б) мүшесі; 1915 жылы Омбы мұғалімдер семинариясын бітірген; 1-6-шы сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1923 жылдың 15 мамыры – 1924 жылдың 9 қыркүйегі [10].

Әділет халкоматы халкомының орынбасарлары:
Пилявский Станислав Станиславский (Поляк; 1882 жылы Вильно қаласында туған; 1909 жылдан РКП(б) мүшесі; 1903 жылы Петербург университетінің заң факультетін бітірген; 3-сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1921 жылдың қазаны – 1923 жылдың маусымы;

Вшивков Савва Александрович (Орыс; 1897 жылы Пермь губерниясы, Оханск уезінде туған; 1919 жылдан РКП(б) мүшесі; Білімі – аяқталмаған жоғары) – 1923 жылдың қазаны – 1925 жылдың ақпаны.

Әділет халкоматының Коллегиясы: М.Атаниязов, С.С.Пилявский, Бірімжанов, Н.Нұрмаков [10]. Мекен-жайы: Водяная, 24-үй.

3) Ағарту халкоматының халкомы: Залиев Нұғман Залиұлы (Қазақ; 1889 жылы Ішкі Бөкей Ордасында туған; 1919 жылдан РКП(б) мүшесі; 1909 жылы Қазан мұғалімдер семинариясын бітірген; 1-ші сайланған ҚазОАК мүшелігіне кандидат, 3-5-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1922 жылдың 13 қазаны – 1924 жылдың желтоқсаны (4-ші сайланған Қазатқоның 1-сессиясында қайта сайланды).

Ағарту халкоматы халкомының орынбасарлары:

Токтабаев Кәрім Досжанұлы (Қазақ; 1892 жылы Торғай уезі, Шұбалаң болысында туған; 1922 жылдан РКП(б) мүшесі; 1909 жылы Орынбор қазақ мұғалімдер мектебін бітірген; 5-8-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1922 жылдың қазаны – 1924 жылдың наурызы;

Темірбеков Ілияс Құлжанұлы (Қазақ; 1893 ж. Ақтөбе губерниясы; Темір қаласында туған; 1918 жылдан РКП(б) мүшесі; 1913 жылы Орынбор қазақ мұғалім мектебінің 3 сыныбын бітірген; 4-ші сайланған ҚазОАК мүшелігіне кандидат) – 1924 жылдың наурызы – 1924 жылдың желтоқсаны.

Ағарту халкоматының Коллегиясы: Н.З.Залиев, Арғынбеков, К.Д.Токтабаев, Лазов, А.К.Бочагов, К.Жолдыбаев, Шейненсон [10]. Мекен-жайы: Перовская, 5-үй.

4) Денсаулық сақтау халкоматының халкомы: Шамов Михаил Сергеевич (Орыс; 1887 жылы Севастополь қаласында туған; 1920 жылдан РКП(б) мүшесі; Харьков университетінің медицина факультетін бітірген; 1-6-шы сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1920 жылдың қазаны – 1928 жылдың мамыры.

Денсаулық сақтау халкоматының орынбасары: Айзенберг Александр Савельевич (Еврей; 1890 жылы Верный қаласында туған; 1920 жылдан РКП(б) мүшесі; 1916 жылы Томск университетінің медицина факультетін бітірген) – 1922 жылдың қыркүйегі – 1923 жылдың наурызы;

Шомбалов Мәжит Мұхамеджанұлы (Қазақ; 1873 жылы Бөкей губерниясы Орда селосында туған; 1918 жылдан РКП(б) мүшесі; 1903 жылы Қазан университетінің медицина факультетін бітірген; 4, 6-шы сайланған ҚазОАК мүшелігіне кандидат) – 1923 жылдың наурызы – 1928 жылдың маусымы.

Денсаулық сақтау халкоматының Коллегиясы: М.М.Шомбалов, А.С.Айзенберг [10.89-а.п.]. Мекен-жайы: Введенская, 54 үй.

5) Әлеуметтік қамсыздандыру халкоматының халкомы:

Жангельдин Әліби Тоғжанұлы (Қазақ; 1884 жылы Торғай облысы, Торғай уезі, Қайдауыл болысында туған; 1915 жылдан РКП(б) мүшесі; 1905 жылы Қазан мұғалімдер семинариясын бітірген, 1905-1908 жылдары Мәскеу діни академиясының Тарих факультетінде оқыған; 1-4, 6-9-шы сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1921 жылдың шілдесі – 1925 жылдың сәуірі.

Әлеуметтік қамсыздандыру халкоматының орынбасарлары:

Васильев Михаил Аполлонович (Орыс; 1917 жылы туған; Мұғалімдер семинариясын бітірген) – 1920 жылдың қазаны – 1923 жылдың қазаны;

Сергеев Сергей Дмитриевич (Орыс; 1884 жылы Владимир қаласында туған; Мәскеу егін шаруашылығы орта мектебін және Мәскеу ауылшаруашылық институтының 1 курсы бітірген) – 1923 жылдың қазаны – 1925 жылдың тамызы.

1922 жылдың 20 желтоқсанындағы Коллегиясы: Ә.Жангельдин, М.А.Васильев және В.Захаров [10.89-а.п.]. 1923 жылдың ортасындағы Коллегиясы: М.А.Васильев, М.Л.Фабрикант-Строховенко, В.Захаров. Мекен-жайы: Неплюевская, 27-үй.

6) Егін шаруашылығы халкоматының халкомы: Темірәлиев Досқұл Темірәліұлы (Қазақ; 1885 жылы Бөкей губерниясы Қалмақ бөлігінің № 2 болысында туған; 1904 жылы Хан Ордасындағы 2 сыныпты училищені бітірген; 1,3-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1922 жылдың 13 қазаны – 1923 жылдың желтоқсаны;

Әлібеков Әлиасқар Мендиярұлы (Қазақ; 1893 жылы Орал облысы, Жымпиты уезі, Ащысай болысында туған; 1919 жылдан РКП(б) мүшесі; 1-2, 5-6-шы сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1924 жылдың 11 қаңтары – 1926 жылдың қыркүйегі.

Егін шаруашылығы халкоматының орынбасарлары: Сәдуақасов Смағұл Сәдуақасұлы – 1922 жылдың қарашасы – 1923 жылдың қаңтары;

Карпенко Степан Константинович (Болгар; 1890 жылы Бессарабия губерниясы Аккерман уезінде туған; 1919 жылдан РКП(б) мүшесі; 1918 жылы Киев политехникалық институтының агрономия факультетін бітірген; 4-5-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1923 жылдың қаңтары – 1926 жылдың маусымы.

Коллегиясы: А.И.Колтыпин, С.Сәдуақасұлы, Т.Б.Жаман-мұрынов, Калтыпин (1923 ж. ортасына қарай Калтыпинді Рожанец ауыстырған), Филонов [10]. Мекен-жайы: Деевская пл., 2 үй.

7) Азық-түлік (сауда) халкоматының халкомы: (1924 жылы 8 мамырда ҚырОАК-нің қаулысы негізінде таратылған.)

Саматов Мұхтар Саматұлы (Қазақ; 1894 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы округі Баянауыл ауданында туған; 1920 жылдан РКП(б) мүшесі; Омбы ауыл-шаруашылық училищесін бітірген; 1-4, 6-7, 9-шы сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1921 жылдың 11 қазаны – 1924 жылдың мамыры.

Азық-түлік (сауда) халкомының орынбасарлары: Райхман Елизар Григорьевич (1893 жылы Волинск губерниясы Лабучев селосында туған; 1923 жылдан РКП(б) мүшесі; Тула училищесін аяқтамаған; 2-3-ші сайланған ҚазОАК мүшелігіне кандидат) – 1921 жылдың желтоқсаны – 1922 жылдың қарашасы; Костарев Степан Дмитриевич (Орыс; 1888 жылы Пермь губерниясында туған; 1905 жылдан РКП(б) мүшесі; Жұмысшы) – 1922 жылдың желтоқсаны – 1923 ж. желтоқсаны; Жағар Александр Иванович (уақытша атқарған) 1887 жылы туған; Білімі – аяқталмаған жоғары) – 1924 жылдың қаңтары – 1924 жылдың ақпаны; Крист Отто Адольфович (Неміс; 1899 жылы Каменец-Подольск губерниясында туған; 1920 жылдан РКП(б) мүшесі; Орта білімді; 6, 8-ші сайланған ҚазОАК мүшесі, 9-шы сайланымда кандидат) – 1924 жылдың ақпаны – 1924 жылдың мамыры.

Азық-түлік халкоматының Коллегиясы: С.Д.Костарев. Мекен-жайы: Водяная, 24.

8) Қаржы халкоматының халкомы:

Кокушкин Александр Федорович (Орыс; 1888 жылы Кострама губерниясында туған; 1918 жылдан РКП(б) мүшесі; Петербургтағы Жоғары ауыл-шаруашылық курсын бітірген; 3-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1922 жылдың маусымы – 1923 жылдың маусымы;

Маймин Исидор Борисович (Еврей; 1897 жылы Витебск қаласында туған; 1918 жылдан РКП(б) мүшесі; 1914 жылы Витебск сауда училищесін, 1918 жылы Мәскеу политехника институтының 3 курсын бітірген) – 1923 жылдың маусымы – 1926 жылдың мамыры.

Қаржы халкомының орынбасарлары:

Жанайдаров Селбек Мейрамұлы [12] – 1922 жылдың наурызы – 1922 жылдың желтоқсаны;

Райхман Елизар Григорьевич – 1923 жылдың қаңтары – 1923 жылдың маусымы;

Қасаболатов Есенғали Керейұлы (Қазақ; 1889 жылы Батыс Қазақстан облысы Тайпак ауданында туған; 1920 жылдан РКП(б) мүшесі; 1915 жылы Саратов университетінің медицина факультетін бітірген; 1, 3-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1924 жылдың ақпаны – 1925 жылдың маусымы.

Коллегиясы: С.М.Жанайдаров, Е.Г.Райхман, Степанюк. Мекен-жайы: Введенская, 37 үй.

9) РКФСР Халық шаруашылығының жоғарғы кеңесі халкоматының Қырғыз өндірістік бюросының төрағалары (1923 жылдың 31 желтоқсанынан бастап РКФСР Халық шаруашылығы жоғарғы кеңесінің қаулысымен Халық шаруашылығының орталық кеңесі болып құрылған):

Нестеров Михаил Васильевич (3-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1922 жылдың 16 тамызы [13] – 1923 жылдың желтоқсаны. (1923 жылғы Коллегиясы: Каулин, М.В.Батраков, Бек, Қазбеков. Мекен-жайы: Троицкий мен Рыбный көшелерінің қиылысы, № 30-1 үй.)

Винокуров-Наумов Наум Михайлович (1905 жылдан РКП(б) мүшесі; Білімі – орта; 4-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1923 жылдың желтоқсаны – 1924 жылдың ақпаны.

Саматов Мұхтар Саматұлы – 1925 жылдың ақпаны – 1925 жылдың ақпаны.

10) Жұмысшы-шаруа инспекциясы халкоматының халкомы:

Әлібеков Әлиаскар Мендиярұлы – 1921 жылдың қазаны – 1924 жылдың қаңтары;

Авдеев Александр Дмитриевич (Орыс; 1887 жылы Пермь губерниясында туған; 1912 жылдан РКП(б) мүшесі; 1, 2, 4-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1924 жылдың ақпаны – 1925 жылдың қарашасы.

Жұмысшы-шаруа инспекциясы халкомының орынбасарлары:

Кодак Отто Янович (Эстон; 1889 жылы Тарту қаласында туған; 1919 жылдан РКП(б) мүшесі; Жоғары бастауыш училищені бітірген; 1920 жылы Коммунистік университетте оқыған; 2, 3-ші сайланған ҚазОАК мүшелігіне кандидат) – 1921 жылдың сәуірі – 1924 жылдың наурызы;

Кенжин Аспандияр Кенжеұлы (Қазақ; 1887 жылы Гурьев қаласында туған; 1920 жылдан РКП(б) мүшесі; 1906 жылы Орынбор қазақ мұғалімдер семинариясын бітірген; 4-ші сайланған ҚазОАК мүшелігіне кандидат; 2, 5-7-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1924 жылдың наурызы – 1924 жылдың мамыры;

Исаев Ораз Жанұзақұлы (Қазақ; 1899 жылы Орал облысы, Ілбішін ауданы Қарасу болысында туған; 1921 жылдан РКП(б) мүшесі; 1915 жылы Қарасу-Шалқар 2 сыныпты орыс-қазақ училищесін бітірген; 5-ші сайланған ҚазОАК кандидаты және 4, 6-9-шы сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1924 жылдың мамыры – 1925 жылдың желтоқсаны.

Коллегиясы: О.Я.Кодак, Эльбурт (1922 жылдың 30 тамызынан бастап [14]), Могила. Мекен-жайы: Советская, 27.

11) Еңбек халкоматының халкомы: Заромский Исаак Михайлович (ІІІ сайланған ҚазОАК І сессиясында халком болып сайланған. Бірақ осы айдың ішінде Қазақстаннан кеткен. Н.Паниевке дейін кім басқарғанын әзірге анықтай алмадық) Еврей; 1897 жылы Минск губерниясында туған; 1919 жылдан РКП(б) мүшесі; Білімі – аяқталмаған жоғары; 1-3-ші сайланған ҚазОАК мүшесі). Паниев Николай Гаврилович (Орыс; 1895 жылы туған; 1920 жылдан РКП(б) мүшесі; Білімі – орта) – 1923 жылдың қыркүйегі – 1923 жылдың желтоқсаны; Авдеев Александр Дмитриевич – 1923 жылдың желтоқсаны – 1924 жылдың ақпаны; Киндель Август Мартович (Эстон; 1897 жылы туған; 1917 жылдан РКП(б) мүшесі; Білімі - орта) – 1924 жылдың ақпаны – 1924 жылдың қарашасы.

Еңбек халкомының орынбасарлары: Фабрикант-Страховенко Моисей Львович (Еврей; 1895 жылы Волинск губерниясы Острог ауданында туған; 1920 жылдан РКП(б) мүшесі; 1910 жылы бастауыш училищені бітірген, 1917 жылы заң факультетінің тыңдаушысы) – 1922 жылдың қазаны – 1923 жылдың сәуірі.

Коллегиясы: Овчаренко, Присяжный, Глуховский. Мекен-жайы: Мешіттік жер, № 14 үй.

12) РКФСР Жол қатынастары халкоматының ҚАКСР бойынша өкілетті өкілі: Саликов (3-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1922 жылдың 13 қазаны - ?. Коллегиясы жоқ, бұл халкомат қызметі жеке басқаруға негізделген. Мекен-жайы: Гостинодворский және Дворянский көшелерінің қиылысы, № 1.

13) Қырғыз өлкелік әскери комиссары: А.Н.Григорьев (2-ші сайланған ҚазОАК мүшелігіне кандидат және 3-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1922 жылдың 13 қазаны – 1924 жылдың қаңтары. 1924 жылы 11 қаңтарда И.П.Шелыхманов (5-8-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) әскеи комиссардың қызметін уақытша атқарушы болып бекітілді. Мекен-жайы: Советская, 21 үй.

14) РКФСР сыртқы сауда халкоматының ҚАКСР бойынша өкілетті басқармасының (1923 жылдың шілдесінен бастап КСРО сыртқы сауда халкоматы болып қайта құрылды) халкомы: Теумин (3, 4-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1922 жылдың 16 тамызы [13] - ? (1924 ж. 11 қаңтарда қайта сайланды). Басқарма кезінде Николаев мүшесі болған. Мекен-жайы: Троицкая, 31.

15) РКФСР ПХК жанындағы Мемлекеттік саяси басқарманың (1923 жылдан бастап КСРО ХКК жанындағы БМСБ) Қырғыз саяси бөлімінің (1923 жылдан бастап ҚАКСР ХКК жанындағы МСБ) бастығы: И.М.Бабилов (3-ші сайланған ҚазОАК мүшесі) – 1922 жылдың 13 қазаны - ? 1923 жылы (айы мен күнін әзірге анықтай алмадық) өкілетті өкіл болып И.Д.Каширин (4-6-шы сайланған ҚазОАК мүшесі) бекітілді және ол осы қызметке Кеңестердің 4-ші Бүкілқырғыздық сиезінде 1924 жылы 10 қаңтарда қайта сайланды.

16) ҚАКСР ОАК жанындағы Жоғарғы трибунал (1923 жылдың 14 ақпанында РКФСР Жоғарғы сотының бөлімі болып қайта құрылды) төрағасы: Нығмет Нұрмаков – 1922 жылдың 13 қазаны – 1923 жылдың 14 ақпаны. Мекен-жайы: Советская, 38-үй.

17) Статистикалық бюро меңгерушісі (Орталық статистикалық басқарма) - Кругулин (2-ші сайланған ҚазОАК мүшелігіне кандидат) – 1922 жылдың 13 қазаны - ? Коллегиясы: Попов, Иванова. Мекен-жайы: Чистяковский пер., 3-үй.

18) Қырғыз Почта-телеграф округінің басқармасының бастығы: - Хренов. Мекен-жайы: Кадетский және Соляной площ. қиылысы, 21-үй.

Біз Сәкен Сейфуллин басқарған үшінші қазақ үкіметі [15] мүшелерінің жасы, ұлттық құрамы, туған жері, білімі және қай жылдан Компартия мүшесі екендігі туралы қысқаша мәліметтерді [16] топтап беруге тырыстық. Бұл мәліметтерден, үкімет мүшелері құрамында еврейлер мен орыстардың басым көпшілікті құрайтынын көреміз. Сонымен қатар, үкімет мүшелері арасында жоғары білімі барлары саусақпен ғана санарлық.

Қазақтан шыққан мемлекет қайраткерлерінің негізгі денінің білімі бастауыш немесе орта және бұрын мемлекеттік билік органдарында қызмет атқармаған, саясат шырғалаңынан хабары аз тәжірибесіз адамдар болды. Олардың кандидатурасы алғашында РКП(б) Қырғыз облыстық комитетінде қаралып, негізгі шешім сонда қабылданатын. Ал Қазақ ОАК мен Қазхалком Қыробкомның шешімін бекітумен ғана шектеліп, «мемлекеттік биліктің жоғарғы органы мен орталық басқару органдарының» қызметін атқаратын. Мұның барлығы да Орталықтың ұлт аймақтарындағы саясатын жүзеге асыру үшін Қазақстанда қолайлы жағдай туғызып берді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Виктор Алексеевич Радус-Зенькович басқарған алғашқы қазақ үкіметі // Қазақстан тарихы (әдістемелік журнал), 2007. - № 3. - 72-77-б. Ал «М.Мырзағалиев басқарған екінші қазақ үкіметі» атты мақаламыз осы журналдың № 6-шы санына жоспарлануда.

2. 3-й Всекиргизский съезд советов. // Степная правда, 1922. - 8 октября. - № 218. - С.2-3; - № 219. - С.2; - № 221. - С.1,2; - № 222. - С.2-3; - № 223. - С.1-2; - № 224. - С.1-2; - № 225. - С.2-3.

3. Съезды Советов Союза ССР, Союзных и Автономных Советских Социалистических республик. 1917-1937 гг.: Сборник документов в семи томах. Т. 4, часть 1. - Москва: Госиздат юридлит, 1962. - 1210 с. (720-721).

4. «Степная правда», 1922. - 14 октября. № 223. С.1.

5. КРОММ, 5-қ., 2-т., 10-іс, 49-п; I Сессия КирЦИК. // Степная правда, 1922. - 15 октября. - № 224. С.4.

6. КРОММ, 5-қ., 1-т., 2-іс, 4-п.

7. I Сессия КирЦИК. // Степная правда, 1922. - 15 октября. - № 224. С.4.

8. Бюллетень 4-го Всекиргизского съезда Советов. - 1924, 10-января. - № 10. - 37 с. + 1 с. приложение. (1 с. приложение).

9. Статистико-экономический обзор Киргизской Советской Социалистической Республики. - Оренбург: ЦСУ КССР, 1923. - 233 с. + Приложения - 182 с. (Приложения - С.182).

10. КРОММ, 30-қор, 1-т., 9-іс, 89-п.

11. Әділет халкомдарының қызметке бекітілу күндері «Юстиция халық комиссарлары» (авторы: Файзуллаев Ә., Қабдөшев Б.) атты «дерекнамалық баяннан» алынды.

12. КРОММ, 5-қор, 18-тізбе, 300-іс, 1-10-п.

13. Протокол СНК № 39/27. Ф. 30, оп. 1, д. 9, 80-об.л.

14. КРОММ, 30-қор, 1-т., 9-іс, 83-п.

15. Қолжазбада С.Сейфуллин басқарған үкімет құрамы мен халкомдарға, халкоматтар Коллегиясының мүшелеріне қатысты қырыққа жуық ғылыми сілтеме мен анықтама берілді. Оның барлығы журналға сыймайтын болғандықтан, бермеуді жөн көрдік.

16. Мәліметтер «Қазақстанның халық комиссарлары. 1920-1946» өмірбаяндық анықтамалығы мен Кеңестердің Бүкілқырғыздық 4-ші сиезінің бюллетеньдері және КРОММ қорларының (30-қ., 1-т., 9-іс, 87-п.) құжаттары негізінде құрастырылды.

«Третье казахское правительство под руководством Сакена Сейфуллина»

Сабит Шилдебай – доцент КазНТУ им. К.И. Сатпаева, кандидат исторических наук

В статье автор рассматривает историю третьего правительства Казахской АССР, изменения состава и структуры Совета Народных Комиссаров в период руководства Сакена Сейфуллина с 13 октября 1922 года до 29 сентября 1924 года. В статье показывается возрастной и национальный состав, место рождения, образование и партийный стаж членов правительства. Также обобщаются изменения в народных комиссариатах казахского правительства под руководством С.Сейфуллина.

“Third Kazakh government under the leadership of Saken Seyfullin”

Sabit Shildebai, senior lecturer of the KazNTU named after K.I. Satpaev, candidate in History

The author examines the history of a third government of Kazakh SSR, changes in composition and structure of the Council of National Commissioners in the period of administration of Saken Seyfullin from October 13, 1922 to September 29, 1924. The article shows age and national make up, place of birth, education and party length of service. Also the article includes changes in national commissariats of Kazakh government headed by S. Seyfullin.

Қазақы халық дәстүріндегі азаматтық қоғамның көріністері

Сейілбек МҰСАТАЕВ,

Абай атындағы ҚазҰПУ Теориялық және қолданбалы саясаттану кафедрасының доценті міндетін атқарушы, саяси ғылымдарының кандидаты

Бұл мақалаға арқау болған басты мәселе – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуы кезеңіндегі дала демократиясының, оның ішінде азаматтық қоғамның көшпенділер өміріндегі көріністерін айқындау болды.

Кенестер Одағы тұсында жеке ұлттар мен халықтардың тарихы бұрмаланып, олардың мәдени мұрасы мен бай тарихын жоққа шығаруға талпыныс жасалды. Сондай қасіретті көп көргендердің бірі - қазақ ұлты екені даусыз. Сол лениншіл дәуірдегі көп томдық еңбектердің түпкі мақсаты қазақ халқының төл тарихын бұрмалап, мардымсыз етіп көрсетуге барынша бағытталды. Осының салдарынан қазақ халқында ешқашан ұлттық мемлекет болған емес, тек мемлекеттік құрылыстың жеке элементтері ғана болды деп көрсетілді. Оның өзінде бірегей саяси құрылым емес, ру-ру, ауыл-аймақ болып өз алдына отау тіккен шашыранды құрылыс ретінде көрсетілді. Нәтижесінде қазақ халқы бытыранқы, сауатсыз, түземдік өмір кешуші халық кейпін де киді.

Ал бүгінгі археологиялық зерттеулердің жәдігерлері, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жеке бақылауындағы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының нәтижелері қазақ халқының тарихы үш мың жылдық тұңғыықтан бастау алатынын дәлелдеді. Сол сияқты, бізге де демократияның құндылықтары тек батыстық үлгіде ғана болады деген жаңсақ пікірден арылатын кез келді. Оның ішінде азаматтық қоғам мәселесі де батыстан келген «демократиялық импорт» емес, оның ежелгі қазақ даласында өзіндік ерекшеліктері бар формасы болған. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз «Әлеуметтік-этикалық трактаттарында» адамдар ең жоғарғы даму шегіне жету үшін бірігуі керектігін баса айтып, оның үш түрлі деңгейін көрсетеді. Біріншісі ұлы бірлестік, яғни барлық халықтардың бірлігі. Екіншісі – орта бірлік, яғни бір халықтың бірлігі. Үшіншісі – ең төменгі бірлік немесе қала-мемлекет. Бұлар толық қоғам болып саналады. әл-Фараби бабамыздың рухани мұралары қазақ жерінде өзінің жалғасын тапты. Мысалы, Керей мен Жәнібек хандар негізін салған Қазақ хандығында ақ киізге көтеріп ханды сайлаумен қатар, хандық билікке қарсысалмақ пен тепе-тедік қызметін атқарған халықтық өкілдік ретінде билер институтының болуын қазір көптеген ғалымдар дала демократиясының жарқын көрінісі ретінде бағалайды.

Ұлы ғұламаның осы тұжырымын басшылыққа ала отырып, адамдар әртүрлі белгілермен қауымдасатынын көреміз. Айталық, өмір сүру қажеттілігі: табиғаттың тылсым күшімен арпалыс, оны жену, игеру, үйлесу, қоян-қолтық

қауышу; табиғаттан бірлескен күшпен қажет нәрсені алу; жаудың жыртқыштығы мен зұлымдығынан қорғану, оны жену; рухани жағынан қанаттану; өнерді, ғылымды, білімді игеру т.б. Осының бәріне саналы түрде жұмылу, ұйымдасу, бірге шабуылдау, бірлесіп шегіну, ақыл-парасатқа, саясат пен заңмен басқаруға негіздеу еді. Ұйымдасқан үлкенді-кішілі қауымдастықта ғасырлар тезінен өтіп, шыңдалған, жетілген, байытқан өмір тәжірибесін, ұлы дәстүрлер мен салт-сананы көресіз. Соның бірі – еуропалық тілмен айтқанда, демократия. Қазақ табиғатына аударсақ, демократия дегеніміз - әркімнің қауымдағы орнын таба білуі, қабілетіне қарай сұрыпталу, барлық адамды теңдей көру, өзін-өзі басқару [1].

Бірақ та қазақ халқының қиын тарихы дала демократиясының бағын баянды етпеді. Орыстардан бодандық сұрау, жонғарлардың ауыр салықтарына көну амалсыздан туған, аз шығынмен құтылатын саясаттың тактикасы болды. Билер шешімі мерзімді уақыт аралығында болса да шапқыншылықтан әбден титықтаған, халықтың аман қалған бөлігін сақтап қалуға бағытталды. Билердің дипломатиялық тактикасы стратегиясына бағындырылған, жарлығы халықтың, мемлекеттің түпкі мүддесін сақтап қалуды көздеген ниеттен туған, сол себепті шиеленіскен, тағдыр таразыға түскен мәселелерді әлеуметтік әділдік жолмен шешті. Орыс зерттеушілері А.Левшин, П. Маковецкий, Л. Баллюзек және т.б. қазақ билерінің саясаттығы, әлеуметтік мәселелердегі әділ, парасатты шешімдерін ризашылық сезіммен, құрметпен атап көрсеткен.

Билердің саяси тұлғасының тарихымыздағы алатын орны туралы көркем әдебиет пен ғылыми зерттеулерде айтарлықтай қарастырылған. Өз уақытында ұлы Абай, Шәкәрім, Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедұлы, Ө. Бөкейханов, М. Әуезов және басқа да даналарымыз қазақ даласындағы демократия туралы, оның ішінде билер институтының ерекшелігі мен маңызы турасында пікірлерін айтып, көпшілікке жеткізуге тырысты.

Сонымен қатар, қазақ халқының дәстүрінде азаматтық қоғам құндылықтарына ұқсас әдет-ғұрыптар да жетерлік. Мәселен, қайырымдылық пен имандылыққа бағытталған обал-сауап түсініктері, кеңесшілік орган - ақсақалдар алқасы, ерікті түрде қоғамдық істерді атқаруға жиналу түрі - асар, қауымдастық ішіндегі жеке бір адамның басына қиын іс түскенде қауым болып қол ұшын созып, материалдық ерікті көмек беруі - жылу жинау, қызыл көтеру сияқты игі дәстүрлер қазақ қоғамындағы ынтымақтастыққа бастау болған.

Ру-тайпалардан құралған байырғы қазақ даласы құрылымы жағынан да түрлі қауымдастықтар мен

бірлестіктерден тұратын өзіндік бір азаматтық қоғам іспетті. Ә.Н. Нысанбаевтың тұжырымы бойынша, көшпенділерде үлкен әлеуметтік және саяси күш әлеуметтік өзіндік ұйымдасуының негізгі формасы – рулар мен тайпаларға түсті. Мәселен, қазақтар малына жеке меншік ете алғанымен, жерді тек ұжымдық түрде ғана пайдаланатын [2].

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылысын отандық зерттеушілер кытай, парсы, түркі тарихшыларының еңбектеріне сүйене отырып жеті сатыға бөліп көрсетеді. Бірінші саты – ауыл. Ол қазақ ұлтының ең негізгі қоғамдық ұйымы, ең жақын, қандас он-он бес отбасынан тұрады. Әр ауылды басқаратын адам – ауылбасы. Ауылбасы әдетте өмір көрген, саяси беделге ие, едәуір дәрежедегі ауқатты адам. Оның атқаратын міндеттері – ауылдастарының шаруашылығын басқару, маусымдық көшіп-қону уақытын белгілеу, адам мен көлік күшін дұрыс пайдалану, дауламайды әділ шешіп отыру, түскен салықты уақытында төлеу, жоғарыдан келген жарлықты орындау. Осының бәрін ол халықпен ақылдасып шешеді. Екінші саты – аймақ жеті атадан қосылатын бірнеше ауылдан құралады. Мұның басшысы адамды ақсақал деп атайды. Ақсақал өте жоғары мәртебеге ие адам, ортадан жоғары жастағы адам болуы керек. Үшінші саты – ру. Ру он үш-он бес аймақтан тұрады. Басшысы – рубасы. Төртінші саты – арыс. Ол бірнеше рулардан тұрады. Оның басшысы би болған. Бесінші саты – Ұлыс. Ол бірнеше арыстан құралады. Ұлыстың билеушісі – сұлтан. Алтыншы саты – жүз. Жүз бірнеше ұлыстардан құралады. Жүзді хан билеген. Жетінші сатысы – хандық. Ол үш жүзден тұрады. Хандықтың ең үлкен әміршісі – қабан. Ұлы хан, яғни хандардың ханы [3].

Отырықшы қоғамдардың саяси жүйесі негізінен таптық жіктелуге негізделсе, көшпелі қоғамдарда әлеуметтік жіктелу анағұрлым күрделі жүрген. Отырықшы қоғамдарда мемлекет белгілі бір таптардың түрлі мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету жолында пайда болса, көшпелі қоғамдардағы мемлекет белгілі бір шаруашылық аумақты әлеуметтік-саяси қауымдастықтың бірлесе пайдалануы процесімен тікелей байланысты.

Питирим Сорокиннің ойынша, көшпелі қоғамның шаруашылық-экономикалық және саяси ерекшелігі айналып келгенде бір ғана өркениеттілік факторға – *көлбеу (горизонтальды) қарым-қатынастарға* негізделген әлеуметтік байланыстарға тәуелді десе болады [4].

Бұл тұрғыда билер институтының дәстүрлі қазақ қоғамындағы тарихи қызметін зерттеген А. Оразбаева да оның негізгі үш саланы қамтығанын көрсетеді:

- қоғам ішіндегі *көлбеу (горизонтальды) қарым-қатынастарды реттеуші әлеуметтік құрал* – бұл билер институтының әлеуметтік өлшемі;

- қоғам мен оның мемлекеттік жүйесі арасындағы жоғарылы-төменді (вертикальды) қарым-қатынастарды реттеуші саяси құрал – бұл билер институтының саяси өлшемі;

- қоғамның дәстүрлі рухани мәдениетін сақтауды, жаңғыртуды және одан әрі дамытуды қамтамасыз етуші мәдени және рухани құрал – бұл билер институтының идеологиялық өлшемі [5].

Азаматтық қоғам жағдайында да алдыңғы орынға *көлбеу қатынастар* алдыңғы орынға шығады, сол арқылы сан түрлі әлеуметтік топтар мен мүдделес адамдар бірлестіктерге бірігіп, өздерінің мұқтаждарын, талап-тілектерін саяси жүйеге жинақтап білдіреді, мемлекеттің көмегенсіз-ақ оларды шешуге талпынады. Ал ежелгі қазақ қоғамында бұл мәселе өте оңтайлы шешімін тауып отырған. Оның бірден-бір көрінісі – асар.

Асар – көпшіліктің жәрдемін пайдалану дәстүрі. Үлкен бір жұмысты (шөп шабу, егін ору, үй соғу т.б.) тез бітіру үшін ұйымдастырылады. Асар жасаушы адам алдымен жұмыс түрін, орындалатын уақытын айтып, ағайын туғанға, жора-жолдасқа хабар беріп, молынан тамақ дайындап, асарға шақырады. Қолғабыс тигізуге келгендер еңбегіне ақы алмайды, қонақасымен қанағаттанады. Халық арасына кең таралған бұл салттың асар делінуі де содан болса керек [6].

Қазіргі заманғы демократияның проблемаларымен айналысушы ғалымдар еріктілікті азаматтық қоғамның маңызды көрсеткіші деп біледі. Еріктілер немесе волонтерлер – қандай да бір жолмен өзге адамдарға көмек беру ісіне, қоғамдық пайдалы жұмысқа қатысушылар, және де олар бұл мақсатта атқарған еңбектеріне ақы сұрамайды. Мысалы АҚШ-та жылдық табысы 20 мың долларға дейінгі американдықтардың үштен бірінен астамы, 40-100 мың доллар жылдық табысы барлардың 60 % астамы, 100 мың доллардан астам табысы барлардың 69,4 % еріктілікпен айналысады екен [7].

Демократиялық мемлекеттердің көбінде азаматтардың әлеуметтік, ерікті белсенділігі әдеттегі тұрмыстық деңгейден асып түсіп, қоғам үшін өзекті мақсаттарды алдына қоятын бұқаралық қозғалыстарға, үкіметтік емес ұйымдарға, түрлі ассоциацияларға ұласып жатады. Бұл қазіргі замандағы азаматтық қоғамдағы даму заңдылықтарының біріне айналып отыр. Ал оның қайнар көзінде жатқан еріктілік-волонтерлік біздіңше асар түрінде ежелгі қазақ қоғамында өзінің көрінісін тапқан.

Ал еріктіліктің түпкі мәнінде қайырымдылық жасау жатыр. Дамыған елдерде коммерциялық және коммерциялық емес секторлардың ынтымақтастығын бұқара халық пен кәсіпкерлер маңызды әрі өзара тиімді деп бағалайды. Бизнес үшін бұл имидж және тұтынушылықтың өсуі, ал үкіметтік емес ұйымдар үшін өздерінің миссиясын атқаруға қажетті ресурстар мен даму. Аталған екі сектордың серіктестігі мемлекет үшін әлеуметтік салаға салықтық түсімдерден өзге де қосымша қаражаттарды тартуға септігін тигізеді. Әдетте бұл коммерциялық емес бағдарламаларға демеушілік қолдау көрсету, қайырымдылық жасау арқылы жүзеге асып, нәтижесінде корпорациялар қоғамдық сектордың жағымды образын өздерінің жарнамалары мен коммерциялық іс-шараларына пайдаланады, сол арқылы өздерінің ұстанымдары мен шығаратын өнімдеріне тұрғылықты халықтың сенімін арттырады. Үкіметтік емес ұйымдар тұрғысынан келсек, демеушілік бизнеске ерекше қызмет аясын ашады – филантроптық қызметпен айналысуға мүмкіндік туғызады, қайырымдылық жасауға деген адами мұқтаждықты қанағаттандырады.

Енді осы азаматтық қоғамдағы өзекті болып отырған қайырымдылық бұрыннан бері қазақ қоғамында қандай қырынан көрінді? Бұған жоғарыда атап өткеніміздей, қазақ халқында жылу жинау дәстүрі бар. Жылу – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ауыр тұрмыстық жағдайға душар болған адамға көрсетілетін жәрдемнің бір түрі. Мұндай жәрдем жұт болып, малы қырылғанда, үй-жайы өртеніп, баспанасыз, киім-кешексіз қалғанда шектен тыс қарыздар болғанда жеке адамға туған туыстары, көрші-қоландары, ауылдастары тарапынан көрсетіледі. Жылу ақшалай, заттай, мал т.б. түрінде беріледі. Жылу ағайын ақсақалы немесе ауылдың беделді адамының айтуымен жиналады [8].

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар үшін төрт түліктің қадірі қаншалықты зор екені айтпаса да түсінікті жәйт. Қазақтың етсіз, сүтсіз күнелтуін көзге

XX ғасырдың 20-30 жж. Қазақстанда латынға көшу мәселесі төңірегіндегі айтыс-тартыс және оны жүзеге асырудағы іс-шаралар

СМАҒҰЛОВА Светлана,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының
докторанты, т.ғ.к., доцент

XX ғасырдың 20-30-шы жылдары КСРО құрамындағы мұсылман мемлекеттері латын жазуына көшкені белгілі. Қазақстанда 1929 жылы қабылданған латын жазуы 1940 жылдарға дейін қолданылды.

Латын жазуына көшуде Кеңес үкімет бұл мәселені жоғарғы жақтан жүргізу қажет деп шешіп, осы істі жүзеге асыруда арнайы комиссия құрды. Ең бірінші болып латын жазуын көтерген Әзербайжан республикасы болды. 20-жылдары Әзербайжан зиялылары әліпбиді (алфавитті) алмастыру мәселесін қолға алып, мерзімді басылым беттерінде тіл, жазу, емле мәселелері төңірегінде пікір алмасуға шақырды. Олардың қолдауымен арнайы комиссия құрылып, үкімет алдына әліпбиді өзгертіп, латын жазуына көшу мәселесін қоя білді. Латын жазуына көшудің бірден-бір себебі – тарихи-лингвистикалық сараптау негізінде араб жазуының Орта Азия халықтар тілінің табиғатына сәйкес келмейді деген тұжырым жасауынан деп түсіндірілді.

Қазақстанда латын жазуына көшу мәселесі 20-шы жылдардың басында көтерілді. 1922 жылы 30 қаңтарда Бакуде Әзербайжанның белгілі қайраткер Нариман Наримановтың ұйымдастыруымен араб жазуын латынмен алмастыру мәселесіне қатысты өткізген жиналыстан кейін қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары мен қайраткерлерінің арасында осы мәселе төңірегінде айтыс-тартыстар өткізіле бастады. Тарихи құжаттар мен деректік материалдар көрсеткендей, Қазақстанда 1923-1927 жылдары латын жазуын қолдаушылар мен арабшылар арасында қызу күрес жүрген. Жоғарғы үкіметі әліпби мәселесіне байланысты бөлінген екі топқа ашық түрде пікірлерін айтып, талқылаулар өткізуге барлық мүмкіндіктерді жасады.

1913 жылы А. Байтұрсыновтың “Төте жазу әліппесі” (араб әрібі) кітабы шығып, “Қазақ” газеті осы жазумен басыла бастаған еді. Ал 20-жылдардың басында А. Байтұрсыновтың бұл әліппесі халық арасында кең қолдау тауып, 1924 жылы маусым айында Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде араб әрібіне лайықтаған қазақ графикасы қабылданған болатын.

Жаңа әліпби мәселесін қолдаушылар қатарында қазақтың С. Сейфуллин, Н. Төреқұлов, М. Мурзин және т.б. зиялылары болып, осы іс-шара төңірегінде өткізіліп жатқан жиналыс барысында латын жазуының қолайлығын насихаттаумен болды.

1924 жылы Москвада Нәзір Төреқұловтың “Жаңа әліпби неге керек?” атты кітабы жарық көрді. Онда автор әліпбиді өзгерту мәселесінің төркіні қайдан шыққандығы жөнінде жаза отырып, латын әрібіне көшудің ыңғайылығына тоқталады. Ол араб әрібі оқу мен жазуда қолайсыздық туғызады, білім кітаптарын жазуда қиыншылық келтіреді, музыкада қолдану мүмкін емес, баспа ісінде бұл әріп жарамсыз деген тұжырым жасайды (1).

1924 жылы болған білімпаздар жиналысында “Жаңа әліппе алу қажет пе?” деген сауал төңірегінде үлкен айтыс туындап, өздерін “жаңа латыншылар” деп атаған топ оқу мен жазуда араб әрібінің қолайсыздығын дәлелдеуге тырысса, ал А. Байтұрсынов бастаған екінші топ керісінше латын жазуының қиыншылығын нақтылай көрсетіп берді. Бұл топтар арасындағы айтыс-тартыс 1926 ж. ақпанда Баку қаласында өткен Бүкілодақтық 1-түркологиялық съезде де қатты қызды. Арабшылар өздерінің ең мықты күштерін көрсете білді.

Латын әліпбиіне көшу қажеттігі жөніндегі пікірлерді Кәрім Тоқтабаев пен Мұхтар Мұрзин жинастырып, 1927 жылы Қызылордада жаңа түркі әліпбиін енгізу комитетінің баспасынан “Жаңа әліппе жолында” атты жинақ бастырып шығады. Бұл жинаққа Н. Төреқұлов, М. Мұрзин, Ә. Байділдин, В. Бартольд, А. Шмарин, Л. Жирков, Б. Шопанзаде, Зияш, Т. Шонанов және тағы басқа зиялылардың пікірлері енгізілді.

Мұхтар Мұрзин “Дыбыс белгілерін өзгерту керек” деген атпен жинаққа енген пікірінде дыбыс белгілері азайтылған әліпби жобасын ұсынса, ал Нәзір Төреқұлов “қазаққа қандай әліппе керек” деген сауалға латын әрібінің ыңғайлығын айтып, оны дәлелді мысалдармен түсіндірді.

Ә. Байділдин латын әліпбиі көтерілу тарихына тоқтала отырып, оның себептерін ашып көрсетуге тырысады. “Әріп мәселесінің көтерілуінде не дәуір маңызды себептер бар. Бұрын мәдениет жөнінде кенже қалған елдер октябрь төңкерісі

арқасында еркіндікке қолы жетіп, өнер-білімге талпынды және мәдениеттің тілектері есейді, бірақ оны орындау жолындағы елеулі құралдың бірі болған әріп әліпбилерінде үлкен кемшіліктер болды. Сондықтан әріп мәселесі көтерілді деп едік. ...қазақ бұрынғы қараңғы қалып, ескі тұрмыстан шығып, жаңа дүние, сәулелі өмірге аяқ басты. Ынтасы, тілегі артып, керегі көбейді. Ілгергі елдердің мәдениет жемістерімен пайдалануға төте жол іздеп, соның қамына кірісті. Міне, әріп мәселесінің көтерілу себебі осыдан іздеу керек. “Елік”, “желіктен” емес, жаңа тұрмысқа бет алып, тілегі есейген елдің керегін орындауға осы күнгі әріптеріміздің кемтарлық қылғандығынан деп білуіміз керек”, – дейді.

Ә. Байділдин араб әрібінің кемшілігін көп деп, оның басты кемшілігіне ескі араб әрібінің әлі өзгермей қалуын жатқызады (2).

А. Байтұрсыновтың жасаған баяндамасына қарсы сөйлеген Телжан Шонанов та латын әрібінің маңыздылығын дәлелдеді. Латындандыру қозғалысына қатысты өз ойын айта келе, жаңа әліпбиді біртіндеп іске асыруды ұсынады. Бакуде өткен І-ші съездегі “латын әліппесі арабтың ескі және жаңа әліппесінен де артық, мәдениетке, елдің дамуына маңызы өте зор” деп көрсетіп, жазуды латындандыруға көшіруге кірісу турасында қабылдаған қаулысының дұрыс шешім екендігін, түркі елдері латын әліпбиіне көшуде Әзербайжан елінің тәжірибесіне сүйенуі тиіс деген тұжырымын айтады. “Латын әліппесі керек пе, керек емес пе деген таласты қойып, латын әліппесін қалай еткенде дұрысырақ жүзеге асыруын сөйлесуіміз керек. Іске кірісуге мезгіл жетті” деп, латыншылар ұйымын ашуға белсене кірісуге шақырады. Сонымен қатар ол әліппе мәселесі үш ағымның барлығын да атап өтеді. Оның көрсетуінше, бірінші ағымдағылар ескі араб әліппесінің түрін өзгертпей сақтауды көздеушілер, екінші ағымдағылар араб әліппесінің кемшілігін мойындап, оны түзетуге бет бұрған жамаушылар, ал үшінші ағымдағылар әлгі өзгерістен дым шықпайтындығын дәлелдеп, латын жазуына көшуді қуаттаушылар (3).

Академик В. Бартольд та ескі әліппе мен жаңа әліппенің айырмашылығын нақтылай көрсетпекке тырысты. Латын әрібін алудың себебін былайша көрсетеді: “Латын әліппесі батыс Еуропа мәдениеті әлі көпке шейін жер жүзінің мәдениет бәйгесін де, бәйгенің алдын бермеуі анық. Сондықтан бір әліппе бүтін жер жүзіне әсерін тигізеді десек, сол әліппе латын әліппесі болуға ыңғайы бар”.

В. Бартольд латын әліппесін алғанда түрік дыбыстарын толықтай таңбалау үшін біріншіден, бірлі-жарым жаңа әріп қосу қажеттігін, екіншіден, Еуропа халықтарының латын әріптерінен түріктің латын әрібін басқаша ету, үшіншіден, түркі елдері бірінің жазғанын бірі іркілмей тану үшін жаңадан қосылған әріпті неғұрлым аз ету керектігін ұсынса, ал профессор Н.А. Шмарин араб әліппесі мен латын әліппесінің қайсысын қолдану тиімділігін анықтауда істі екі жағынан қарастыру қажеттігін айтады. Оның бірі, бұл әліппелердің тірі елдердің тіліндегі дыбыстарын таңбалауға жарамдылығы, екіншісі, қайсысының басу-жазуға артықшылығы.

Ол араб әрібімен жазылған сөздердің айтылудағы дұрамалығын, басқа елдің қолданылып кеткен сөздерін жазуда араб әрібінің жарамсыздығын айта келе, мысалмен дәлелдемекке тырысады. Арабтың “харб” деген сөзін Осман түріктері “қарп”, Қазан ноғайлары “қарип”, қазақтар “қаріп” ия “әріп” деп жазатындығын, бұл сөзді түркі елдері тілінде бірізділеу керектігін баса көрсетеді. Түркі елдері араб

әрібімен бір сөзді түрліше оқып, түрліше түсінуі мүмкіндігін келтіре отырып, латынға көшуде бұл бірізділікке түседі деген ойын айтады. “Арабта үш-ақ дауысты дыбыс бар. Бұларда маңындағы дауыссыз дыбыстарға қарай түрліше айтылады. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың күштері араб тілінде бір басқа, түрік тілдерінде екінші түрлі көрінеді. Арабта дауыссыз дыбыс табанды, түрікте дауысты дыбыс табанды” дей келе медицина саласы үшін латын жазуы ыңғайлылығын келтіреді (4).

Профессор Л. Жирков түркі халықтары ұзақ жылдар бойы отаршылдық бұғауында болып, өзін отарлап алған елдің мәдениетіне, дәстүріне бас иуіне мәжбүрленгендігін, сол елдің жазуын да алуға амалсыздан көнгендігін, Ресейлік патша үкіметі де отарлап алғаннан кейін өз әліппесін ендіремекке күш салғандығын, шығыс елдерінің әліппесін өзгертуге ұмтылуының себебін, өз мәдениетін өркендетуге ұмтылуынан деп көрсетті. “Латын әліппесі орыс әліппесіндей бұрынғы елдерге жиренішті емес. Ең жақсы жері – латын әліппесі жер жүзіндегі елдердің көбіне тарап отыр” дей отырып, латын әліппесінің кемшіліктерін де атап өтеді. Оларға дыбыс белгісінің аздығын жатқызады. Әр ел латын жазуының дыбыс белгілері аз болған соң, таңбаларының пішінін өзгертіп, бір дыбысты екі-үш белгімен көрсеткендігін келтіреді.

Ғалым Б. Шопанзаде да араб дыбысының кемшіліктерін атап берді. Оның пікірінше, араб әліппесі түрік дыбыстарының тек үштен бірін ғана таңбалауға жарайтындығы. Ал жаңа әліппенің дыбыстары тіліміздегі дыбыс санына сәйкес деген тұжырымын айтады. Б. Шопанзаде мынадай қорытындыға тоқталады: “Түрік елі жаңа әліппеге көшу деген мәселе өмірде шығыс елдерінде болмаған зор бір жұмыс екен. Жаңа әліппеміз “жаңа” деген атақ алуға орны бар екен. Жазу-оқуды жеңілдетіп, түрік тілін дұрыс суреттей алғандығынан жаңа әліппенің “түрік әліппесі” деген атақты да алуға лайығы бар екен” (5).

1926 жылы 10 желтоқсанда Қызылордада белсенділердің латын жазуы мәселесіне қатысты өткен мәжілісінде де А. Байтұрсынов араб жазуын қолдай сөйлеген болатын. Ол: “Біз қазақтар өз сөзіміздің элементтерін баяғыда – ақ анықтап алдық. Жақсы жазамыз, жақсы оқимыз, орыс, неміс, француз, ағылшындар және тағы басқаларға қарағанда жазудың жеңіл әрі тез менгердік. Бізге тағы не керек? Жоқ, бізге әрібімізді латынға көшіру керек дегенді айтады, – дей отырып, “араб әрібін латын әрібіне алмастыру мәселесі тұрмыс қажеттіген туындап отыр” деген пікірді ұстанды.

А. Байтұрсынов түркі халықтарының 90%-і бұрыннан қолданып келе жатқандығын, араб әрібінің өз мәдениеті барлығын, жаңа әліпби қабылдау үлкен қаражат пен күшті талап ететіндігін де атап өтеді (6).

1927 жылы Қызылордадағы Орталық Жаңа әліппе комитетінің баспасынан “Әліппе айтысы” атты жинақ басылып шықты. Жинаққа қазақ зиялылары А. Байтұрсынов, Ә. Байділдин, Т. Шонанов, І. Ахметов, М. Дулатов, Е. Омаров, Ә. Еркеков, М. Бұралкиев, Ә. Байтасов, Ж. Баркин және Мәскеудің жоғары оқу орындарында оқып жүрген қазақ жастарының қазақ халқына қандай әліппе керек мәселесі төңірегіндегі өткізілген айтыс барысы мен олардың ой-пікірлері топтастырылды.

Ә. Байділдин, Т. Шонанов, Ә. Еркеков бастаған бірінші топ латын әрібінің қазақ жазуы үшін маңыздылығын дәлелдеуге тырысса, ал құрамында А. Байтұрсынов, І. Ах-

метов, М. Дулатов, Е. Омаров, Ә. Байтасовтар бар екінші топ араб әрібінің қолайлылығын көрсетпекке талпынды.

Ә. Байділдин латын жазуы тұрмыс керегінен туып отыр, араб жазуы бұл керекті толық орындауға жарамайды дей отырып, латын жазуына көшуді Мәскеудегі қазақ жастар да қолдап отырғандығын келтіреді (7).

А. Байтұрсынов керісінше өз баяндамасында араб әрібінің қазақ мәдениеті үшін тиімділігін айта отырып, латын және араб әріптерін салыстыра талдайды. А. Байтұрсыновтың баяндамасына Телжан Шонанов қарсы сөйлеп, латын әрібі керек пе, керек емес пе деген таласты қойып, латын әліппесін бірлесе жасау қажеттігін және тезірек іске кірісіп, латын әрібінде кітапшалар шығару, латыншылар ұйымын ашу мәселесін қолға алуды ұсынады (8).

Пікірталасқа шыққан Ілияс Ахметов А. Байтұрсыновты қолдай отырып "...Бізге әзір латын әрібінің керегі жоқ. Ахаң әрібі керегімізге жарап отыр және де биылғы татар білімпаздарының съезінде алынған әріп жұмысты латыншылардан гөрі жеңілдетті" деген ойын білдірсе, М. Дулатов: "Қазақ жұрты өнерлі, мәдениетті болуына біз қарсы емеспіз. Жаңалыққа да, өзгерістерге де біз қарсы емеспіз. Бірақ өзгерістің де өзгерісі бар. Күндердің күнінде латын әрібін қолданатын болармыз. Латын түгел жұрт біткеннің бәрі шапшаң жазуға, түсінісуіне де сенеміз, бірақ біздің айтатынымыз латынды шыбылып, шығынданып ала қоярлықтай пайдасы көрініп тұрған жоқ. Қайта зияны бар деймін" дей отырып, латыншылардың "араб әрібі қымбатқа түседі" деген уәждеріне, "соңғы өзгертілген жоба бойынша келер шығын жоқ" екендігін айтады. Ал Әлімхан Ермеков "ілгері басу үшін латын әрібін алғандығымыз дұрыс" деп тұжырымдайды. Ол елді ілгері бастырамыз десек "латын әрібін алудың жолын қарастыруымыз керек" дей отырып, бұл істе А. Байтұрсынов сияқты білімді, тәжірибесі мол адамдары шақыруды ұсынады (9).

Латын әрібін қолдаған Әбдірахман Байділдин мен арабты көтермелеген Елдес Омаровтың баяндамаларын тыңдағаннан кейін араб әрібінің орнына латын әліпбиін қабылдауға, Қазақстанның оқу-жазу ісіне латын әрібін ақырындап енгізе беруді, түрлі орындарда латыншылар үйрімелерін ашуды қолдайтындықтарын білдіретін қаулы қабылданды (10).

1927 жылы 9 маусымдағы БКП(б) бұйрық бойынша латын әліпбиін насихаттауды қолдайтын комитет құрылды. Оның құрамына Н. Нұрмақов, Т. Шонанов, Ә. Байділдин, Ғ. Тоғжанов және О. Жандосов еніп, ал кандидаттығына Қайыпов пен Орманбаевтар сайланды. Комитет басшылығы Қазақ АКСР халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Нығмет Нұрмақовқа жүктелінді (11). Бұл комитет түркі елдерімен бір бағыттағы жаңа әліпби жасау, мектеп жасындағы балалар мен ересектерге арналған әліппелер шығару, латыншыларға жәрдем берелік нұсқау кітаптарын шығару, баспаханалар үшін жеткілікті латын әрібін дайындау, латыншылар қоғамы мен ұйымдарының ережелерін басып шығару, латыншылар қоғамын, ұйымдарын ашу және жандандыру үшін газет-журналдар арқылы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, әліпби жұмысына басшылық қылатын

адамдар даярлау сияқты жұмыстарды тез арада атқаруға тиіс болды (12).

1928 жылдың қаңтарында "Еңбекші қазақ" газетіне Орталық жаңа әліппе комитетінің төрағасының орынбасары Ораз Жандосов пен жауапты хатшысы Телжан Шонановтың қазақ халқын латын әрібін қабылдауға қолдау көрсетуге шақырған ашық хаты жарияланды (13). Хат жарияланысымен Қазақстанның түпкір-түпкірінен латыншылар үйрімесін құрып, үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп жатқандығы жөнінде газет редакциясына хабарлар келе бастады.

1928 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақ Орталық Атқару Комитеті Президиумының мәжілісі өтіп, онда латын жазуын 1928/29 жылдары жоғарғы оқу орындарында, техникумдарда міндетті жазу есебінде енгізу және "Еңбекші қазақ" газеті арқылы жаңа әріптерді үйрету, осы жазуда газетке араб әрібімен қатар мақалалар жариялауды ұсыну мәселелері айтылды (14).

Жаңа әліпбиге өтудің қажеттілігін насихаттау мен түсіндіру жолына қоғамдық пікір де тартылды. 1928 жылдың 9-12 желтоқсанда Қызылордада Қазақстан жаңа әліппешілерінің өлкелік тұңғыш конференциясы өтіп, жаңа әліпби орталық комитетінің есепті баяндамасы мен жаңа әліпбиді алдағы күнде өркендету туралы баяндамалар тыңдалды. Жаңа әліпби мәселесі төңірегінде Н. Нұрмақов, С. Рақымов, Ә. Омаров, С. Байтоғай, С. Сапарбеков, О. Жандосов, Ә. Байділдин, Б. Малдыбаев, Ш. Сарыбаев, Ә. Ермеков, Ш. Токжігітов, А. Розыбакиев және тағы басқа республика мен облыс басшылары, оқу-ағарту ісінің қызметкерлері мен Қазақстанның облыстарын мекендейтін қазақ, ұйғыр, татар ұлт өкілдері қатынасып, жаңа әліпбиге көшу мәселесін қолдады (15).

1928 жылы 18-23 желтоқсанда Қазан қаласында Одақтық жаңа әліпби комитетінің III пленумы өтіп, оған Әзербайжан, Татарстан, Қырғызстан, Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан және басқа түркі елдерінен өкілдері қатысып, жаңа әліпби төңірегінде бірнеше мәселелер қарастырылған еді. Қазақстаннан С. Асфендияров, О. Жандосов, Н. Нұрмақов, Т. Шонанов, Ғ. Тоғжанов, Т. Рысқұлов сынды қазақ зиялылары қатынасады.

Пленумда латын әліпбиіне көшу баяулығы, әзербайжан жазуы қабылдаған әліпби негізінде өзге түркі халықтарының әліпбиін бірдейлестіру, жазу тарихындағы сол дәуірді мұрағат ретінде сақтау, бас әріп мәселесі, емле принципі,

рет саны	әріп	фонема	рет саны	әріп	фонема
1	a	<a>	16	в	<б>
2	ь	<ы>	17	d	<д>
3	o	<о>	18	g	<г>
4	u	<у>	19	ё	<ё>
5	e	<е>	20	z	<з>
6	э	<э>	21	ж	<ж>
7	i	<и>	22	h	<х>
8	ө	<ө>	23	m	<м>
9	y	<ү>	24	n	<н>
10	p	<п>	25	п	<п>
11	t	<т>	26	v	<у>
12	k	<к>	27	l	<л>
13	q	<қ>	28	r	<р>
14	s	<с>	29	j	<й>
15	c	<ш>			

фонетикалық пен морфологиялық принципті қатар ұстау сияқты мәселелер қаралды.

Жаңа әліпбиді енгізудің нақты мерзімі жөнінде үлкен айтыстар болып, бұл іс-шараны екі жылдың ішінде жүзеге асыру керек деген тоқтамға келді. Пленумға қатысқан Ағазаданың баяндамасында бұл турада айқын айтылды. Ол жаңа әліпбиді 2 жылда жүзеге асыру оңай нәрсе емес екендігін де атап өтіп, бағдарлама қабылдау қажеттігін баса көрсетеді. Осы мерзімде бұл бағдарламада мектеп, кеңсе ісі, кітап бастыру, газет-журналдар шығару сияқты төрт ірі салаларды жүзеге асыру қажеттігін ұсынды (16).

Қазақстаннан келген өкілдер елде жаңа әліпбиді енгізуде көп қиыншылықтардың туындап отырғандығын, атап айтқанда материалдық-техникалық жағдайдың жоқтығынан бұл қозғалыстың қандай жағдайда жүргізіліп отырғандығы жөніндегі мәліметтің жоқтығын, тіпті Қазақстанның жаңа әліппешілер комитеті тіпті көптеген ауылдық жерлердегі мектептерде жаңа әліпби негізінде дәрістер жүргізіліп жатқандығынан бейхабар болғандықтарын жасырмады (17).

ІІІ пленумнан кейін қазақ латыншыларының конференциясы өткізілді. Онда 1929 жылдың аяғына дейін Қазақстанның 75 000 адамына жаңа әліппемен хат танытып, 600 000-700 000 дана жаңа (латын) әліпбиін ел арасына тарату қажеттігі баса айтылды (18).

1929 жылдың 24 қаңтарында ҚАКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Е. Ерназаров пен осы ОАК-нің хатшысы А. Асылбековтің қол қоюымен Қазақ Орталық Атқару Комитетінің 6 шақырылымының IV сессиясының шығарған шешіміне сәйкес араб әліпбиінің орнына жаңа латын әліпбиі бекітілді. Жаңа әліпби “Еңбекші қазақ” және “Советская степь” газеттеріне жариялау ұсынылды. Жаңа әліпбиде 29 әріп болады Оны төмендегі кестеден көруге болады (19).

Жаңа әліппе қозғалысы туралы күнделікті баспасөз беттерінде жарияланып жатты. Қазақ зиялыларының латыншылар қозғалысының жетістіктері мен қозғалыс барысында кездескен кемшіліктерді қалай жою қажеттігі жөнінде ұсыныстар айтқан мақалалары да көпшілік назарына ұсынылды. Әліппе қозғалысын ауылды жерлерде жандандыру мәселесін көтеріп, осы жолда іс-шаралар жүргізу, ауылдағы сауатсыздықты жоюда жаңа әліпби қолдану қажеттігін баса көтерді. Мәселен, “Жаңа мектеп” журналының № 1 санына Телжан Шонановтың “Жаңа әліппемен сауаттандыру жайында” атты көлемді мақаласы жарияланды. Онда сауаттандыру жолында тілдің райына, емленің жайына, әріптің түріне қарай сияқты 3 әдісті қолдану қажеттігін және жаңа әліппемен сауаттандыруда мектеп жасына дейінгі балаларға, мектеп жасындағы балаларға, ересектерге ұстанған әдістердің әр түрлі болуын ұсынады (20).

Ораз Жандосов та осы журналдың 4 санына жариялаған мақаласында ауыл халқына жаңа әліппе аттанысының негізгі мақсатын түсіндірмекке ұмтылды. Ол аттаныстың мақсатын ауылға жаңа әліпбиді жаю деп көрсетті және оның саяси маңыздылығын да атап өтеді.

О. Жандосов ауыл мәдениетін көтеруде сауатсыздықпен күрес жүргізу қажет дейді. Ол үшін бұрынғы арабша хат таныған ауылдағы малайларға, кедейлерге, орташаларға жаңа әріппен (латын) сауат аштыру, ауыл тұрғындарына жаңа әліпбидің маңыздылығын түсіндіру қажеттігін, сондай-ақ, жаңа әліппемен ауылды сауаттандыру үшін 2000-дай оқытушы керектігін көрсетеді (21).

1929 жылдың 14 тамызда жаңа әліпбиді Халық ағарту комиссариатының барлық жағдайды ескере отырып, бүкіл қазақ мектептеріне латын әліпбиін толықтай енгізудің соңғы мерзімін 1930 ж. 14 тамызына, яғни Қазақстанның 10 жылдық мерейтойына дейін аяқтауды белгіледі. Осы қаулы бойынша Халық Комиссарлар Кеңесі мекеме қызметкерлерінің латын әліпбиін білу барысын тексеруге арналған өлкелік және аудандық оқу бөлімдерінде тексеру-сынау комиссиясын құрды (22).

Комиссияның құрамына қазақ тілінің оқытушысы, сол мекеменің өкілі, жастар одағының мүшесі енді. Комиссияның төрағасын оның мүшелерінің қолдауымен сайланды. Бұл комиссиялар барлық жоғарғы оқу орындарында, техникумдарда, кеңестік партия мектептерінде, 7 немесе 9 жылдық мектептерде, фабрика, зауыттағы оқу орындарында құрылды. Жалпы, комиссияның құзырына барлық мекеме қызметкерлерінің жаңа әліпбиді қаншалықты деңгейде білетіндігін тексеру, толық білетіндерге арнайы куәлік беру, жоғарғы орындарға осы мәселе жөнінде есеп беру ісі тапсырылды. Комиссия жұмысы 1930 жылдың 1 қаңтарына дейін аяқталуға тиіс болды (23).

Қазақстанда латын әрібі енгізілгеннен кейін де баспасөз беттерінде әліпби мәселесі жөнінде түрлі мақалалар жарияланды. 1933 жылы “Большевик Казахстана” журналына Ғаббас Тоғжановтың “Жаңа әліпби қозғалысының тарихы және оның қазақтар арасындағы жеңісі” атты мақаласы басылды. Бұл мақаласында ол қазақтар арасында жаңа әліпбидің қызығушылық туғызарлық екі себебін атап көрсетті. Оның бірі, Қазақстанның РКФСР –дегі автономиялық республикалардың ішіндегі алып жатқан территориясы мен халқы жағынан аса ірі республика екендігі, ал екіншісі, қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіруде ескі әліпбиді (араб жазуына) жоғалтып, оны қолдаушыларға соққы берілуі.

Ғ. Тоғжанов қазақ жазуының тарихы болған емес деп, оның тарихының бастауын XX ғасырға жатқызды отырып, 20-шы жылдың ортасына дейін қолданып келген араб жазуын “Қазақ” газетімен тығыз байланыстырды. Ол қазақтың Сәдуақасов, Қожанов сияқты жікшілдері жаңа әліпбидің қабылдауын құптамай, кеңес өкіметіне жат элементтерді қарсы қойды деп жаза отырып, жаңа әліпбиді қозғалысына мынадай қорытынды жасайды:

Біріншіден, арабшы-ұлтшылдардың, молда, орыс шовинистерінің сондай-ақ, партияның ішкі жаулары оппортунистердің қарсылығына қарамастан, жаңа әліпби жоғары оқу орындарына, мерзімді баспасөз орындары мен ұлттық баспаханаларға енгізілді.

Екіншіден, жаңа әліпби практика араб әрібіне қарағанда игеруде қарапайымдылығы және жеңілдігімен өзін дәлелдеді. Бұны жаңа әліпбиде қазақ басылымдарының ұлғаюымен, қазақ газеттерінің көбеюімен және сауатсыздықты жоюымен түсіндіруге болады.

Үшіншіден, бұрынғыдан қарағанда және қазақ тілін және оның орфографиясын ғылыми салада сараптауда алға жылжыды.

Бұл аталған жетістіктермен қатар Ғ. Тоғжанов кемшіліктерді де атайды. Бұған іс қағаздарды жүргізуде және халық тұрмысына әлі де болса латын жазуының толықтай енгізілмеуін, газеттер мен кітаптарда шығаруда қателіктердің орын алуын, қазақ орфографиясында қателіктердің болуы және т.б. жатқызды (24).

20-30-шы жылдардағы сияқты қазіргі кезде латын жазуына көшу мәселесі көтерілгені белгілі. Бұл мәселе төңірегінде қызу жұмыстар атқарылып, баспасөз беттерінде мақалалар, ой-пікірлер жариялануда.

Ғалымдар қазақ халқының түркілік бірегейлігін нығайтудың маңызды тетігінің бірі – қазақ жазуының латын графикасына көшуі болып табылмақ деген тұжырымға келіп отыр. Латын әліпбиінің ондаған жобасы жасалынып, көпшілік назарына ұсынылды.

Латын графикасына көшкен түркі тектес мемлекеттердің қателіктерін қайталамас үшін, бұл істе мемлекеттік көлемде дайындық жүргізу аса қажет. Бұны XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы тәжірибеден де аңғаруымызға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Төреқұлов Н. Жаңа әліпби неге керек? М., 1924. 38-60-бб.
2. Жаңа әліппе жолында. Бастырушылар: К. Тоқтыбаев, М. Мурзин. Қызылорда, 1927. 5-7, 27-бб.
3. Сонда, 51-53, 91-бб..
4. Сонда, 73, 76-77-бб.
5. Сонда, 79-82-бб
6. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 915-іс. 25 қ., 26-п.

7. Әліппе айтысы. Қызылорда, 1927. 7-9-бб.
8. Сонда, 30-49-бб.
9. Сонда, 54-55, 64-65-бб.
10. Сонда, 78-79-бб.
11. ҚР ПМ. 141-қ., 1-т., 1043-іс. 437-п.
12. Жаңа әліппе жолында, 94-б.
13. Еңбекші қазақ. 1928. №10. 12 ғынауар.
14. ҚР ОММ. 81-қ., 1360-іс. 25-27-пп.
15. Қазақстан жаңа әліппешілерінің өлкелік тұңғыш конференциясы (1928 ж. декабрь 9-12). Қызылорда. 1929.
16. Жаңа мектеп. 1929. №8. 16-17-бб.
17. Стенографический отчет третьего пленума Всесоюзного Центрального комитета, нового тюркского алфавита заседавшего в Казани от 18-го по 23-е декабря 1928 г. – Казань, 1928. (228 с.) с.66
18. Жаршы. 1929. №2-3. 6-б.
19. Систематическое собрание законов, С. 93.
20. Жаңа мектеп. 1929. №1. 36-б.
21. Жаңа мектеп. 1929. №4. 1-5-бб.
22. Стенографический отчет научно-орфографической конференции созданной 2-4 июня 1929 года научно-методическим советом НКП и ЦКНКА. – Алма-Ата, 1930. 150с. с. 163
23. ҚР ОММ. 81-қ., 1-т., 1388-іс. 150-152-пп.
24. Большевик Казахстана. 1933. №6. с. 8-17.

«Проблемы перехода на латиницу 20-30 годы XX века»

Светлана Смагулова – докторант Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова, кандидат исторических наук, доцент

20-30 годы XX века мусульманские государства в составе СССР были переведены на латинский алфавит. Принятая 1929 году в Казахстане латинская письменность действовала до 1940 года. Как свидетельствуют исторические факты 1923 по 1927 годы в Казахстане шла большая дискуссия, противоборство между защитниками латиницы и арабской письменности. По мнению специалистов от перехода на латинский алфавит общество только выиграет. Мы сохраним четыре исконных казахских звука, перейдем на язык новых технологий и при этом сэкономим огромные финансовые средства. Латинский алфавит может стать одним из инструментов для прорыва страны в число 50 конкурентоспособных стран мира, являясь языком научно-технического прогресса и Интернета.

“Problems of switching to Roman alphabet in 1920-30s of XX century”

Svetlana Smagulova – doctorate of the Institute of history and ethnology named after Ch. Ch. Valikhanov, candidate in History

In the 1920s-30s of XX century the Muslim states of the USSR had switched to the Roman alphabet. The Latin writing adopted in 1929 in Kazakhstan was in place until 1940. As historical facts show from 1923 to 1927 a wide discussion was taking place in Kazakhstan, a clash between advocates of Latin and Arab writing. The society will only gain by switching to Latin. We will preserve four native Kazakh sounds and will switch to language of high technology and will save up on financial expenditures. The Latin alphabet can become one of the instruments for the Republic to join 50 most competitive states of the world being the language of science and technological progress and internet.

Аралық сабақтастық, дәуірлік үстемдіктің негізі (немесе алғашқы көшпелі Еуразиялық мемлекеті – Түркі қағанаты жөнінде)

Нұрболат ЖАНТЕЛИЕВ,
тарихшы

«Түбі бір түркі халықтары» деп аталып жүрген қазіргі көптеген халықтардың жақындығы мен бірлігі олардың ортақ тілі мен мәдениетімен және басынан кешірген тарихынан көрінеді. Ғұндар мемлекеті Атилланың кезінде Шығыс Екропаны өзіне қаратса, біздің заманымыздың 6-шы ғасырының ортасында алтайлық тайпалардың ең ірісі – Түркі қағандығы өз мемлекетін құрып, Алтайдан Қырымға дейінгі жерлерге иелік етті. Біздің заманымыздың 1-ші мыңжылдығында Еуразия даласындағы этникалық орта бірте-бірте өзгере бастады. Ал ол бірнеше түркі тілді тайпалардың және қағандықтардың қалыптасуына алып келді. Дәл осы уақытта қазіргі түркі тілді тайпалардың этникалық-саяси бірігуі қалыптасқан еді. Сонымен Түркілер деген кімдер? Алдымен осы сұраққа жауап іздесек.

Қытай транскрипциясында 6 мен 12-ші ғасыр аралығында Түркілер дәуірі Туи-Цзю деп беріледі. Негізі Түркілердің шығу тегін растайтын екі дерек бар. Соның біріне тоқталсақ. Вейши және Суйшу дерегінде мынандай аңыз сақталған: Кезінде Ғұндарға бір тайпалық одақ шабуыл жасайды (Нақты қай тайпа екендігі айтылмайды). Сонда ғұн билеушісі (Шаньюйінің) баласын үдере ккшу кезінде аяқ-қолын шауып, тағдырдың талқысына тастап кетеді. Жаулар біраз жерге барып, «анау бала тірі қалып қалған жоқпа екен» -- деген оймен қайтып келген кезде ол баланы таппайды. Ал сол мезетте баланы тауып алған қасқырдың қаншығы бүгінгі Алтай тауының үңгірінде осы баланы аман-есен сақтап қалған екен. Одан кейін қасқыр мен ғұн ұрпағынан 10 бала дүниеге келген екен, ал осы 10 бала ер жете осы маңайдың қыздарына үйленген екен, ал осылардың ұрпағы өздерін түріктерміз деп есептеген -- дейді. Олар 500 шаңыраққа жеткенге дейін томаға-тұйық, ешкіммен байланыссыз өмір сүрген екен деп көрсетеді. Ал 6-шы ғасырда бүгінгі Монғол жеріне келіп, Жужан мемлекеті құрамына кірген. Бұл Тотемизм элементі (Яғни өзінің шығу тегін аңмен байланыстырады). Мысалы Енисей қырғыздары кезінде жау шапқан кезде бесіктегі баланы Бұғы аман алып қалған, ал біз соның ұрпақтарымыз дейді. Тарих ғылымдарының кандидаты Еділ Ноянов «осы деректен-ақ Түркілер Ғұндардың ұрпағы екеніне көз жеткізуге болады» -- дейді.

5-ші ғасырдың екінші жартысынан бастап Түркі деген сөз алғашы рет кездесіп, кейіннен тарай бастайды. Егер бұрын соғды тілі түркілер мен қытайлар арасында дипломатиялық қатнаста пайдаланылып келсе, кейін түркі сөзі византиялықтарда, арабтарда, сириялықтарда, санскрит тілінде көптеген иран, тибет тілдерінде кездесе бастады. Империя құрылған жылға дейін «түркі» сөзі 10 тайпа бірлестігінің атауы ретінде жүреді. Орыс жылнамасында 985-ші жылы «торк» деген сөз кездеседі. Кенес үкіметі жылдарындағы түркілердің тарихы туралы жазылған құнды еңбектер: Толстовтың «Древний хорезм» атты зерттеуі, Лев Гумилевтың «Древние тюрки» және «Хунны в Китае» деген күрделі зерттеулері түркі тайпаларының ғасырлар бойғы даму ерекшеліктерінен сыр шертеді. Ал академик В.Бартольдтің Орта Азия өлкесін мекендеген тайпалардың тарихы жөніндегі еңбектерінің ғылыми маңызы зор.

Түркілер 6-шы ғасырда Монғол территориясындағы жужан тайпасына қосылып, оларға салық түрінде темір затын төлеп келді. Бірақ түркілерге бұл тәуелділік ұнаған жоқ. Содан 546-шы жылы «Теле тайпалық бірлестігі» (теле тайпалық бірлестігіне: болашақ оғыздар, кимақ, қарлұқ, қыпшақ, ұйғырлар кірген) Жужандарға қарсы көтеріліске шығады. Ал тәуелсіздікті аңсап отырған түріктер осы ұрымтал сәтті, ұтымды пайдаланады. Түркілер осы кездерде өзінің қарулары мықты болғандықтан 50 мыңдық Теле тайпалық бірлестігін бағындырып, халық саны мен әскери қуаттылығын күшейтеді. Енді түркілер көсемі Бумынға Жужан еліне қарсы шығу үшін бір себеп керек болады. Ол Жужан қағаны Анағұйдың жалғыз қызын қалыңдыққа сұратады. Сол кезде Жужан билеушісі «Сен менің темір балқытушы құлым, қызымды қалай дәтін шыдан сұрап тұрсың» -- дейді. Ал Бумынға керегі осы еді. Ол жауап берген елшілерді өлтіреді, 551-ші жылы көтеріліс жасап, Жужандарды талқандап, Бумын мемлекет басына келеді. Осы кезден Түркілер өз алдына дербес мемлекет құрады. Осы дәуірде Түркілер Моңғолиядан және Қытайдың солтүстік шекарасынан Қаратөңізге дейін созылып жатқан Ұлы көшпелі империяның негізін қалады. Сол кездерден дерек беретін күлтегін ескерткішінде: «Әлемнің көгінде аспан, төменінде қоңыр жер пайда болғанда осы екеуінің арасында адам баласы жаратылды. Адам баласының үстінен менің бабаларым Бумын Қаған мен Истеми қаған билік жүргізді. Таққа отырған олар өз мемлекетін қорғап, Түркі заңдарын шығарып, оны бекітті» делінген. Ал Н. Аристов деген ғалым «Ежелгі түркі мемлекеті Ғұндар империясы болып есептеледі» деді.

Махмұд Қашқари құрастырған түркі тілдерінің әйгілі сөздігі – «Дивани лұғат-ат-түрік» еңбегінде түркі тілдерінің жекелеген түрлері туралы көп мәліметтер келтіреді. Махмұт Қашқаридің жазуы бойынша түркілер солтүстік және оңтүстік деп бөлінген. Солтүстігіне: печенег, қыпшақ, оғыз, иемектер, башқұрттар, ябақұлар, татар, қырғыз деп ал оңтүстік тобына жататындарды: шігіл, тухси, яғма, жумыл, ұйғыр, хитай, табғаш деп атады [1].

551-ші жылы Түркілердің көсемі Бумын «қаған» титулын қабылдайды. 552-ші жылы ол қайтыс болып орнына Қара қаған, сосын Мұған көсемдік етіп, жуань-жуандарды толығымен талқандайды. Содан Қытайдың қазіргі солтүстік-шығысындағы өлкелерінен бастап Каспий теңізіне дейінгі ұлан-байтақ өңірде Түркі қағандығы құрылып, басқару ордасы Орхон өзені бойына орналасады. Монғолияны, Орта Азияны мекендеген түркі тілдес тайпалар мен ұлыстар түркі қағандығына бағынады. 555-ші жылдың өзінде-ақ түркі тайпалары батысқа қарай жылжи отырып, Жетісу жерін, Қазақстандағы Сырдария мен Арал өңіріне дейінгі бүкіл қалалалы жерлерді басып алады.

Түркі қағандығы негізінен ру-тайпа жіктері бойынша басқарылды. Ондағы ең ірі 10 тайпаның әрқайсының өз басқарушысы болды, оны «Шад» деп атады. Олар сол және оң қанат деп бөлінді. Сол қанатқа – дулулардың 5 тайпасы, оң қанатқа көшпелілердің 5 тайпасы енді. Мемлекет аумағы кеңейіп оларды кіші хандар басқарды. Ал олардың барлығы Ұлы Қағанға бағынды. Қағаннан кейінгі жоғарғы билік иесі жабғу, тегін, сылифа деп аталды. Қытай жылнамасында көрсетілген көне түркілердің мемлекеттік заңының негізі ірі 7 баптан тұрады. Онда көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісіге өлім жазасы кесілісін, ұрлаған бағалы мүлік үшін 10 есе артық айып төленсін деген және тағы да басқа көптеген баптар бар.

Осылайша аз уақыттың ішінде Түркі қағандығы мемлекетін сыртқы жаудан қорғай алатын қуатты әскер құрды. 553-ші жылдары түріктер эвталиттердің Хотан және Судағы тәуелді княздерін де басып алған еді. Осы жағдай екі арада соғыс туғызып, ол 8 жылға созылады. Ол кезде Эфталиттер Үндістанмен соғысып жатты және ираннан қауіптеніп түркілерге қарсы батыл соғыса алмады. Содан шешуші айқас Бұхара түбінде болып, Эфталит патшасы Гатфира жеңіліс тапты. Түркілер Орта Азияны жаулап алған соң «Жібек Жолында» билік етті. 6-шы ғасырдың 60-шы жылдарында Түркі қағандығы сол уақыттың ірі мемлекеттері Византия, Сасанид, Иран және Қытаймен саяси-экономикалық қатнастардың жүйесіне еніп, Қиыр шығысты Жерорта теңізімен байланыстыратын сауда жолдарына бақылау жасау жолында күрес жүргізді. Осылайша Түркі қағандығы саяси және мәдени мұрасы арқылы Орта Азия мен Оңтүстік Шығыс Еуропаға едәуір әсер еткен алғашқы Еуразиялық империяның құрушылары болды.

Түркілердің Соғды жерін иеленуі Эвталиттерге ұнамады. Содан екеуара соғыс болғанда Иранмен біріккен Түркілер оларды 565-ші жылдары қиратады. Енді Жібек жолы Қытай, Түрік Империясы, Иран—Византия арқылы өтетін болды. 560-шы жылдары Түркілер Солтүстік Қытайды өздеріне бағындырады. Ал Қытай түркілерге салық ретінде жібек мата төлеп отырады. Түріктер жібекті Византияға сатқысы келгенде, оларға Иран қырсы шығады. Енді Түркілер өз одақтасы ретінде Византияны тапты. Алайда Иран екі жақпен бірдей соғыса алмағандықтан, түркілерге жылда 46 мың алтын салық төледі. Енді түркілер солтүстік Кавказ бен Византия жерлеріне тие бастады. Содан 6-шы ғасыр аяғында кешегі алтай тауында болған кішкене ғана түріктер 50 жыл ішінде Солтүстік Қытайдың шекарасынан бастап, бүгінгі қара теңіздің жағалауына дейін жетіп, осы аумақта алып империя құрды.

Тарихи деректерді қарайтын болсақ кез-келген алып империяның өсуімен қатар құлдырау жолы да болған. Сол жолды Түркілерде бастан кешірді. Тарихшы Еділ Ноянов айтқандай 581-588-ші жылдары бұған дейін ыдыраңқы күйде болған Қытай жұрты Суй династиясының қол астына біріктірілді. Осы қытайдың күшейуі тұсында түркілердің Ашин руының ішінде әртүрлі араздықтар мен ашаршылықтар туды. Оған 581-583-ші жылғы жұтта келіп қосылды. Осының бәрі еріксіз қағандықты дағдарысқа алып келді. Осы уақытта түркілердің Қытаймен арадағы қатынастары шиеленісіп кетеді. Сол себептен 602-ші жылы Қытай империясы түркілерге қарсы соғыс жариялап, күйрете соққы берді. Осындай қиын мәселелердің арқасында 582 мен 603-ші жылдардың арасында Түркілер Батыс және Шығыс қағанаттарына бөлініп, Түркі қағанатының дәуірі аяқталады. Батыс түрік қағанатына – бүгінгі Қазақстан аумағы (Амударияға дейінгі Орта Азия аумағы) кірсе, Шығыс түрік қағанатына – бүгінгі қытайдың солтүстік-батысы мен монғолия жерлері кірген болатын.

Түркілердің тарихы 7-8-ші ғасырларда жазылған Орхон Енисей жазбалары арқылы белгілі. Ол ескерткіштер бір замандарда түркілер мекендеген Енисей өзенінің бойы мен қазіргі Монғолия жеріндегі Орхон өзені маңайынан табылған құлыптастағы жазулар. Сондықтан олар «Орхон-Енисей» деп аталып кеткен. Ескерткіштер Түркі қағандығының тұсында тасқа қашалған Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк сынды атақты адамдарға арнап тұрғызылған құлыптастағы жазулар. 2 Түркі мәдениеті өзінің ерекшеліктеріне қарай мынандай топтарға бөлінген. 1. Енисей қырғыздарының мәдениеті, 2. Қимақ-Қыпшақ мәдениеті, 3. Алтай түркілерінің мәдениеті [2].

Жалпы сексен жылдай өмір сүрген кезінде Түрік қағандығы дамудың биік сатысына көтерілді. Түркі империясы тұсында Орта Азияның экономикасы мен мәдениеті гүлденіп, өсті. Сауда, қолөнер жақсы дамыды. Қорыта келгенде Түрік қағанатының күшін біріктірмей, оны зор шығысқа душар еткен мәселенің бірі мемлекет ішіндегі алауыздық. Бұл хал Күлтегін жазуларында: «інілі-ағалының дауласқандығы үшін түркі халқы елдігінен жойылды» деп жазылған. Тастағы жазуларда «Түркі халқы жойылды» деген тіркестер әлденеше рет кездеседі. 603-ші жылы түркілер Батыс және шығыс қағанаты болып бөлінеді. Алайда бұл сабақтастық түркілер құрған дәстүр мен мәдениетті одан әрі жалғастырып отырады.

Батыс түркі қағандығы 10 тайпаның бірігуі нәтижесінде пайда болды. Олар шығыста 5 тайпа дулу, батыстағы 5 тайпа нушиби еді. Батыс Түрік қағандығына Жоңғария мен Орта Азияны біріктірген жерлер және Шығыс Түркістанның едәуір бөлігі кірді. Батыс қағандығы 618-ші жылы Шөгуи ал одан кейін Тон-ябғу қаған қағандықтың шығыстағы шекарасын Алтайға дейін жеткізіп, бүкіл Тарим мен Памирге дейінгі ұлан-ғайыр аумақта өз билігін жүргізді. Ал Тон-ябғу қағандықтың аумағын кеңейту жөніндегі саясатты одан әрі жалғастырып, әкімшілік орталығын сол кездегі қолөнер мен сауданың маңызды орталығы болған Шу алқабындағы Суяб қаласына көшірілді ал жазғы қонысы Мыңбұлақта болды. Жаңа жорықтар қағандық аумағын Гиндукуш пен Амударияның жоғары ағысына дейін кеңейтті. Ұлы қағанаттары Шығыс қағанаттан шығып отырса, қара шаңырақ батыс қағанатта болды. Ал Ябғу сынды кіші қағандар Батыс қағанының ұлы қағаны болып отырған еді. Шығыс қағанатының шаруашылығы көшпеліге жақын болса, батыс отырықшылық өмірдің дәстүрлерін игере бастады. Дегенмен Батыс және Шығыс түркі қағанаттарының арасындағы қарым-қатынас жақсы болып, басшылары ортақ пікірлерге де келіп отырады екен. Осы кездерде бұрын өзіне алым, төлеумен ғана келген Орта Азия мемлекеттерінің үстінен Батыс түрік қағанатының басшысы Тон-ябғу қатаң саяси бақылау орнатты.

Қытайда Тан мемлекеті пайда болғалы олар күшейе бастайды. Ал олар күшейген сайын Батыс түрік қағанаты әлсірей бастайды. 744-ші жылы Түркілер әлсіреп, саяси сахынадан кетеді. Ал Батыс түрік қағанаты 756-шы жылы құлдырады. Осылайша Батыс түрік қағандығы құлағанымен, оның құрамындағы түркі тайпаларының бәрі бірдей Тань мемлекетіне бағынып, оның билігін мойындаған жоқ. Мәселен, осы Батыс Түркі қағандығына кіретін «он оқ» халқының ішінен түркештер бас көтеріп, өз алдына қағандық құрып, Тань мемлекетінің жаулап алу саясатына қарсы тұрады.

Қытаймен арадағы соғыста жеңіліс тапқан Шығыс Түркі қағандығы 630 жылы біржола құлады. Түркілер жарты ғасыр бойы Қытайға тәуелділіктің қамытын киюге мәжбүр болған еді. Ал 682 жылы мемлекет қалпына келеді.

Осы 50 жыл ішінде талай қаған еркіндікке ұмтылып, көтерілістер жасасада, ешқайсысы халқына бостандық алып бере алмады. Ал солардың бірі – Құтлық қаған ғана қағандықтың басын біріктіріп, оны үлкен күшке айналдырды. Құтлықтың тасқа қашалған сөзі былай дейді: «Қытай қолында қандай ерлеріміз құл болып қалды. Біз оларға 50 жылдық еңбек күшімізді бердік. Мемлекеттің заң жобасын жасап бердік. Біз қытайға басқа мемлекеттерді жеңіп бердік» — деген екен. Ертегілік сипаттағы деректерде бұл азалы үнді Түркі тәңірісі естіп, «Түркі халқы жойылмасын» деген екен. Содан Құтлық қағанға 17 ер ілесіп, қала мен таудағылар жиылып 70 ер болыпты. Жаулар қойдай, ал Құтлық қағанның әскерлері бөрідей болыпты. Сөйтіп қиын қыстау кезендерден күңіренген түркі халқын Құтлық қаған ата-баба мекеніне қайтарған екен.

Шығыс қағанаты батысқа қарағанда күштірек болған дейді тарихшы – Болат Көмеков. Құтлық қаған қайтыс болған соң, нақтырақ айтсақ 691-ші жылы таққа Қапаған қаған отырады. Соның кезінде Шығыс Түркі қағанаты әскери, саяси дамуы жағынан шарықтап өседі және солтүстік қытай әскерлеріне қарсы бірнеше шабуылдар ұйымдастырып, қидандарды талқандап, Туванды жеңді. Ал 709-шы жылдардың шамасында Енисейлік Қырғыздарды бағындырды. Содан Шығыс түрік қағанатының қағаны Қапаған бүкіл орталық Азияны билеуге қол жеткізді. Зерттеуші Родлов пен профессор Хирт Хангай мен Алтай арасында Қапағанның Оғыздарға шапқыншылық жасағандығы туралы айтылады. Шығыс

қағанатының шаруашылығы көшпелікке жақын болса, Батыс қағанаты отырықшылыққа жақын болып, қалалар салған. Екі қағанаттың айырмашылығы тек экономикалық шаруашылықта дейді тарихшылар. 3. Күлтегін жазбалары бойынша Құтлық қаған өз өмірінде 47 жорыққа қатысып, оның 20-ына өзі тікелей басшылық жасаған. Ал 29 жорыққа қатысқан Тоныкөк осы уақыт аралығында қытайлармен де, хитаямен де оғыздармен де болған шайқастарда ерен ерлік көрсеткен екен [3].

Білге қаған Шығыс түркі қағандығына 19 жыл патшалық етіп, кейін өз туыстарының қолынан уланып өледі. Қытай деректері бұл уақытты 735-ші жыл деп көрсетеді. Мұнан кейін таққа Білгеқағанның ұлы Ижань отырады. Шығыс түркі қағандығы кезінде түркі әскерлерінің даңқы Ұлы даланы шарлаған. Қағандық өзінің шырқау биігіне көтеріледі. Ғалым Грум Гржимайло: Тоныкөк, Білгеқаған және Күлтегін даңқты түркі елінің ақыры болды. Осы үшеуінің ақыл біріктіруі арқасында түркі елі 20 жыл бойы бейбіт өмір кешті деп көрсеткен. Айлайда көп өзгерістер болады. 741-ші жылы енгри қаған өлген соң бұрынғы түркілерге бағынушы вассалдар, оғыздар, басмылдар, ұйғырлар, қарлұқтар соғыс ашып басшыларды күйретеді. Ал Шығыс Түркі қағанатының соңғы қағаны Озмыш қаған 744-ші жылы ұйғырлардың қолынан қаза табады. Бос қалған қағанның орнына Құл қаған отырып, Ұйғыр мемлекетін құрады. Содан түрік қағанатының негізінде 6 мемлекет пайда болады. Батыста Хазар мемлекеті, Қазақстанның жерінде 3 мемлекет. Олар: Жетісуда – Қарлұқ, Сыр бойында – Оғыздар, Ал Ертіс алқабында – Кимектер мен Қыпшақтар. 5-ші мемлекет Енисей алқабындағы – қырғыздар, ал қазіргі монғолияның жерінде – Ұйғырлар. Осы алты мемлекеттің әлеуметтік-саяси ара салмағы бірдей болып, олар түркі қағанаты негізін қалаған түркілерге тән дәстүрді жалғастыра білді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Махмуд Қашқари. Дивани лұғат-ат-түрк. Ташкент, 1960, 1 том, 44 бет.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алматы, 1992, 77-84 бет.
3. Заман Қазақстан 1995, 17 Наурыз, 8 бет.

«Преемственность – основа эпохального превосходства»

Нурболат Жантелиев – историк, редактор-программ Казахского радио

В статье рассматривается история первого кочевого евразийского государства – Тюркского каганата. В I тысячелетии н.э. началось постепенное изменение этнической среды в евразийских степях, в горах Средней и Центральной Азии. Преобладание здесь все более переходило к тюркоязычным племенам. Ускорение процессов социального развития и территориально-политической консолидации привело во второй половине I тысячелетия к созданию тюркоязычными племенами нескольких крупных государственных образований (каганатов) на территории Южной Сибири, Центральной и Средней Азии, Нижнего Поволжья и Северного Кавказа. В рамках созданных ими объединений завершается процесс становления классов и классового общества у кочевников.

“Succession – the basis of epochal supremacy”

Nurbolat Zhanteliyev, historian, editor of program of Kazakh radio

The article examines the history of the first nomadic Eurasian state- Turkic kaganate. In the first millennium years A.D. there were gradual changes of ethnic environment in Eurasian steppes, in the mountains of Central and Middle Asia. Turkic speaking tribes were predominant here more and more. Speeding of the process of social development and territorial political consolidation has lead in the second half of the first millennium to the creation of Turkic speaking tribes of several large state formations (kaganate) on the territory of South Siberia, Central and Middle Asia, Lower Volga region and North Caucasus. In the framework of created associations the process of establishment of classes and class societies for nomads is ending.

М.С. Машанның рухына

2007 жылдың 28 сәуірінде қазақстанның белгілі ғалымы, саяси ғылымдарының докторы, профессор Мейіржан Серікұлы Машан өмірден озды.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогика институты тарих факультетінің түлегі (1992 ж.), әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың аспирантурасын аяқтағаннан кейін (1993-1996 жж.) Қазақстанның саяси ғылымына келіп, оның айшық бір тұлғасына айналды.

Отызға толмай саяси ғылымдардың докторы болған дарынды ғалым, қысқа ғана ғұмырында ондаған шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз, профессор Мейіржан Серікұлы Машанның есімі еліміздің ғылыми, саяси ортасына жақсы танымал еді. Ғылым жолына түскен жастар да, саяси өмірдің негіздерін түсінем деген көзі ашық, көкірегі ояу азамат та, ел ұстанған бағытты талдап, болашақты болжағысы келген саясаттанушылар да оның еңбектерін аттап өте алмайтын. Себебі, мамандардың пікірінше, оның жүзге жуық ғылыми еңбектері, соның ішінде оннан астам монографиясы бүгінгі саясаттанған қоғамымыздың небір күрделі мәселелері егжей-тегжейлі зерделенген туындылар қатарына жатады.

Саясаттану әлемінде аты ерте танылып, білімі мойындалған ғалымның басы артық эмоциядан таза, орнықты, ойлы пайымдауларына қоғамдық қызу өмірге енді қадам басқан жас саясаткерлер де, өзінен білім-дәрежелері биік тұлғалар да ден қойып, сөздеріне сілтеме жасайтынын әріптестері бүгінде сүйсіне еске алады. Бұл да Мейіржан Машанның осы саланың білгір маманы екендігін айғақтаса керек. Оның пікірлерінің саяси ортада өзіндік салмағы болғанының, оның тұжырымдарына құлақ асып, ғылыми болжамдарына құрметпен қараушылардың қатары жыл өткен сайын көбейе түскені сондықтан да болар. Ғылым саласындағы жетістіктері үшін «Дарын» сыйлығының лауреаты атануы, отыздан енді асқан жігіттің Қазақстанның әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі болып сайлануы да жоғарыда айтылған сөздерді растай түседі.

Бағына қарай, Мейіржанның өзінің бойындағы қабілет-қарымы да көзге түсіп, оның саяси ғылымдағы жолы жемісті болды. Саяси зерттеулер институтына қатардағы ғылыми қызметкер болып келген Мейіржан Машан көп ұзамай-ақ оның директоры болып жоғарылады. Одан кейін уақыт талабына сәйкес құрылып, қазіргі кезде аты белгілі саясаттанушыларды, әлеуметтанушыларды өсіріп шығарған Қазақстан Даму институтының бірінші вице-президенті болып қызмет істеді. Бұдан соң да Мейіржан Серікұлының біліміне, саяси жобаларды жүзеге асыру тәжірибесіне деген сұраныс арта түспесе азайған жоқ. «Стратегия» талдау орталығының директоры ретінде қат-қабат саяси мәселелердің білгіріне айналса, Қазақ Ұлттық техникалық университетінің кафедра меңгерушісі ретінде жас ұрпақтың толымды тәрбиесіне үлес қосты. Ол жетекші болған ғылым кандидаттары мен докторларының өзі бүгінде үлкен бір шоғырға айналды.

Мейіржан мемлекеттік қызметке Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының көмекшісі ретінде келді. Және мемлекеттік органдағы қарбалас, қат-қабат жұмысқа өзіндік стилімен, әдемі әдебімен келді. Бұдан кейін қай жерде қызмет істесе де, қандай қауырт, күрделі жағдайларда болса да бойындағы осы асыл қасиеттерінен айныған жоқ. Қызметі үлкен, лауазымы биік бола тұрып қарапайымдылықтың, биік адамгершіліктің үлгісін көрсетті.

Ол осы жылдың ақпан айында ғана мемлекет Басшысының Жарлығымен ҚР Президенті Қауіпсіздік Кеңесі Ахуалдық орталығының меңгерушісі болып тағайындалып еді. Өкінішке қарай, мезгілсіз келген ажал оның бойындағы терен білімін, жинақтаған мол тәжірибесін көрсетуге мүмкіндік бермей, арамыздан алып кетті. Достары мен әріптестерінің есінде Мейіржан Машан дарынды тұлға ретінде мәңгі қала бермек.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚСЗИ ұжымы